

EPSON

WF-M4619 Series

Пайдаланушы нұсқаулығы

Басып шығару

Көшіру

Сканерлеу

Факсты қолдану

**Принтерге техникалық қызмет
көрсету**

Ақаулықтарды шешу

Мазмұны

Бұл нұсқаулықтың нұсқауы

Нұсқаулықтарға кіріспе.	8
Ақпарат іздеу.	8
Қажетті беттерді ғана басып шығару.	9
Осы нұсқаулық туралы.	9
Белгілер мен таңбалар.	9
Скриншоттар мен суреттердегі жазбалар.	10
Операциялық жүйенің сілтемелері.	10
Сауда белгілері.	11
Авторлық құқық.	11

Маңызды нұсқаулар

Қауіпсіздік нұсқаулары.	14
Сия үшін қауіпсіздік нұсқаулары.	14
Принтердің ұсыныстары және ескертулері.	15
Принтерді орнату бойынша ұсыныстар мен ескертулер.	15
Принтерді пайдалану жөніндегі ұсыныстар мен ескертулер.	16
Сенсорлық экранды пайдалану жөніндегі ұсыныстар мен ескертулер.	16
Интернет қосылу бойынша ұсыныстар мен ескертулер.	16
Принтерді сымсыз қосылыммен пайдалану жөніндегі ұсыныстар мен ескертулер.	17
Принтерді тасымалдау не сақтау бойынша ұсыныстар мен ескертулер.	17
Әкімші құпия сөзіндегі ескертпелер.	17
Әкімші құпиясөзінің әдепкі мәні.	17
Әкімшінің құпия сөзін өзгерту.	18
Әкімші құпия сөзін енгізуді талап ететін операциялар.	18
Әкімшінің құпия сөзін баптандыру.	18
Жеке ақпаратты қорғау.	18

Бөлшек атаулары мен функциялары

Алдыңғы.	20
Іші.	21
Артқы.	22

Басқару тақтасы нұсқаулығы

Басқару тақтасы.	24
Басты экран конфигурациясы.	25
Желі белгішесінің нұсқаулығы.	26
Мәзір экраны конфигурациясы.	27
Таңбаларды енгізу.	28
Анимацияларды көру.	28

Қағазды салу

Қағазды ұстау туралы сақтандырулар.	31
Қағаз өлшемі және түрі параметрлері.	31
Қағаз түрлерінің тізімі.	32
Қағазды салу.	32
Алдын ала тесілген қағазды салу.	33
Ұзын қағаздарды салу.	34

Түпнұсқаларды орналастыру

Түпнұсқаларды орналастыру.	38
ADF құрылғысы қолдау көрсетпейтін түпнұсқалар.	39

Жад картасын салу және алып тастау


Сыртқы USB құрылғысын енгізу және алып тастау.	42
Жад құрылғысындағы деректерді бөлісу.	42

Басып шығару

Құжаттарды басып шығару.	45
Компьютерден басып шығару — Windows.	45
Компьютерден басып шығару — Mac OS.	69
Құжаттарды смарт құрылғылардан басып шығару (iOS).	76
Құжаттарды смарт құрылғылардан басып шығару (Android).	78
Хатқалталарда басып шығару.	79
Компьютерден хатқалталарды басып шығару (Windows).	79
Компьютерден хатқалталарды басып шығару (Mac OS).	80
Фотосуреттерді басып шығару.	80

JPEG файлдарын жад құрылғысынан басып шығару.	80
TIFF файлдарын жад құрылғысынан басып шығару.	81
Веб-беттерді басып шығару.	82
Смарт құрылғыларда веб-беттерді басып шығару.	82
Бұлттық қызмет арқылы басып шығару.	83
Басқару тақтасынан Epson Connect қызметіне тіркелу.	83

Көшіру

Қолжетімді көшіру әдістері.	86
Түпнұсқаларды көшіру.	86
2 жақта көшіру.	86
Үлкейту немесе кішірейту арқылы көшіру.	87
Бірнеше түпнұсқаны бір параққа көшіру.	87
Бет ретін көшіру.	88
Түпнұсқаларды жақсы сапада көшіру.	89
Идентификатор картасын көшіру.	89
Көшіруге арналған негізгі мәзір опциялары.	90
<ul style="list-style-type: none">  (2 жақты): 90  (Интенсивтілік): 90 Идент-қ карта көшірмесі: 90 	
Көшіруге арналған қосымша мәзір опциялары.	90
Қағ.прм.:	90
Масштабт.:	90
Құжат көлемі:	91
Көп бет.:	91
Құжат түрі:	91
Аяқтау:	92
Бағдар (түпн.):	92
Кескін сапасы:	92
Тігу жиегі:	92
Қағ. сыйғызу үшін кі-у:	92
Көлеңкені жою:	92
Тесілген саңыл-ды алу:	92
Барлық параметрлерді өшіру:	93

Сканерлеу

Қолжетімді сканерлеу әдістері.	95
Түпнұсқаларды желі қалтасына сканерлеу.	95
Қалтаға сканерлеуге арналған орын мәзірінің опциялары.	96
Қалтаға сканерлеуге арналған сканерлеу мәзірінің опциялары.	97

Түпнұсқаларды электрондық поштаға сканерлеу.	98
<ul style="list-style-type: none"> Электрондық поштаға сканерлеуге арналған алушы мәзірінің опциялары. 99 Электрондық поштаға сканерлеуге арналған сканерлеу мәзірінің опциялары. 99 	
Түпнұсқаларды компьютерге сканерлеу.	102
Түпнұсқаларды жад құрылғысына сканерлеу.	103
<ul style="list-style-type: none"> Жад құрылғысына сканерлеуге арналған сканерлеу опциялары. 103 Жад құрылғысына сканерлеуге арналған кеңейтілген мәзір опциялары. 104 	
Түпнұсқаларды бұлтқа сканерлеу.	105
<ul style="list-style-type: none"> Бұлтқа сканерлеуге арналған сканерлеу опциялары. 105 Бұлтқа сканерлеуге арналған кеңейтілген мәзір опциялары. 106 	
WSD арқылы сканерлеу.	107
<ul style="list-style-type: none"> WSD портын орнату. 107 	
Түпнұсқаларды смарт құрылғыға сканерлеу.	109

Факсты қолдану

Факс мүмкіндіктерін пайдалану алдында.	111
Осы принтердің факс мүмкіндіктерін қарап шығу.	111
<ul style="list-style-type: none"> Мүмкіндік: факстарды жіберу. 111 Мүмкіндік: факстарды алу. 112 Мүмкіндік: PC-FAX жіберу/алу (Windows/Mac OS). 113 Мүмкіндіктер: Әртүрлі факс есептері. 113 Функция: факс жіберу және қабылдау қауіпсіздігі. 113 Мүмкіндіктер: басқа пайдалы мүмкіндіктер. 114 	
Факстарды принтер көмегімен жіберу.	114
<ul style="list-style-type: none"> Алушыларды таңдау. 115 Факс жіберудің түрлі жолдары. 115 	
Принтерде факстарды қабылдау.	118
<ul style="list-style-type: none"> Кіріс факстарды қабылдау. 118 Телефон қоңырауын шалу арқылы факстарды алу. 120 Принтерде сақталған алынған факстарды СКД экранында көру. 120 	
Факс жіберуге арналған мәзір параметрлері.	121
<ul style="list-style-type: none"> Алушы. 121 	

Факс параметрлері.	122
Қосымша.	124
Кіріс жәшігі параметріне арналған мәзір опциялары.	125
Кіріс қалта/құпия қалт. ашу (XX оқылм.).	125
Басқа факс мүмкіндіктерін пайдалану.	126
Факс есебін қолмен басып шығару.	126
Факсты компьютерден жіберу.	127
Қолданба арқылы жасалған құжаттарды жіберу (Windows).	127
Қолданба арқылы жасалған құжаттарды жіберу (Mac OS).	130
Факстарды компьютерге қабылдау.	131
Жаңа факстарды тексеру (Windows).	132
Жаңа факстарды тексеру (Mac OS).	133
Кіріс факстарды компьютерге сақтайтын мүмкіндіктен бас тарту.	134

Принтерге техникалық қызмет көрсету

Шығын материалдарының күйін тексеру.	136
Басып шығару, көшіру, сканерлеу және факс жіберу сапасын жақсарту.	136
Басып шығару сапасын реттеу.	136
Басып шығару механизмін тексеру және тазалау.	138
Саңылаудың бітелуін болдырмау.	139
Басып шығару механизмін туралау.	139
Қағаздың өту жолын сиямен айғыздалудан тазалау.	140
Сканер әйнегі тазалау.	140
ADF құралын тазалау.	141
Мөлдір пленканы тазалау.	143
Принтерді тазарту.	145
Қуатты үнемдеу.	146
Wi-Fi қосылымын өшіру.	147
Қолданбаларды бөлек орнату немесе жою	147
Қолданбаларды бөлек орнату.	147
Түпнұсқалы Epson принтерін қосу (тек Mac OS үшін).	150
Қолданбаларды жою.	151
Қолданбаларды және микробағдарламаны жаңарту.	152
Принтерді тасымалдау және сақтау.	153

Ақаулықтарды шешу

Принтер күтілгендей жұмыс істемейді.	158
Принтер қосылмайды немесе өшпейді.	158

Қуат автоматты түрде өшеді.	158
Қағаз дұрыс берілмейді.	159
Басып шығару мүмкін емес.	162
Сканерлеуді бастау мүмкін емес.	182
Факстарды жіберу немесе қабылдау мүмкін емес.	195
Принтерді күтілгендей пайдалану мүмкін емес.	210
СКД экранында хабар көрсетіледі.	215
Қағаз кептеліп қалады.	216
Қағаз кептелістерін болдырмау.	216
Сия деңгейлерін ауыстыру уақыты келді.	217
Сия картриджын ұстау туралы сақтандырулар.	217
Сия картридждарын ауыстыру.	219
Пайдаланылған сия қорабын ауыстыру уақыты келді.	220
Пайдаланылған сия қорабын пайдалану бойынша сақтандырулар.	220
Қолданылған сияға арналған қорапты ауыстыру.	221
Басып шығару, көшіру, сканерлеу және факс жіберу сапасы нашар.	222
Басып шығару сапасы нашар.	222
Көшіру сапасы нашар.	229
Сканерленген сурет ақаулары.	236
Жіберілген факстың сапасы нашар.	238
Алынған факс сапасы нашар.	240
Мәселені шешу мүмкін емес.	241
Басып шығару мәселелерін шешу мүмкін емес.	241

Компьютерді немесе құрылғыларды қосу не ауыстыру

Бағдарламалық жасақтамасы бар диск қолжетімді болмағанда.	244
Компьютерді ауыстыру кезінде.	244
Желі қосылымын қайта реттеу.	244
Компьютерге жалғауға арналған реттеулерді жасау.	244
Смарт құрылғыға жалғауға арналған реттеулерді жасау.	245
Басқару тақтасынан Wi-Fi реттеулерін жасау.	245
Принтер желі байланысының күйін тексеру (Желі қосылымының есебі).	248
Желі қосылымының есебіндегі хабарлар және шешімдер.	249

Смарт құрылғы мен принтерді тікелей жалғау (Wi-Fi Direct).....	254
Wi-Fi Direct туралы.....	254
Wi-Fi Direct көмегімен құрылғыларға қосылу.....	255
Wi-Fi Direct (қарапайым AP) қосылымын ажырату.....	257
SSID сияқты Wi-Fi Direct (қарапайым AP) параметрлерін өзгерту.....	257
Принтер қосылымын қосу немесе өзгерту..	258
Принтерді бірнеше компьютерлерде орнату.....	258
Wi-Fi қосылымынан USB қосылымына өзгерту.....	259
Wi-Fi қосылымынан сымды LAN қосылымына өзгерту.....	260
Принтердің статикалық IP мекенжайын орнату.....	260

Құжат туралы ақпарат

Қағаз ақпараты.....	263
Қолжетімді қағаз және сыйымдылықтар.	263
Жарамсыз қағаз түрлері.....	265
Шығын материалдары өнімдерінің ақпараты.....	265
Сия картриджінің кодтары.....	265
Қызмет көрсету жәшігі коды.....	266
Бағдарламалық құрал туралы ақпарат....	266
Басып шығаруға арналған бағдарламалық құрал.....	266
Сканерлеуге арналған бағдарламалық құрал.....	270
Факс жіберуге арналған бағдарламалық құрал.....	270
Қаптама жасауға арналған бағдарламалық құрал.....	272
Реттеулер жасауға немесе құрылғыларды басқаруға арналған бағдарламалық құрал.....	272
Жаңартуға арналған бағдарламалық құрал.....	275
Параметрлер мәзірі тізімі.....	276
Жалпы параметрлер.....	276
Жеткізу күйі.....	294
Қызмет көрсету.....	295
Басып шығару күйінің парағы.....	296
Басып шығару есептеуіші.....	296
Есептер.....	296
Пайдаланушы параметрлері.....	296
Тұтынушылар арасындағы зерттеу.....	297

Әдепкі парам. қалп. келтіру.....	298
Микробағдарлама жаңартуы.....	298
Өнімнің техникалық сипаттамалары.....	299
Принтердің техникалық сипаттамалары.	299
Сканердің техникалық сипаттамалары...	299
ADF техникалық сипаттамалары.....	300
Факс сипаттамалары.....	300
Принтерге арналған портты пайдалану..	301
Интерфейстің техникалық сипаттамалары.....	302
Желінің техникалық сипаттамалары....	303
Қолдау көрсетілетін үшінші тарап қызметтері.....	305
Жад құрылғысының техникалық сипаттамалары.....	305
Қолданылған деректер спецификациясы	306
Өлшемділіктер.....	306
Электрлік техникалық сипаттамалары...	307
Қоршаған орта сипаттамалары.....	307
Орнату орны және кеңістігі.....	308
Жүйе талаптары.....	308
Заңға қатысты ақпарат.....	309
Стандарттар және мақұлдаулар.....	309
Көшіру шектеулері.....	310

Әкімші туралы ақпарат

Принтерді желіге жалғау.....	312
Желі қосылымын жасау алдында.....	312
Басқару тақтасынан желіге жалғау.....	314
Принтерді пайдалану реттеулері.....	316
Басып шығару функцияларын пайдалану.....	316
AirPrint орнату.....	324
Пошта серверін конфигурациялау.....	324
Ортақ пайдаланылған желі қалтасын орнату.....	328
Контактілерді қолжетімді ету.....	347
Сканерлеуге дайындау.....	354
Факс мүмкіндіктерін қолжетімді ету.....	356
Принтерге арналған негізгі жұмыс реттеулерін жасау.....	367
Реттеулерді жасағандағы проблемалар..	371
Принтерді басқару.....	372
Желі қосылымын басқару.....	372
Әкімші параметрлері.....	377
Сыртқы интерфейсін ажырату.....	378
Қашықтағы принтерді бақылау.....	379
Құпия сөзді шифрлау.....	380
Іске қосу кезінде бағдарлама тексеруін іске қосу.....	380

Параметрлердің сақтық көшірмесін жасау.	380
Кеңейтілген қауіпсіздік параметрлері.	382
Қауіпсіздік параметрлері және қауіптің алдын алу.	382
Параметр орнату элементтері.	383
Сандық куәлікті пайдалану.	386
Принтермен SSL/TLS байланысы.	392
Кеңейтілген қауіпсіздікке арналған проблемаларды шешу.	394

Қолдау көрсету қызметі

Техникалық қолдау көрсету веб-торабы. . .	400
Еpson қолдау көрсету орталығына хабарласу.	400
Еpson компаниясына хабарласу алдында.	400
Еуропадағы пайдаланушыларға көмек. . .	401
Тайваньдағы пайдаланушылар үшін анықтама.	401
Австралиядағы пайдаланушыларға көмек.	401
Жаңа Зеландиядағы пайдаланушыларға көмек.	402
Сингапурдағы пайдаланушыларға көмек	402
Тайландтағы пайдаланушыларға көмек. .	403
Вьетнамдағы пайдаланушыларға көмек. .	403
Индонезиядағы пайдаланушыларға көмек.	403
Гонконгтағы пайдаланушыларға көмек. .	404
Малайзиядағы пайдаланушыларға көмек.	404
Үндістандағы пайдаланушыларға көмек.	405
Филиппиндегі пайдаланушыларға көмек	405

Бұл нұсқаулықтың нұсқауы

Нұсқаулықтарға кіріспе.	8
Ақпарат іздеу.	8
Қажетті беттерді ғана басып шығару.	9
Осы нұсқаулық туралы.	9
Сауда белгілері.	11
Авторлық құқық.	11

Нұсқаулықтарға кіріспе

Келесі нұсқаулықтар Epson принтерімен бірге беріледі. Нұсқаулықтардағыдай принтердің өзіндегі немесе Epson бағдарламалық құралының қолданбаларындағы әртүрлі анықтамалық ақпарат түрлерін тексеріңіз.

❑ Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары (қағаз нұсқаулық)

Принтердің қауіпсіз қолданылуын қамтамасыз ету үшін нұсқаулары берілген.

❑ Осы жерден бастаңыз (қағаз нұсқаулық)

Принтерді реттеу және бағдарламалық жасақтаманы орнатуға қатысты ақпаратпен қамтиды.

❑ Пайдаланушы нұсқаулығы (цифрлық нұсқаулық)

Осы нұсқаулық. Бұл нұсқаулық PDF және веб-нұсқаулық ретінде қолжетімді. Принтерді желіде пайдаланғанда принтерді пайдалану, желі параметрлері және проблемаларды шешу туралы жалпы ақпаратты және нұсқауларды береді.

Келесі әдістермен жоғарыдағы нұсқаулықтардың ең соңғы нұсқаларын ала аласыз.

❑ Қағаз нұсқаулық

Epson Еуропа қолдау веб-сайтына <http://www.epson.eu/support> мекенжайы бойынша немесе Epson дүниежүзілік қолдау веб-сайтына <http://support.epson.net/> мекенжайы бойынша кіріңіз.

❑ Цифрлық нұсқаулық

Веб-нұсқаулықты көру үшін, келесі веб-сайтқа өтіңіз, өнім атауын енгізіңіз және **Қолдау** бөліміне өтіңіз.


<https://epson.sn>

Ақпарат іздеу

PDF нұсқаулығы ізделіп жатқан ақпаратты кілт сөз арқылы іздеуге немесе бетбелгіні пайдалану арқылы белгілі бір бөлімдерге тікелей өтуге мүмкіндік береді. Бұл бөлімде компьютеріңіздегі Adobe Acrobat Reader DC қолданбасында ашылған PDF нұсқаулығын пайдалану әдісі түсіндіріледі.

Кілт сөз бойынша іздеу


Өңдеу > Кеңейтілген іздеу тармағын басыңыз. Іздеу терезесінде табу керек ақпараттың кілт сөзін (мәтін) енгізіп, **Іздеу** түймесін басыңыз. Сәйкестіктер тізіммен беріледі. Көрсетілген сәйкестіктердің бетіне өту үшін, олардың бірін басыңыз.



Бетбегілерден тікелей өту

Сол бетке өту үшін, тақырыпты басыңыз. Сол бөлімдегі ең төменгі деңгей тақырыптарын көру үшін + немесе > түймесін басыңыз. Алдыңғы бетке оралу үшін, пернетақтада келесі әрекетті орындаңыз.


- Windows: **Alt**, пернесін басып тұрып, ← пернесін басыңыз.
- Mac OS: пәрмен пернесін басып тұрып, ← пернесін басыңыз.



Қажетті беттерді ғана басып шығару

Қажетті беттерді ғана шығарып алып, басып шығаруға болады. **Файл** мәзірінен **Басып шығару** түймесін басып, **Басып шығарылатын беттер** ішіндегі **Беттер** бөлімінде басып шығарылатын беттерді көрсетіңіз.

- Қатар тұрған беттерді көрсету үшін, бастапқы бет пен соңғы бет арасына сызықша қойыңыз.
Мысалы: 20-25
- Қатар тұрмаған беттерді көрсету үшін, беттерді үтірмен бөліңіз.
Мысалы: 5, 10, 15



Осы нұсқаулық туралы

Бұл бөлімде осы нұсқаулықта пайдаланылған белгілер мен таңбалардың мағынасы, сипаттамалардағы ескертпелер және операциялық жүйенің анықтамалық ақпараты сипатталады.

Белгілер мен таңбалар



Абайлаңыз:

Дене жарақатын болдырмау үшін нұсқауларды мұқият орындау керек.

! **Маңызды:**

Жабдықты зақымдауды болдырмау үшін нұсқауларды орындау керек.

Ескертпе:

Қосымша және анықтамалық ақпаратпен қамтамасыз етеді.

Қатысты ақпарат

➔ Қатысты бөлімдерге байланысты.

▶ Пайдалану нұсқауларының Веб бейне нұсқаулықтары құралын береді. Қатысты ақпарат сілтемесін қараңыз.

Скриншоттар мен суреттердегі жазбалар

- Принтер драйверінің скриншоттары Windows 10 немесе macOS High Sierra жүйесінен алынған (10.13). Экрандарда бейнеленген мазмұн үлгіге және жағдайға байланысты өзгереді.
- Осы нұсқаулықта пайдаланылған суреттер жай мысалдар болып табылады. Үлгіге байланысты азғантай айырмашылықтар болуы мүмкін болғанымен пайдалану әдісі бірдей.
- СҚД экранындағы кейбір мәзір элементтері үлгіге және параметрлерге байланысты өзгеріп отырады.
- Арнайы қолданбаның көмегімен QR кодын оқуға болады.

Операциялық жүйенің сілтемелері

Windows

Осы нұсқаулықтағы «Windows 11», «Windows 10», «Windows 8.1», «Windows 8», «Windows 7», «Windows Vista», «Windows XP», «Windows Server 2022», «Windows Server 2019», «Windows Server 2016», «Windows Server 2012 R2», «Windows Server 2012», «Windows Server 2008 R2», «Windows Server 2008», «Windows Server 2003 R2» және «Windows Server 2003» сияқты элементтер келесі операциялық жүйелерге қатысты. Оған қоса, «Windows» барлық нұсқаларға қатысты пайдаланылады.

- Microsoft® Windows® 11 операциялық жүйесі
- Microsoft® Windows® 10 операциялық жүйесі
- Microsoft® Windows® 8.1 операциялық жүйесі
- Microsoft® Windows® 8 операциялық жүйесі
- Microsoft® Windows® 7 операциялық жүйесі
- Microsoft® Windows Vista® операциялық жүйесі
- Microsoft® Windows® XP операциялық жүйесі
- Microsoft® Windows® XP Professional x64 Edition операциялық жүйесі
- Microsoft® Windows Server® 2022 операциялық жүйесі

- ❑ Microsoft® Windows Server® 2019 операциялық жүйесі
- ❑ Microsoft® Windows Server® 2016 операциялық жүйесі
- ❑ Microsoft® Windows Server® 2012 R2 операциялық жүйесі
- ❑ Microsoft® Windows Server® 2012 операциялық жүйесі
- ❑ Microsoft® Windows Server® 2008 R2 операциялық жүйесі
- ❑ Microsoft® Windows Server® 2008 операциялық жүйесі
- ❑ Microsoft® Windows Server® 2003 R2 операциялық жүйесі
- ❑ Microsoft® Windows Server® 2003 операциялық жүйесі

Mac OS

Осы нұсқаулықта «Mac OS» термині Mac OS X 10.9.5 немесе одан кейінгі нұсқасына және macOS 11 немесе одан кейінгі нұсқасына қатысты қолданылады.

Сауда белгілері

- ❑ EPSON® — тіркелген сауда белгісі, ал EPSON EXCEED YOUR VISION немесе EXCEED YOUR VISION — Seiko Epson Corporation компаниясының сауда белгісі.
- ❑ QR Code is a registered trademark of DENSO WAVE INCORPORATED in Japan and other countries.
- ❑ Microsoft®, Windows®, Windows Server®, and Windows Vista® are registered trademarks of Microsoft Corporation.
- ❑ Apple, Mac, macOS, OS X, Bonjour, ColorSync, Safari, AirPrint, iPad, iPhone, iPod touch, iBeacon, and App Store are trademarks of Apple Inc., registered in the U.S. and other countries.
- ❑ Use of the Works with Apple badge means that an accessory has been designed to work specifically with the technology identified in the badge and has been certified by the developer to meet Apple performance standards.
- ❑ Chrome, Chrome OS, Google Play and Android are trademarks of Google LLC.
- ❑ Adobe, Acrobat, and Reader are either registered trademarks or trademarks of Adobe in the United States and/or other countries.
- ❑ Firefox is a trademark of the Mozilla Foundation in the U.S. and other countries.
- ❑ Mopria® and the Mopria® Logo are registered and/or unregistered trademarks and service marks of Mopria Alliance, Inc. in the United States and other countries. Unauthorized use is strictly prohibited.
- ❑ Жалпы ескертпе: осында пайдаланылған басқа өнім атаулары анықтау мақсаттарына арналған және өз иелерінің сауда белгілері болуы мүмкін. Epson осы таңбалардың кез келген және барлық құқықтарынан бас тартады.

Авторлық құқық

Seiko Epson Corporation алдын ала жазбаша келісімінсіз осы өнімнің ешқандай бөлігін электрондық, механикалық, фотокошіру, жазу жолдарымен қайта шығаруға, қалпына келтіру жүйесіне сақтауға немесе басқа пішінде не басқа жолмен өткізуге болмайды. Осы құжаттағы ақпаратты пайдалануға қатысты патенттік заңнаманы бұзу болып табылмайды. Осы құжаттағы

ақпаратты пайдалану салдарынан болған зақымдарға жауапты болмайды. Мұнда қамтылған ақпарат осы Epson өнімімен пайдалануға ғана арналған. Epson компаниясы осы ақпараттың басқа өнімдерге қолданылуына жауапты емес.

Seiko Epson Corporation компаниясы және бөлімшелері апаттық жағдайда, осы өнімді дұрыс пайдаланбау немесе қиянат ету, рұқсатсыз өзгерту, жөндеу немесе өнімге өзгерістер енгізу салдарынан болатын зақымдарға, залалдарға, қаражат жұмсауға не шығындарға немесе (АҚШ-ты қоспағанда) Seiko Epson Corporation компаниясының пайдалану және қызмет көрсету нұсқаулықтарының қатаң сақталмауына осы өнімді сатып алушы немесе үшінші тарап алдында жауапты болмайды.

Seiko Epson Corporation компаниясы және оның бөлімшелері Epson компаниясының түпнұсқа өнімдері немесе Seiko Epson Corporation компаниясы мақұлдаған Epson өнімдері болып табылмайтын кез келген функцияларды немесе шығыс материалдарын пайдалану салдарынан болатын кез келген зақымдарға немесе ақауларға жауап болмайды.

Seiko Epson Corporation Epson бекітілген өнімдері деп танығаннан басқа интерфейс кабельдерін пайдаланудан болатын электромагниттік кедергіден туындаған қандай да бір зақымдарға Seiko Epson Corporation компаниясы жауапкершілік алмайды.

© 2023 Seiko Epson Corporation

Осы нұсқаулықтың мазмұны және өнімнің сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Маңызды нұсқаулар

Қауіпсіздік нұсқаулары.	14
Принтердің ұсыныстары және ескертулері.	15
Әкімші құпия сөзіндегі ескертпелер.	17
Жеке ақпаратты қорғау.	18

Қауіпсіздік нұсқаулары

Бұл принтердің қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ету үшін осы нұсқауларды оқып, орындаңыз. Болашақта пайдалану үшін осы нұсқаулықты сақтап қойыңыз. Сондай-ақ, принтерде көрсетілген барлық ескертулер мен нұсқауларды орындаңыз.

- Сіздің принтеріңізде қолданылған белгілердің кейбірі қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, принтерді дұрыс пайдалануға көмектеседі. Бұл белгілердің мағынасын түсіну үшін мына веб-сайтқа кіріңіз.
<http://support.epson.net/symbols/>
- Принтермен берілген қуат сымын ғана пайдаланыңыз және сымды басқа жабдықтармен қолданбаңыз. Принтермен басқа сымдарды пайдалану немесе берілген қуат сымын басқа жабдықпен пайдалану өрттің шығуына немесе электр тогының соғуына себеп болуы мүмкін.
- Айнымалы ток адаптерінің қуат сымы қатысты қауіпсіздік стандартына сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Принтердің нұсқаулығында нақты сипатталған жерлерден басқа қуат сымын, ашаны, принтер құрылғысын, сканер құрылғысын немесе басқа опцияларды өз бетіңізбен бөлшектеуге, өзгертуге немесе жөндеуге әрекеттенбеңіз.
- Принтерді ажыратып, келесі жағдайларда білікті маманға жөндетіңіз:
Қуат сымы немесе аша зақымдалғанда; принтерге сұйық зат кіргенде; принтер жерге түсірілгенде немесе корпусы зақымдалғанда; принтер қалыпты жұмыс істемегенде немесе өнімділігі айқын өзгергенде. Пайдалану нұсқауларында қамтылмаған реттеулерді орындамаңыз.
- Принтерді ашасы оңай қосылатын электр розеткасының жанына орналастырыңыз.
- Принтерді сыртқа, қатты кір немесе шаң жерге, судың, ыстық көздер бар жерге немесе соққы, діріл, жоғары температура немесе ылғал жерлерге орналастырмаңыз.
- Принтерге сұйық зат төгіп алмаңыз немесе принтерді дымқыл қолдарыңызбен қолданбаңыз.
- Принтерді кардиостимуляторлардан ең кемінде 22 см қашық сақтаңыз. Бұл принтерден шыққан радио толқындар кардиостимуляторлардың жұмысына кері әсерін тигізеді.
- Егер СКД экраны зақымдалса, дилеріңізге хабарласыңыз. Егер сұйық кристал қолыңызға тисе, қолыңызды сабындап жуыңыз. Егер сұйық кристал көзіңізге тисе, көзіңізді дереу сумен шайыңыз. Егер жақсылап шайғаннан кейін де ыңғайсыз немесе көру ақаулары болса, дереу дәрігерге қаралыңыз.
- Күн күркіреген кезде телефонды пайдалануға болмайды. Найзағайдан электр тогының соғу қаупі болуы мүмкін.
- Жылыстауға жақын жерде жылыстау туралы хабарлау үшін телефонды пайдаланбаңыз.

Сия үшін қауіпсіздік нұсқаулары

- Қолданылған сия картридждерін ұстаған кезде абай болыңыз, себебі сия беру портының айналасында сия болуы мүмкін.
 - Егер сия теріңізге тисе, тиген жерді сабындап жуыңыз.
 - Егер сия көзіңізге тисе, дереу сумен жуып тастаңыз. Жақсылап жуғаннан кейін де ыңғайсыздық немесе көру қиындықтары туындаса, дереу дәрігерге қаралыңыз.
 - Егер аузыңызға сия кірсе, дереу дәрігерге қаралыңыз.

- Сия картриджін және техникалық қызмет көрсету қорабын бөлшектемеңіз; әйтпесе, сия көзіңізге немесе теріңізге тиіп кетуі мүмкін.
- Сия картридждерін тым қатты шайқамаңыз немесе түсіріп алмаңыз. Оған қоса, оларды қыспаңыз немесе жапсырмаларын жыртпаңыз. Солай жасау сияның ағуына себеп болуы мүмкін.
- Сия картридждерін және техникалық қызмет көрсету қорабын балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.



Принтердің ұсыныстары және ескертулері

Принтерді немесе мүліктеріңізді зақымдамау үшін мына нұсқауларды оқыңыз және орындаңыз. Нұсқаулықты келешекте пайдалану үшін сақтап қойыңыз.

Принтерді орнату бойынша ұсыныстар мен ескертулер

- Принтердегі желдеткіш тесіктерді және саңылауларды бітемеңіз немесе жаппаңыз.
- Принтердің белгісінде көрсетілген қуат көзін ғана пайдаланыңыз.
- Фото көшіру құрылғылары немесе ауа ағынын басқаратын жүйелер үнемі қосылып не өшіп тұратындықтан, розеткаларды бір тізбекте пайдаланбаңыз.
- Қабырға ток аударғыштар немесе автоматты таймерлер арқылы басқарылатын электр розеткаларын пайдаланбаңыз.
- Бүкіл компьютер жүйесін дауыс зорайтқыштар немесе сымсыз телефондардың негізгі блогы сияқты электромагниттік кедергілердің ықтимал көздерінен қашық сақтаңыз.
- Қуат сымын үйкелмейтін, кесілмейтін, тозбайтын, майыспайтын және ширатылмайтын жерге орналастырыңыз. Қуат сымының үстіне заттар қоймаңыз және қуат сымының басылуына немесе езілуіне жол бермеңіз. Барлық қуат сымдарының ұшын және оны электр тогын өңдегішке кіретін және шығатын жағын тік ұстауға аса назар аударыңыз.
- Егер принтермен ұзартқыш сым пайдалансаңыз, ұзартқыш сымға қосылған құрылғылардың жалпы номиналды тогы сымның номиналды тогынан аспайтынына көз жеткізіңіз. Оған қоса, қабырғалық розеткаға қосылған барлық құрылғылардың жалпы номиналды тогы қабырғалық розетканың номиналды тогынан аспайтынына көз жеткізіңіз.
- Егер принтерді Германияда пайдалануды жоспарласаңыз, ғимаратта принтерді қысқа тұйықталудан және тоқтың шамадан тыс жүктелуінен қорғайтын 10 немесе 16 амперлік ажыратқыш болуы тиіс.
- Принтерді компьютерге немесе басқа құрылғыға кабельмен жалғаған кезде, қосқыштары дұрыс бағытта екеніне көз жеткізіңіз. Әрбір қосқышта тек бір дұрыс бағыты бар. Қосқыштарды бұрыс бағытпен енгізу кабельмен жалғанған құрылғыларды зақымдауы мүмкін.
- Принтерді барлық бағытта оның негізінен асатын тегіс, тұрақты бетке орналастырыңыз. Принтер қисайып тұрса, дұрыс жұмыс істемейді.
- Құжат қақпағын толығымен көтере алу үшін принтердің жоғарғы жағында бос орын қалдырыңыз.
- Қағаз толығымен шығуы үшін принтердің алдыңғы жағында жеткілікті бос орын қалдырыңыз.
- Температурасы немесе ылғалдылығы жылдам ауысатын жерлерге орналастырмаңыз. Оған қоса, принтерді тікелей күн сәулесі, қатты жарық көздері немесе жылу көздерінен сақтаңыз.

Принтерді пайдалану жөніндегі ұсыныстар мен ескертулер

- Принтердегі ұяларға заттар салмаңыз.
- Басып шығару барысында қолыңызды принтердің ішіне салмаңыз.
- Принтердің ішіндегі ақ жалпақ кабельді ұстамаңыз.
- Құрамында тез тұтанатын газы бар аэрозольді өнімдерді принтердің ішіне немесе айналасында қолданбаңыз. Солай жасау өртке себеп болуы мүмкін.
- Басып шығару механизмін қолмен қозғалтпаңыз; әйтпесе принтерді зақымдауыңыз мүмкін.
- Сканер құрылғысын жапқанда саусақтарыңызды қысып алмаңыз.
- Түпнұсқаларды қойған кезде Сканер әйнегі үстіне қатты баспаңыз.
- Принтерді әрдайым  түймесінің көмегімен өшіріңіз. Принтерді  жарығының жыпылықтауы тоқтағанға дейін розеткадан ажыратпаңыз немесе қуатын өшірмеңіз.
- Егер принтерді ұзақ уақыт бойы пайдаланбайтын болсаңыз, қуат сымын электр розеткасынан ажыратып қойыңыз.

Сенсорлық экранды пайдалану жөніндегі ұсыныстар мен ескертулер

- СҚД экранында бірнеше кішкентай ашық немесе күңгірт дақтары болуы мүмкін, осы функцияның әсерінен анық емес ажыратымдылық болуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай болғандықтан оны зақымдалған деп ойламаңыз.
- Тазалау үшін тек құрғақ, жұмсақ шүберекті пайдаланыңыз. Сұйық немесе химиялық тазартқыштарды пайдаланбаңыз.
- Сенсорлық экранның сыртқы қақпағы қатты соққы алса, сынып кетуі мүмкін. Панельдің беткі жағы сынса немесе жарылса, сынған бөлшектерді ұстамаңыз немесе өз бетіңізбен жоймаңыз.
- Сенсорлы экранды саусағыңызбен жайлап басыңыз. Тырнағыңызбен қатты баспаңыз немесе пайдаланбаңыз.
- Операцияларды орындау үшін шарлы қаламсап немесе үшкір карандаштарды пайдаланбаңыз.
- Сенсорлық экранның ішіндегі конденсация температураның немесе ылғалдылықтың кенет өзгеруі өнімділіктің нашарлауына себеп болуы мүмкін.

Интернет қосылу бойынша ұсыныстар мен ескертулер

Бұл құрылғыны интернетке тікелей қоспаңыз. Оны роутер немесе брандмауэрмен қорғалған желіге қосыңыз.

Принтерді сымсыз қосылыммен пайдалану жөніндегі ұсыныстар мен ескертулер

- ❑ Принтердің радио толқындары медициналық электрондық құралдарды зақымдап, олардың жұмысына теріс әсер етуі мүмкін. Бұл принтерді медициналық мекемелерде немесе медициналық құралдың жанында пайдаланған кезде мекемеге жауапты уәкілетті тұлғаның нұсқауларын сақтаңыз және медициналық құралдың барлық ескертулері мен нұсқауларына сүйеніңіз.
- ❑ Бұл принтердің радио толқындары автоматты есіктер немесе өрт дабылы секілді автоматты басқарылатын құрылғылардың жұмысына кері әсер етіп, ақау салдарынан оқыс оқиғаға әкелуі мүмкін. басқарылатын құрылғылардың жұмысына кері әсер етіп, ақау салдарынан оқыс оқиғаға әкелуі мүмкін. Бұл принтерді автоматты басқарылатын құрылғылардың жанында пайдаланған кезде сол құрылғылардың барлық ескертулері мен нұсқауларына сүйеніңіз.

Принтерді тасымалдау не сақтау бойынша ұсыныстар мен ескертулер

- ❑ Принтерді сақтағанда немесе тасымалдағанда, оны еңкейтпеңіз, тігінен қоймаңыз немесе төңкермеңіз; әйтпесе, сия ағуы мүмкін.
- ❑ Принтерді тасымалдаудан бұрын басып шығару басы бастапқы күйде (оң жақ шетте) екеніне көз жеткізіңіз.


Әкімші құпия сөзіндегі ескертпелер

Бұл принтер желіге қосылу кезінде өнімде сақталған құрылғы параметрлері мен желі параметрлеріне рұқсатсыз кірудің немесе өзгертулердің алдын алу үшін әкімші құпия сөзін орнатуға мүмкіндік береді.

Әкімші құпиясөзінің әдепкі мәні

Әкімші құпия сөзінің әдепкі мәні өнімнің өзінде көрсетілген жапсырмада (көрсетілгендей) басып шығарылады. Жапсырма бекітілетін орын қақпағы ашылатын жағы, артқы жағы немесе астыңғы жағы сияқты өнімге байланысты болады.

Төмендегі суретте принтердің қақпағы ашылатын жағында жапсырманы бекіту орнының үлгісі берілген.



Екі (1) және (2) жапсырмасы бекітілсе, (1) жапсырмасында жазылған PASSWORD жанындағы мән әдепкі мән болып табылады. Бұл мысалда әдепкі мән — 03212791.

Тек (2) жапсырмасы бекітілсе, (2) жапсырмасында басып шығарылған сериялық нөмір әдепкі мән болып табылады. Бұл мысалда әдепкі мән — X3B8153559.

Әкімшінің құпия сөзін өзгерту

Оны принтердің басқару панелінен Web Config бағдарламасынан өзгертуге болады. Құпия сөзді өзгерту кезінде, оны кемінде 8 бір байттық әріп-сандық таңбалар мен белгілер арқылы орнатыңыз.

Әкімші құпия сөзін енгізуді талап ететін операциялар

Келесі операцияларды орындау кезінде әкімші құпия сөзін енгізу сұралса, принтерде орнатылған әкімші құпия сөзін енгізіңіз.

- Принтердің микробағдарламасын компьютерден немесе смарт құрылғыдан жаңарту кезінде
- Web Config кеңейтілген параметрлеріне кіру кезінде
- Принтер параметрлерін өзгерте алатын факс қызметтік бағдарламасы сияқты қолданбаны пайдаланып орнату кезінде.

Әкімшінің құпия сөзін баптандыру

Желі параметрлерін баптандыру арқылы әкімші құпия сөзін әдепкі параметрлерге қайтаруға болады.

Қатысты ақпарат

➔ ["Әдепкі парам. қалп. келтіру" бетте 298](#)


Жеке ақпаратты қорғау

Егер принтерді біреуге берсеңіз немесе жойсаңыз, басқару тақтасында **Параметрлер > Әдепкі парам. қалп. келтіру > Барлық деректер мен параметрлерді өшіру** тармағын таңдау арқылы принтер жадында сақталған бүкіл жеке ақпаратты өшіріңіз.


Бөлшек атаулары мен функциялары

Алдыңғы.....	20
Іші.....	21
Артқы.....	22

Алдыңғы




1	ADF (Автоматты құжат беру құралы) қақпағы	ADF ішінде кептелген түпнұсқаларды алған кезде ашыңыз.
2	ADF кіріс науасы	Түпнұсқаларды автоматты түрде береді.
3	ADF жиек бағыттағышы	Түпнұсқаларды принтерге тікелей береді. Түпнұсқалардың жиегіне сырғытыңыз.
4	ADF құжатын ұстау	A4 өлшемінен артық түпнұсқаларды қолдайды.
5	ADF шығыс науасы	ADF ішінен шығарылған түпнұсқаларды ұстайды.
6	Қағаз кассетасы	Қағазды салады.




1	Шығыс науасы	Шыққан қағазды ұстайды.
2	Жиек бағыттағышы	Қағазды тікелей принтерге береді. Қағаздың жиектеріне сырғытыңыз.

3	Қағаз кассетасы	Қағазды салады.
---	-----------------	-----------------




1	Құжат қабы	Сканерлеу барысында сыртқы шамды бұғаттайды.
2	Сканер әйнегі	Түпнұсқаларды қойыңыз. Хатқалталар немесе қалың кітаптар сияқты АҚБ құрылғысынан берілмейтін түпнұсқаларды қоюға болады.
3	Басқару тақтасы	Принтерде реттеулер жасауға және әрекеттер орындауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ принтердің күйін көрсетеді.
4	Сыртқы интерфейс USB порты	Жад құрылғыларын қосады.

Іші



❶	Сканер элементі	Орналастырылған түпнұсқаларды сканерлейді. Сия картриджін ауыстырғанда немесе принтердің ішінде кептелген қағазды шығарған кезде ашыңыз.
❷	Сия картриджін ұстағыш	Сия картриджын орнатыңыз. Астындағы басып шығару механизмі шүмектерінен сия шығарылады.

Артқы




❶	Пайдаланылған сия қорабының қақпағы	Сияға арналған қорапты ауыстыру кезінде алып тастаңыз. Сияға арналған қорап — тазалау немесе басып шығару барысында өте аз мөлшерде артық сияны жинайтын контейнер.
❷	Артқы қақпақ	Кептелген қағазды шығарған кезде алыңыз.
❸	LAN порты	LAN кабелі қосылады.
❹	USB порты	Компьютерге жалғау үшін USB кабелін жалғайды.
❺	Айнымалы ток кірісі	Қуат сымын қосады.
❻	LINE порты	Телефон желісін қосады.
❼	EXT. порты	Сыртқы телефон құрылғыларын қосады.

Басқару тақтасы нұсқаулығы


Басқару тақтасы.	24
Басты экран конфигурациясы.	25
Мәзір экраны конфигурациясы.	27
Таңбаларды енгізу.	28
Анимацияларды көру.	28

Басқару тақтасы



1	<p>Принтерді қосады немесе өшіреді. Қуат шамы өшірілгенін тексергеннен кейін, қуат кабелін ажыратыңыз.</p>
2	<p>Жеткізу күйі экранын көрсетеді. Болжалды сия деңгейлерін және техникалық қызмет көрсету қорабының болжалды қызмет көрсету мерзімін тексеруге болады. Сондай-ақ сия картриджін ауыстыруға немесе Ресурс күйінің парағы басып шығаруға болады.</p>
3	<p>Желі қосылым параметрлері экранын көрсетеді. Ағымдағы параметрлерді тексеріп, өзгерту үшін белгішені түртіңіз.</p>
4	<p>Дыбыс параметрлері экранын көрсетеді. Дыбысын өшіру және Тыныш режимі параметрін орнатуға болады. Сондай-ақ, Дыбыс мәзіріне осы экраннан кіруге болады.</p>
5	<p>Алдын ала орнату бөліміне тіркелген параметрлердің тізімін көрсетеді. Жаңа таңдаулы параметрлерді де тіркеуге болады.</p>
6	<p>Әлі оқылмаған, басып шығарылмаған немесе сақталмаған алынған құжаттар принтер жадында сақталған кезде қосылады.</p>
7	<p>Негізгі экранды көрсетеді.</p>
8	<p>Мәзірлер мен хабарларды көрсетеді. Басқару тақтасының бұрышын өзгертуге болады. Белгілі бір уақыт аралығында ешқандай әрекет орындалмаған кезде, принтер ұйқы режиміне өтіп, дисплей өшеді. Дисплейді қосу үшін, сенсорлық экранның кез келген жерін түртіңіз. Ағымдағы параметрлерге байланысты, қуат түймесін бассаңыз, принтерді ұйқы режимінен оятады.</p>
9	<p>Анықтама экранын көрсетеді. Осы жерден проблемалардың шешімдерін тексеруге болады.</p>







Басты экран конфигурациясы




1		Жеткізу күйі экранын көрсетеді. Болжалды сия деңгейлерін және техникалық қызмет көрсету қорабының болжалды қызмет көрсету мерзімін тексеруге болады. Сондай-ақ сия картриджді ауыстыруға немесе Ресурс күйінің парағы басып шығаруға болады.
2		Желі қосылымының күйін көрсетеді. Қосымша мәліметтер алу үшін келесіні қараңыз. "Желі белгішесінің нұсқаулығы" бетте 26
3		Дыбыс параметрлері экранын көрсетеді. Дыбысын өшіру және Тыныш режимі параметрін орнатуға болады. Сондай-ақ, Дыбыс мәзіріне осы экраннан кіруге болады. Сондай-ақ, реттеулерді Параметрлер мәзірінен жасауға болады. Параметрлер > Жалпы параметрлер > Нег.параметрлер > Дыбыс
		Принтер үшін Тыныш режимі параметрі орнатылғанын немесе орнатылмағанын көрсетеді. Осы мүмкіндік қосылғанда, жұмыс істеп тұрған принтерден шығатын шуыл азаяды, бірақ принтердің жылдамдығы төмендеуі мүмкін. Дегенмен, таңдалған қағаз түрі мен басын шығару сапасына байланысты шуылдар азаймауы мүмкін.
		Принтер үшін Дыбысын өшіру параметрі орнатылғанын көрсетеді.
4		Алдын ала орнату бөліміне тіркелген параметрлердің тізімін көрсетеді. Жаңа таңдаулы параметрлерді де тіркеуге болады.
5		Факс деректері туралы ақпарат экранын көрсетеді. Көрсетілген сан әлі оқылмаған, басылмаған немесе сақталмаған факстардың санын көрсетеді.




<p>6</p>	<p>Әрбір мәзірді көрсетеді.</p> <ul style="list-style-type: none"> <input type="checkbox"/> Көшіру Құжаттардың көшірмесін жасауға мүмкіндік береді. <input type="checkbox"/> Сканерлеу Құжаттарды сканерлеуге және оларды жад құрылғысына немесе компьютерге сақтауға мүмкіндік береді. <input type="checkbox"/> Факс Факстарды жіберуге мүмкіндік береді. <input type="checkbox"/> Жад құрылғысы Принтерге жалғанған USB флеш дискісі сияқты жад құрылғысындағы JPEG немесе TIFF деректерін басып шығаруға мүмкіндік береді <input type="checkbox"/> Қызмет көрсету Басып шығару сапасын жақсарту үшін ұсынылатын әрекеттерді, соның ішінде саңылауды тексеру үлгісін басып шығару және құралдың механизмін тазалау, сондай-ақ басып шығару механизмін теңестіру арқылы баспалардағы дақтар мен сызықтарды кетіру әрекеттерін көрсетеді. Сондай-ақ, реттеулерді Параметрлер мәзірінен жасауға болады. Параметрлер > Қызмет көрсету <input type="checkbox"/> Параметрлер Техникалық қызмет көрсетуге, принтердің параметрлеріне және операцияларға қатысты реттеулерді жасауға мүмкіндік береді.
<p>7</p>	<p style="text-align: center;">→</p> <p>Экранды оңға айналдырады.</p>

Желі белгішесінің нұсқаулығы

	<p>Принтер сымды (Ethernet) желіге немесе сымсыз (Wi-Fi) желіге жалғанбаған.</p>
	<p>Принтер сымды (Ethernet) желіге қосылған.</p>
	<p>Принтер SSID идентификаторын, орнатылмаған IP мекенжайын немесе сымсыз (Wi-Fi) желісіне байланысты проблеманы іздеп жатыр.</p>
	<p>Принтер сымсыз (Wi-Fi) желіге қосылған. Жолақтар саны байланыстың сигнал күшін көрсетеді. Жолақтар неғұрлым көп болса, байланыс соғұрлым күштірек болады.</p>
	<p>Принтер Wi-Fi Direct (қарапайым AP) режиміндегі сымсыз (Wi-Fi) желіге қосылмаған.</p>
	<p>Принтер Wi-Fi Direct (қарапайым AP) режиміндегі сымсыз (Wi-Fi) желіге қосылған.</p>


Мәзір экраны конфигурациясы



①	Алдыңғы экранға қайтарады.	
②	Қойындыларды пайдаланып, параметрлер тізімін ауыстырады. Кеңейтілген параметрлер қойындысында қажетінше реттеуге болатын басқа элементтер көрсетіледі.	
③	<p>Реттелетін элементтердің тізімін көрсетеді.  белгішесі көрсетілгенде, белгішені таңдау арқылы қосымша ақпаратты көресіз. Элементті таңдау немесе ұяшыққа белгі қою арқылы реттеулер жасаңыз. Сұр түсті элементтер қолжетімді емес. Элементтің неліктен қолжетімді емес екенін тексеру үшін оны таңдаңыз.</p> <p>Егер қандай да бір проблемалар пайда болса, бөлімде  белгішесі көрсетіледі. Проблеманы шешу әдісін тексеру үшін белгішені таңдаңыз.</p>	
④	Ағымдағы параметрлер арқылы операцияларды бастайды. Элементтер мәзірге байланысты әртүрлі болады.	
	Көшірме	Көшірмелердің санын енгізуге мүмкіндік беретін экрандық пернетақтаны көрсетеді.
	А.қ.шығу	Басып шығару, көшіру, сканерлеу немесе факстарды жіберу алдында кескіннің алдын ала қарауын көрсетеді.
		Басып шығаруды, көшіруді, сканерлеуді немесе факстар жіберуді бастайды.

Таңбаларды енгізу

Таңбалар мен белгілерді желі параметрлерін орнатқанда және т.б. кезде экрандағы пернетақта арқылы енгізуге болады.




1	Таңбаның санын көрсетеді.
2	Керсеткіні кіріс күйге жылжытады.
3	Үлкен және кіші әріп арасында ауыстырады.
4	Таңба түрін ауыстырады. ABC: Алфавит 123#: Нөмірлер мен таңбалар
5	Элементті жай ғана таңдау арқылы жиі пайдаланылатын электрондық пошта доменінің мекенжайлары мен URL мекенжайларын енгізеді.
6	Бос орын енгізеді.
7	Таңбаны енгізеді.
8	Сол жақтағы таңбаны жояды. Курсор жолдың басында болғанда және сол жақта таңбалар болмағанда, таңбаны оңға жояды.

Анимацияларды көру

СКД экранында қағазды жүктеу немесе кептелген қағазды алып тастау сияқты пайдалану нұсқауларының анимацияларын көруге болады.

- параметрін таңдаңыз: анықтама экраны көрсетіледі. **Пайд. жолы** параметрін таңдап, көру қажет элементтерді таңдаңыз.

- ❑ Операция экранының төменгі жағындағы **Пайдалану әдісі** параметрін таңдаңыз: контекст ескерілетін анимацияны көрсетеді.




Қағазды салу

Қағазды ұстау туралы сақтандырулар.	31
Қағаз өлшемі және түрі параметрлері.	31
Қағазды салу.	32

Қағазды ұстау туралы сақтандырулар

- ❑ Қағазбен бірге берілген нұсқау парақтарын оқыңыз.
- ❑ Түпнұсқалы Epson қағазы арқылы жоғары сапалы басып шығаруларға қолжеткізу үшін қағазды қағазбен бірге берілетін парақтарда көрсетілген ортада пайдаланыңыз.
- ❑ Қағазды салмас бұрын шеттерін желпіп және тегістеп жіберіңіз. Фотоқағазды желпімеңіз немесе орамаңыз. Бұлай істеу басылатын жағын зақымдауы мүмкін.



- ❑ Егер қағаз бұралып немесе бүктеліп қалса, салудан бұрын оны жазыңыз немесе оны сәл ғана қарсы бағытта бүктеңіз. Бұралып немесе бүктеліп қалған қағазда басып шығару қағаз кептелістерін және басып шығарылған материалда жағылуды тудыруы мүмкін.



- ❑ Алдын ала басып шығарылған қағаздың бір бетіне басып шығарғанда, қолмен 2 жақты басып шығару үшін қағаз беру проблемалары жиі пайда болады. Егер қағаз кептелісі жалғасса, парақтар санын жартысына немесе одан аз етіп азайтыңыз не бір салғанда қағаздың бір парағын салыңыз.
- ❑ Жүктеу алдында хатқалталардың жиектерін желпіңіз және туралаңыз. Сақталған хатқалталар ауамен томпайса, жүктеу алдында тегістеу үшін басыңыз.




Қатысты ақпарат

➔ [“Жарамсыз қағаз түрлері” бетте 265](#)

Қағаз өлшемі және түрі параметрлері

Егер қағаз кассетасын енгізгенде көрсетілетін экранда қағаз өлшемі мен түрін тіркесеңіз, тіркелген ақпарат пен басып шығару параметрлері әртүрлі болғанда принтер сізге хабарлайды.

Бұл қағаз түріне сәйкес келмейтін параметрлерді пайдаланудан қате қағаз өлшемінде басып шығарып жатпағаныңызға немесе нашар қағаз сапасын пайдаланып жатпағаныңызға кепілдік беріп, қағаз бен сияны жұмсауды болдырмайды.



Егер көрсетілген қағаз өлшемі мен түрі салынған қағаздан өзгеше болса, өзгертілетін элементті таңдаңыз. Егер параметрлер салынған қағазға сәйкес болса, экранды жабыңыз.

Ескертпе:

Параметрлер > Жалпы параметрлер > Принтер параметрлері > Қағаз көзінің параметрлері > Қағаз параметрі таңдау арқылы қағаз өлшемінің және қағаз түрінің параметрін көруге болады.

Қағаз түрлерінің тізімі

Оңтайлы басып шығару нәтижесін алу үшін қағазға сәйкес келетін қағаз түрін таңдаңыз.


Баспа материалының атауы	Тасушы түрі	
	Басқару тақтасы	Принтер драйвері, смарт құрылғы*
Epson Business Paper Epson Bright White Ink Jet Paper	қарапайым қағаздар	қарапайым қағаздар
Epson Double-Sided Matte Paper	Matte	Epson Matte
Epson Matte Paper-Heavyweight	Matte	Epson Matte
Epson Photo Quality Ink Jet Paper	Photo Quality Ink Jet	Epson Photo Quality Ink Jet

* Смарт құрылғылар үшін бұл баспа материалы түрлерін Epson Smart Panel пайдаланып басып шығарғанда таңдауға болады.

Қағазды салу

Принтердің СКД экранында көрсетілген анимацияларға сәйкес қағазды немесе хатқалталарды жүктеуге болады.

? түймесін, содан соң **Пайд. жолы** > **Қағаз салу** тармағын таңдаңыз.




Анимацияны көруді тоқтатқыңыз келсе, экранды жабыңыз.

Алдын ала тесілген қағазды салу

Алдын ала тесілген қағаздың бір парағын қағаз кассетасына салыңыз.


Қағаз өлшемі: A4, B5, A5, A6, Letter, Legal




- Тесіктің үстінен басып шығармау үшін файлдың басып шығару орнын реттеңіз.
- Автоматты түрде 2-жақты басып шығару алдын тесілген қағаз үшін қолданылмайды.
- Letterhead** немесе **Preprinted** параметрін қағаз түрінің параметрі ретінде таңдаңыз.

Ұзын қағаздарды салу


Legal өлшемінен ұзынырақ қағазды жүктегенде, шығыс науаны шығарып, оны көтеріңіз.




Қағаз кассетасын шығарып, содан соң жиектік бағыттауыштарды барынша сырғытыңыз.




Басып шығарылатын бетін төмен қаратып, кассетаның ұшындағы үшбұрыш белгісінен шығармай қағаздың бір парағын жүктеңіз. Жиек бағыттағышын қағаздың жиегіне сырғытыңыз.



Қағазды қолмен ұстап тұрып, қағаз кассетасын бекітілгенше салыңыз.



Шығыс науасын түсіріңіз. **Пайдаланушылық** параметрі қағаз өлшемі параметрі ретінде таңдаңыз.



- Қағаздың шеті перпендикуляр кесілетінін тексеріңіз. Диагональді кесу қағаз беру проблемаларына әкелуі мүмкін.
- Егер қағаз бүктелген қалса, салудан бұрын оны жазыңыз немесе оны сәл ғана қарсы бағытта бүктеңіз. Оралған қағазда басып шығару қағаз кептелістерін және басып шығарылған материалда жағылуды тудыруы мүмкін.
- Беріліп немесе шығарылып жатқан қағазды ұстамаңыз. Ол қолыңызды жарақаттауы немесе принтердің сапасын төмендетуі мүмкін.

Түпнұсқаларды орналастыру

Түпнұсқаларды орналастыру.....	38
ADF құрылғысы қолдау көрсетпейтін түпнұсқалар.....	39

Түпнұсқаларды орналастыру


Түпнұсқаларды сканер әйнегіне немесе ADF құралына қойыңыз.

ADF құралына бірнеше түпнұсқа қоюға болады. Автоматты дуплекс сканерлеу қолжетімді болса, түпнұсқалардың екі жағын да бір уақытта сканерлеуге болады. ADF құралының техникалық сипаттамаларын төмендегі сілтемеден қараңыз.

[“ADF техникалық сипаттамалары” бетте 300](#)

Түпнұсқаларды қоюға арналған бейнені көру үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

❓ түймесін, одан кейін **Пайд. жолы > Бастапқы құжаттарды қою** тармағын таңдаңыз. Көргіңіз түпнұсқаларды орналастыру әдісін таңдаңыз. Анимация экранын жабу үшін **Аяқтау** түймесін таңдаңыз.



Сканер әйнегін пайдаланған кезде



Абайлаңыз:

Құжат қабын жапқан кезде саусақтарыңызды қысып алмаңыз. Кері жағдайда, жарақат алуыңыз мүмкін.




Маңызды:

- Кітаптар сияқты үлкен түпнұсқаларды қойғанда сыртқы жарықтың тікелей сканер әйнегінің түсуін болдырмаңыз.*
- Сканер әйнегіне немесе құжат қабына тым қатты күш түсірмеңіз. Кері жағдайда, олар зақымдалуы мүмкін.*

Ескертпе:

- ❑ Сканер әйнегі лас болса, оны қамту үшін сканерлеу аумағы үлкеюі мүмкін, осылайша түпнұсқаның суреті кішіреюі не дұрыс орналаспауы мүмкін. Сканерлемес бұрын сканер әйнегіндегі қоқыс пен кірді кетіріңіз.




- ❑ Сканер әйнегінің бұрыштарынан 1,5 мм ауқымы сканерленбейді.
- ❑ Түпнұсқалар ADF және сканер әйнегінің үстіне қойылған кезде, басымдық ADF үстіндегі түпнұсқаларға беріледі.
- ❑ Егер түпнұсқаларды сканер әйнегінің бетінде ұзақ уақыт қалдырсаңыз, түпнұсқа әйнектің бетіне жабысып қалуы мүмкін.

ADF құрылғысын пайдаланғанда

! Маңызды:

- ❑ Түпнұсқаларды ADF жиек бағыттауышының ішіндегі үшбұрыш таңбадан асырып салмаңыз.



- ❑ Сканерлеу кезінде түпнұсқаларды қоспаңыз.

Қатысты ақпарат

- ➔ [“ADF құрылғысы қолдау көрсетпейтін түпнұсқалар” бетте 39](#)
- ➔ [“Сканердің техникалық сипаттамалары” бетте 299](#)

ADF құрылғысы қолдау көрсетпейтін түпнұсқалар

! Маңызды:

ADF құрылғысына фотосуреттерді немесе бағалы түпнұсқаларды салмаңыз. Кептелу түпнұсқаны мыжуы немесе зақымдауы мүмкін. Оның орнына осы құжаттарды сканер шынысы құрылғысында сканерлеңіз.

Қағаз кептелісін болдырмау үшін келесі түпнұсқаларды ADF ішіне салмаңыз. Бұл түрлері үшін сканер әйнегін пайдаланыңыз.

- Жыртылған, бүктелген, мыжылған, бүлінген немесе иілген түпнұсқалар
- Түптеу тесіктері бар түпнұсқалар
- Таспа, степлер, қағаз қыстырғышының көмегімен бекітілген түпнұсқалар
- Бетінде жапсырмалары немесе затбелгілері бар түпнұсқалар
- Тең емес кесілген немесе қисайған түпнұсқалар
- Бекітілген түпнұсқалар
- Жоғарғы проектор қағазы, термиялы басып шығары қағазы немесе көшірме қағаз


Жад картасын салу және алып тастау

Сыртқы USB құрылғысын енгізу және алып тастау.	42
Жад құрылғысындағы деректерді бөлісу.	42

Сыртқы USB құрылғысын енгізу және алып тастау

Принтердің СҚД экранында көрсетілген анимацияларға қарау арқылы сыртқы USB құрылғысын сыртқы интерфейстік USB портына енгізуге болады.

❓ түймесін, одан кейін **Пайд. жолы > USB құрылғысының қосылымы** тармағын таңдаңыз.



Сыртқы USB құрылғысын алып тастау үшін қадамдарды керісінше орындаңыз.

! **Маңызды:**

Егер принтерді пайдалану барысында сыртқы USB құрылғысын алып тастасаңыз, сыртқы USB құрылғысындағы деректер жоғалып қалуы мүмкін.

Қатысты ақпарат

➔ [“Жад құрылғысының техникалық сипаттамалары” бетте 305](#)

Жад құрылғысындағы деректерді бөлісу

Компьютерден принтерге жалғанған USB флэш жады сияқты жад құрылғысындағы деректерді жазуға немесе оқуға болады.

! **Маңызды:**

*USB немесе желі арқылы қосылған компьютерлер арасындағы принтерге салынған жад құрылғысын ортақ пайдаланған кезде жазбаша кіру тек принтер арқылы таңдалған әдіспен қосылған компьютерлерге болады. Жад құрылғысына жазу үшін, басқару тақтасындағы **Параметрлер > Жалпы параметрлер > Принтер параметрлері > Жад құрылғысының интерфейсі > Файлмен бөлісу** бөліміне кіріп, қосылым әдісін таңдаңыз.*

Ескертпе:

2 TB HDD сияқты үлкен жад құрылғысы жалғанса, компьютерден деректерді анықтау үшін белгілі бір уақыт кетеді.

Windows

Жеке компьютер немесе **Компьютер** мәзірінен жад құрылғысын таңдаңыз. Жад құрылғысындағы деректер көрсетіледі.

Ескертпе:

*Бағдарламалық жасақтама дискісіз немесе Web Installer құралынсыз принтерді желіге жалғасаңыз, сыртқы интерфейс USB портын желі жетегі ретінде орнатыңыз. **Орындау** тармағын ашып, принтер атын ||XXXXX немесе принтердің IP мекенжайын ||XXX.XXX.XXX.XXX **Ашу:** тармағына енгізіңіз. Желіні белгілеу үшін, көрсетілген құрылғы белгішесі үстінен тінтуірдің оң жағын басыңыз. Желі жетегі **Жеке компьютер** немесе **Компьютер** ішінде көрсетіледі.*

Mac OS

Сәйкес құрылғы белгішесін таңдаңыз. Сыртқы жад құрылғысындағы деректер көрсетіледі.

Ескертпе:

- Жад құрылғысын жою үшін құрылғы белгішесін себет белгішесіне сүйреп апарыңыз. Кері жағдайда, басқа жад құрылғысы енгізілген кезде ортақ пайдаланылатын жетектегі деректер дұрыс көрсетілмейді.
- Жад құрылғысына желі арқылы кіру үшін жұмыс үстеліндегі мәзірден **Өту > Серверге жалғау** бөлімін таңдаңыз. Принтер атын `cifs://XXXXX` не `smb://XXXXX` атын (мұндағы «XXXXX» принтер аты болып табылады) **Сервер мекенжайы** ішіне енгізіп, **Қосу** түймесін басыңыз.

Қатысты ақпарат

- ➔ [“Жад құрылғысының техникалық сипаттамалары” бетте 305](#)

Басып шығару

Құжаттарды басып шығару.....	45
Хатқалталарда басып шығару.....	79
Фотосуреттерді басып шығару.....	80
Веб-беттерді басып шығару.....	82
Бұлттық қызмет арқылы басып шығару.....	83

Құжаттарды басып шығару

Компьютерден басып шығару — Windows

Қарапайым реттеулер арқылы басып шығару




Ескертпе:

Әрекеттер қолданбаға байланысты өзгеріп отыруы мүмкін. Мәліметтер алу үшін қолданбаның анықтамасын қараңыз.

- Кеңейтілген параметрлер** қойындысын таңдап, **Көлеңкені жою** не **Тесілген саңыл-ды алу** қосыңыз немесе **Кескін сапасы** ішінде сурет сапасын реттеңіз.
- Параметрлерді қажетінше көрсетіп, **ОК** параметрін таңдаңыз.
- Көшіру** қойындысындағы  түймесін түртіңіз.

Идентификатор картасын көшіру

Идентификатор картасының екі жағын сканерлейді және қағаздың бір жағына көшіреді.



- Түпнұсқаны сканер әйнегіне қойыңыз.
[“Түпнұсқаларды орналастыру” бетте 38](#)
- Негізгі экраннан **Көшіру** параметрін таңдаңыз.
- Көшіру** параметрін таңдап, **Идент-қ карта көшірмесі** параметрін қосыңыз.
- Бағдарды (түпнұсқа) көрсетіп, **ОК** параметрін таңдаңыз.

5. **Көшіру** қойындысындағы  түймесін түртіңіз.

Көшіруге арналған негізгі мәзір опциялары

Ескертпе:

Жасаған басқа реттеулерге байланысты элементтер қолжетімді болмауы мүмкін.

 (2 жақты):

2-жақты орналасуды таңдаңыз.

1>1 жақты

Парақтың бір жағына түпнұсқаның бір жағын көшіреді.

1>2 жақты

Екі жалғыз жақты түпнұсқаларды парақтың жалғыз бетінің екі жағына көшіреді.
Түпнұсқаның бағытын және қағаздың байланыстыру күйін таңдаңыз.

 (Интенсивтілік):

Көшіру нәтижелері бұлдыр болса, тығыздық деңгейін арттырыңыз. Сия жағылса, тығыздық деңгейін азайтыңыз.

Идент-қ карта көшірмесі:

Идентификатор картасының екі жағын сканерлейді және қағаздың бір жағына көшіреді.

Көшіруге арналған қосымша мәзір опциялары

Ескертпе:

Жасаған басқа реттеулерге байланысты элементтер қолжетімді болмауы мүмкін.

Қағ.прм.:

Жүктеген қағаз өлшемін және қағаз түрін таңдаңыз.


Масштабт.:

Үлкейту немесе кішірейтуді ұлғайту коэффициентін конфигурациялайды. Мәнді түртіп, 25 – 400% ауқымында түпнұсқаны үлкейту немесе азайту үшін пайдаланылатын үлкейтуді көрсетіңіз.

Авто

Түпнұсқа өлшемді қағаз өлшеміне сәйкес автоматты түрде арттыру немесе азайту. Мысалы, түпнұсқаны А6 өлшеміне, ал қағазды А4 өлшеміне орнатсаңыз, ұлғайту әрекеті автоматты түрде 200 мәніне реттеледі.

Түпнұсқаның айналасында ақ жиектер болғанда сканер шынысының бұрыштық белгісінен (↘) алынған ақ түсті жиектер сканерлеу аумағы ретінде анықталады, бірақ қарсы беттегі жиектер қиылуы мүмкін.



Қағ. сыйғызу үшін кі-у

Қағаз өлшеміне сәйкестендіру үшін сканерленген кескінді Масштабт. мәнінен кішірек өлшемге көшіреді. Егер Масштабт. мәні қағаз өлшемінен үлкенірек болса, деректер қағаздың шеттерінен асып басып шығарылуы мүмкін.

Нақты көлем

100 % ұлғайтуда көшіреді.

А4→А5 және басқалары

Белгілі бір қағаз өлшеміне сәйкестендіру үшін түпнұсқаны автоматты үлкейтеді немесе кішірейтеді.

Құжат көлемі:

Түпнұсқаның өлшемін таңдаңыз. Стандартты емес өлшемдегі түпнұсқаларды көшіргенде түпнұсқаға жақын өлшемді таңдаңыз.

Көп бет.:

Көшіру орнын таңдаңыз.

Бір бет

Бір жақты түпнұсқаны бір бетке көшіреді.

2-орн-у

Бір жақты екі түпнұсқаны бір бетке 2-лік пішімде көшіреді. Орналасу ретін және түпнұсқаның бағытын таңдаңыз.

4-орн-у

Бір жақты төрт түпнұсқаны бір бетке 4-тік пішімде көшіреді. Орналасу ретін және түпнұсқаның бағытын таңдаңыз.

Құжат түрі:


Түпнұсқаңыздың түрін таңдаңыз. Түпнұсқа түріне сәйкес келу үшін оңтайлы сапада көшіреді.

Аяқтау:

Бірнеше түпнұсқалардан бірнеше көшірмелердің қағазын шығару әдісін таңдаңыз.


Топ (бірд. беттер)

Түпнұсқаларды бет бойынша топ ретінде көшіреді.



Іріктеу (бет ретт.)

Ретке жиналған және жинақтарға сақталған түпнұсқаларды көшіреді.



Бағдар (түпн.):

Түпнұсқаңыздың бағытын таңдаңыз.

Кескін сапасы:

Кескін параметрлерін реттеңіз.

Контраст

Жарық және күңгірт бөлшектердің арасындағы айырмашылықты реттеңіз.

Анықтық

Кескіннің контурын реттеңіз.

Фонды жою

Фон түсінің тығыздығын реттеңіз. Оның түсін жарық (ақ) ету үшін «+» түймесін түртңіз және оның түсін күңгірт (қара) ету үшін «-» түймесін басыңыз.

Тігу жиегі:

Түпнұсқаның түптеу орны, жақтауы және бағыты ретінде таңдаңыз.

Қағ. сыйғызу үшін кі-у:

Қағаз өлшеміне сәйкестендіру үшін сканерленген кескінді Масштабт. мәнінен кішірек өлшемге көшіреді. Егер Масштабт. мәні қағаз өлшемінен үлкенірек болса, деректер қағаздың шеттерінен асып басып шығарылуы мүмкін.

Көлеңкені жою:

Қалың қағазды көшіргенде көшірмелердің айналасында пайда болатын немесе буклетті көшіргенде көшірмелердің ортасында пайда болатын көлеңкелерді жояды.

Тесілген саңыл-ды алу:

Көшіру кезінде байланысу саңылауларын жояды.

Барлық параметрлерді өшіру:

Көшіру параметрлерін әдепкі параметрлеріне қайта орнатады.

Сканерлеу

Қолжетімді сканерлеу әдістері.	95
Түпнұсқаларды желі қалтасына сканерлеу.	95
Түпнұсқаларды электрондық поштаға сканерлеу.	98
Түпнұсқаларды компьютерге сканерлеу.	102
Түпнұсқаларды жад құрылғысына сканерлеу.	103
Түпнұсқаларды бұлтқа сканерлеу.	105
WSD арқылы сканерлеу.	107
Түпнұсқаларды смарт құрылғыға сканерлеу.	109

Қолжетімді сканерлеу әдістері

Бұл принтер арқылы сканерлеу үшін келесі әдістердің кез келгенін пайдалануға болады.

Желі қалтасына сканерлеу

Сканерленген кескінді желідегі алдын ала конфигурацияланған қалтаға сақтай аласыз.

[“Түпнұсқаларды желі қалтасына сканерлеу” бетте 95](#)

Электрондық поштаға сканерлеу

Сканерленген кескін файлдарын электрондық пошта арқылы тікелей принтерден алдын ала конфигурацияланған электрондық пошта сервері бойынша жіберуге болады.

[“Түпнұсқаларды электрондық поштаға сканерлеу” бетте 98](#)

Компьютерге сканерлеу

Сканерленген кескінді принтерге қосылған компьютерге сақтауға болады.

[“Түпнұсқаларды компьютерге сканерлеу” бетте 102](#)

Жад құрылғысына сканерлеу

Сканерленген кескіндерді принтерге енгізілген жад құрылғысына тікелей сақтауға болады.

[“Түпнұсқаларды жад құрылғысына сканерлеу” бетте 103](#)

Бұлттық қызметке жіберу

Сканерленген кескіндерді принтердің басқару тақтасынан алдын ала тіркелген бұлттық қызметтерге жіберуге болады.

[“Түпнұсқаларды бұлтқа сканерлеу” бетте 105](#)

WSD арқылы сканерлеу

WSD мүмкіндігі арқылы сканерленген кескінді принтерге қосылған компьютерге сақтауға болады.

[“WSD арқылы сканерлеу” бетте 107](#)

Смарт құрылғылардан тікелей сканерлеу

Сканерленген кескіндерді смарт құрылғыдағы Epson Smart Panel қолданбаны пайдалану арқылы смартфон немесе планшет сияқты смарт құрылғыға тікелей сақтауға болады.

[“Түпнұсқаларды смарт құрылғыға сканерлеу” бетте 109](#)

Түпнұсқаларды желі қалтасына сканерлеу

Сканерлеу алдында келесілерді тексеріңіз.

- Желі қалтасы алдын ала дайындалғанын тексеріңіз. Желіде ортақ пайдаланылған қалтаны жасағанда келесі бөлімді қараңыз.

[“Ортақ қалтаны жасау” бетте 328](#)

- Қалтаны оңай көрсету үшін контактілерде желі қалтасының жолын тіркеңіз.

[“Контактілерді қолжетімді ету” бетте 347](#)

Ескертпе:

Принтердің **Күн/Уақыт** және **Уақыт айырмашылығы** параметрлері дұрыс екенін тексеріңіз. Мәзірлерге **Параметрлер > Жалпы параметрлер > Нег.параметрлер > Күн/Уақыт параметрлері** тармағында қатынасыңыз.

1. Түпнұсқаларды қойыңыз.

[“Түпнұсқаларды орналастыру” бетте 38](#)

2. Басқару тақтасындағы **Сканерлеу > Желі қалтасы/FTP** параметрін таңдаңыз.

3. Орынды көрсетіңіз.

[“Қалтаға сканерлеуге арналған орын мәзірінің опциялары” бетте 96](#)

Ескертпе:



түймесін таңдау арқылы құжаттар сақталған қалтаның журналын басып шығаруға болады.

4. **Сканерлеу пар-і** қойындысын таңдаңыз, сақтау пішімі сияқты параметрлерді тексеріп, қажет болса, оларды өзгертіңіз.

[“Қалтаға сканерлеуге арналған сканерлеу мәзірінің опциялары” бетте 97](#)

5. **Тағайынд-н орын** қойындысын қайта таңдап, түймесін түртіңіз.

Қалтаға сканерлеуге арналған орын мәзірінің опциялары

Пернетақта:

Орнын өңдеу экранын ашыңыз. Қалта жолын енгізіп, экранда әрбір элементті орнатыңыз.

Орнын өңдеу:

Қалта жолын енгізіп, экранда әрбір элементті орнатыңыз.

- Байланыс режимі:

Қалтаға арналған байланыс режимін таңдаңыз.

- Орын (міндетті):

Сканерленген кескінді сақтайтын қалтаның жолын енгізіңіз.

- Пайдаланушы аты:

Көрсетілген қалтаға кіру үшін пайдаланушы атын енгізіңіз.

- Құпиясөз:

Пайдаланушы атына сәйкес құпиясөзді енгізіңіз.

- Қосылым режимі:

Қалтаға арналған қосылым режимін таңдаңыз.

- Порт нөмірі:

Қалтаға арналған порт нөмірін енгізіңіз.

Контактілер:

Контактілер тізімінен орынды таңдаңыз.

Контактілер тізімінен контактіні іздеуге болады. Экранның жоғарғы жағындағы жәшікке іздеу кілт сөзін енгізіңіз.

Қалтаға сканерлеуге арналған сканерлеу мәзірінің опциялары

Ескертпе:

Жасаған басқа реттеулерге байланысты элементтер қолжетімді болмауы мүмкін.

Түс режимі:

Түсті немесе бір түсті етіп сканерлеуді таңдаңыз.

Файл пішімі:

Сканерленген кескінді сақтайтын пішімді таңдаңыз.

PDF, PDF/A немесе TIFF параметрін файл пішімі ретінде таңдағанда, барлық түпнұсаны бір файл (көп бетті) немесе әр түпнұсқаны бөлек (бір бет) сақтауды таңдаңыз.

Қысым коэффициенті:

Сканерленген кескінді қаншалықты сығымдау керектігін таңдаңыз.

PDF параметрлері:

Сақтау пішімінің параметрі ретінде PDF пішімін таңдаған кезде PDF файлдарын қорғау үшін осы параметрлерді пайдаланыңыз.

Ашқан кезде құпиясөзді талап ететін PDF файлын жасау үшін Құжатты ашу құпиясөзі параметрін орнатыңыз. Басып шығарғанда немесе өңдегенде құпиясөзді талап ететін PDF файлын жасау үшін Рұқсаттар құпиясөзі параметрін орнатыңыз.

Сапа

Ажыратымдылық:

Сканерлеу ажыратымдылығын таңдаңыз.

Құжат түрі:

Түпнұсқаңыздың түрін таңдаңыз.

Скан. айма.:

Сканерлеу аймағын таңдаңыз. Сканерлеу барысында мәтіннің немесе кескіннің айналасынан ақ бос орынды қиып алу үшін **Автоматты түрде кесу** параметрін таңдаңыз. Сканер әйнегінің ең көп аумағын сканерлеу үшін **Максималды аймақ** параметрін таңдаңыз.

Бағдар (түпн.):

Түпнұсқаның бағытын таңдаңыз.

Бағдар (түпн.):

Түпнұсқаның бағытын таңдаңыз.

Интенсивтілік:

Сканерленген кескіннің контрастын таңдаңыз.

Көлеңкені жою:

Сканерленген кескінде көрсетілетін түпнұсқаның көлеңкелерді алып тастайды.

Айналасы:

Түпнұсқаның жиегіндегі көлеңкелерді алып тастайды.

Ортаңғы жағы:

Буклеттің біріктіру жиегінің көлеңкелерін алып тастайды.

Тесілген саңыл-ды алу:

Сканерленген кескінде көрсетілетін тесілген саңылауларды алып тастайды. Оң жақтағы ұяшыққа мәнді енгізу арқылы тесілген саңылауларды өшіру үшін аймақты көрсетуге болады.

Жою күйі:

Тесілген саңылауларды алып тастау үшін күйді таңдаңыз.

Бағдар (түпн.):

Түпнұсқаның бағытын таңдаңыз.

Файл аты:

Файл атауының префиксі:

Әріптер және сандардың таңбалары мен белгілері арқылы кескіндердің атауы үшін префикс енгізіңіз.

Күн қосу:

Күнді файл атауына қосыңыз.

Уақыт қосу:

Уақытты файл атауына қосыңыз.

Барлық параметрді өшіру

Сканерлеу параметрлерін әдепкі параметрлеріне қайта орнатады.

Түпнұсқаларды электрондық поштаға сканерлеу

Сканерлеу алдында келесіні реттеп көріңіз.

Электрондық пошта серверін конфигурациялаңыз.

[“Пошта серверін конфигурациялау” бетте 324](#)

Контактілерде электрондық пошта мекенжайын алдын ала тіркеңіз, содан соң контактілерден оны таңдау арқылы мекенжайды оңай көрсетуге болады.

Принтердің **Күн/Уақыт** және **Уақыт айырмашылығы** параметрлері дұрыс екенін тексеріңіз. Мәзірлерге **Параметрлер > Жалпы параметрлер > Нег.параметрлер > Күн/Уақыт параметрлері** тармағында қатынасыңыз.

1. Түпнұсқаларды қойыңыз.

[“Түпнұсқаларды орналастыру” бетте 38](#)

2. Басқару тақтасындағы **Сканерлеу > Электрондық пошта** параметрін таңдаңыз.

3. Алушыны көрсетіңіз.


[“Электрондық поштаға сканерлеуге арналған алушы мәзірінің опциялары” бетте 99](#)

Ескертпе:

Таңдалған алушылар нөмірі экранның оң жағында көрсетіледі. 10 мекенжайға және топқа дейін электрондық пошта жіберуге болады.

Егер топтар алушыларға қосылса, тіркелгідегі топтардың мекенжайларын ескере отырып, жалпы 108 жеке мекенжайға дейін таңдауға болады.

Таңдалған мекенжайлардың тізімін көрсету үшін экранның жоғарғы жағындағы мекенжай ұяшығын таңдаңыз.

Жіберу журналын көрсету немесе электрондық пошта серверінің параметрлерін өзгерту үшін  түймесін таңдаңыз.

4. **Сканерлеу пар-і** қойындысын таңдаңыз, сақтау пішімі сияқты параметрлерді тексеріп, қажет болса, оларды өзгертіңіз.

[“Электрондық поштаға сканерлеуге арналған сканерлеу мәзірінің опциялары” бетте 99](#)

5. **Алушы** қойындысын қайта таңдап,  түймесін түртіңіз.

Электрондық поштаға сканерлеуге арналған алушы мәзірінің опциялары

Пернетақта:

Электрондық пошта мекенжайын қолмен енгізіңіз.

Контактілер:

Контактілер тізімінен орынды таңдаңыз.

Контактілер тізімінен контактіні іздеуге болады. Экранның жоғарғы жағындағы жәшікке іздеу кілт сөзін енгізіңіз.

Тарих:

Тарих тізімінен мекенжайды таңдаңыз.

Электрондық поштаға сканерлеуге арналған сканерлеу мәзірінің опциялары

Ескертпе:

Жасаған басқа реттеулерге байланысты элементтер қолжетімді болмауы мүмкін.

Түс режимі:

Түсті немесе бір түсті етіп сканерлеуді таңдаңыз.

Файл пішімі:

Сканерленген кескінді сақтайтын пішімді таңдаңыз.

PDF, PDF/A немесе TIFF параметрін файл пішімі ретінде таңдағанда, барлық түпнұсаны бір файл (көп бетті) немесе әр түпнұсқаны бөлек (бір бет) сақтауды таңдаңыз.

Қысым коэффициенті:

Сканерленген кескінді қаншалықты сығымдау керектігін таңдаңыз.

PDF параметрлері:

Сақтау пішімінің параметрі ретінде PDF пішімін таңдаған кезде PDF файлдарын қорғау үшін осы параметрлерді пайдаланыңыз.

Ашқан кезде құпиясөзді талап ететін PDF файлын жасау үшін Құжатты ашу құпиясөзі параметрін орнатыңыз. Басып шығарғанда немесе өңдегенде құпиясөзді талап ететін PDF файлын жасау үшін Рұқсаттар құпиясөзі параметрін орнатыңыз.

Сапа

Ажыратымдылық:

Сканерлеу ажыратымдылығын таңдаңыз.

Құжат түрі:

Түпнұсқаңыздың түрін таңдаңыз.

Скан. айма.:

Сканерлеу аймағын таңдаңыз. Сканерлеу барысында мәтіннің немесе кескіннің айналасынан ақ бос орынды қиып алу үшін **Автоматты түрде кесу** параметрін таңдаңыз. Сканер әйнегінің ең көп аумағын сканерлеу үшін **Максималды аймақ** параметрін таңдаңыз.

Бағдар (түпн.):

Түпнұсқаның бағытын таңдаңыз.

Бағдар (түпн.):

Түпнұсқаның бағытын таңдаңыз.

Интенсивтілік:

Сканерленген кескіннің контрастын таңдаңыз.

Көлеңкені жою:

Сканерленген кескінде көрсетілетін түпнұсқаның көлеңкелерді алып тастайды.

Айналасы:

Түпнұсқаның жиегіндегі көлеңкелерді алып тастайды.

Ортаңғы жағы:

Буклеттің біріктіру жиегінің көлеңкелерін алып тастайды.

Тесілген саңыл-ды алу:

Сканерленген кескінде көрсетілетін тесілген саңылауларды алып тастайды. Оң жақтағы ұяшыққа мәнді енгізу арқылы тесілген саңылауларды өшіру үшін аймақты көрсетуге болады.

Жою күйі:

Тесілген саңылауларды алып тастау үшін күйді таңдаңыз.

Бағдар (түпн.):

Түпнұсқаның бағытын таңдаңыз.

Тақырып:

Әріптер және сандардың таңбалары мен белгілері арқылы электрондық хат тақырыбын енгізіңіз.

Бек.файл макс.көлемі:

Электрондық поштаға тіркеуге болатын ең жоғары файл өлшемін таңдаңыз.

Файл аты:

Файл атауының префиксі:

Әріптер және сандардың таңбалары мен белгілері арқылы кескіндердің атауы үшін префикс енгізіңіз.

Күн қосу:

Күнді файл атауына қосыңыз.

Уақыт қосу:

Уақытты файл атауына қосыңыз.

Барлық параметрлерді өшіру

Сканерлеу параметрлерін әдепкі параметрлеріне қайта орнатады.

Түпнұсқаларды компьютерге сканерлеу

Ескертпе:

Бұл мүмкіндікті пайдалану үшін компьютерге келесі қолданбалар орнатылғанын тексеріңіз.

- Epson ScanSmart (Windows 7 не кейінгі нұсқасы немесе OS X El Capitan (10.11) не кейінгі нұсқасы)*
- Epson Event Manager (Windows Vista/Windows XP немесе OS X Yosemite (10.10)/OS X Mavericks (10.9.5))*
- Epson Scan 2 (сканер функциясын пайдалану үшін қажетті қолданба)*

Орнатылған қолданбаларды тексеру үшін келесі бөлімді қараңыз.

Windows 11: іске қосу түймесін басып, **All apps > Epson Software** қалтасы > **Epson ScanSmart** және **EPSON** қалтасы > **Epson Scan 2** қалтасын таңдаңыз.

Windows 10: іске қосу түймесін басып, **Epson Software** қалтасын > **Epson ScanSmart** және **EPSON** қалтасын > **Epson Scan 2** қалтасын таңдаңыз.

Windows 8.1/Windows 8: іздеу жолағына бағдарлама атын енгізіп, көрсетілген белгішені таңдаңыз.

Windows 7: бастау түймесін басыңыз, содан соң **Барлық бағдарлама** параметрін таңдаңыз. Содан соң, **Epson Software** қалтасын > **Epson ScanSmart** және **EPSON** қалтасын > **Epson Scan 2** қалтасын таңдаңыз.

Windows Vista/Windows XP: бастау түймесін басыңыз, содан соң **Барлық бағдарламалар** немесе **Бағдарламалар** тармағын таңдаңыз. Содан соң, **Epson Software** қалтасын > **Epson Event Manager** және **EPSON** қалтасын > **Epson Scan 2** қалтасын таңдаңыз.


Mac OS: **Өту > Қолданбалар > Epson Software** тармағын таңдаңыз.


1. Түпнұсқаларды қойыңыз.

[“Түпнұсқаларды орналастыру” бетте 38](#)

2. Басқару тақтасындағы **Сканерлеу > Компьютер** параметрін таңдаңыз.

3. Сканерленген кескіндерді сақтайтын компьютерді таңдаңыз.

Егер таңдалған компьютерді өзгерту қажет болса,  параметрін таңдаңыз, содан соң басқа компьютерді таңдаңыз.

4. Сканерленген кескінді компьютерге сақтау әдісін таңдау үшін  параметрін таңдаңыз.

- Компьютерде алдын ала көру (Windows 7 немесе кейінгі нұсқасы не OS X El Capitan (10.11) немесе кейінгі нұсқасы): кескіндерді сақтау алдында сканерленген кескінді компьютерде алдын ала қарайды.
- JPEG пішімінде сақтау: сканерленген кескінді JPEG пішімінде сақтайды.
- PDF пішімінде сақтау: сканерленген кескінді PDF пішімінде сақтайды.


5.  түймесін түртіңіз.

Windows 7 немесе кейінгі нұсқасын не OS X El Capitan (10.11) немесе кейінгі нұсқасын пайдаланғанда: Epson ScanSmart қолданбасы компьютерде автоматты түрде іске қосылып, сканерлеу басталады.

Ескертпе:

- Бағдарламалық құралдың толық пайдалану ақпаратын *Epson ScanSmart* анықтамасынан қараңыз. Анықтаманы ашу үшін *Epson ScanSmart* экранындағы **Help** түймесін басыңыз.
- Сканерлеуді принтерден ғана емес, *Epson ScanSmart* қолданбасы арқылы компьютерден де бастауға болады.

Түпнұсқаларды жад құрылғысына сканерлеу

1. Түпнұсқаларды қойыңыз.
[“Түпнұсқаларды орналастыру” бетте 38](#)
2. Жад құрылғысын принтерге салыңыз.
[“Сыртқы USB құрылғысын енгізу және алып тастау” бетте 42](#)
3. Басқару тақтасындағы **Сканерлеу > Жад құрылғысы** параметрін таңдаңыз.
4. **Сканерлеу** қойындысында сақтау пішімі сияқты элементтерді реттеңіз.
[“Жад құрылғысына сканерлеуге арналған сканерлеу опциялары” бетте 103](#)
5. **Кеңейтілген параметрлер** қойындысын таңдап, параметрлерді тексеріңіз, қажет болса, оларды өзгертіңіз.
[“Жад құрылғысына сканерлеуге арналған кеңейтілген мәзір опциялары” бетте 104](#)
6. **Сканерлеу** қойындысын қайта таңдап,  түймесін түртіңіз.

Жад құрылғысына сканерлеуге арналған сканерлеу опциялары

Түс режимі:

Түсті немесе бір түсті етіп сканерлеуді таңдаңыз.

Файл пішімі:

Сканерленген кескінді сақтайтын пішімді таңдаңыз.

PDF, PDF/A немесе TIFF параметрін файл пішімі ретінде таңдағанда, барлық түпнұсаны бір файл (көп бетті) немесе әр түпнұсқаны бөлек (бір бет) сақтауды таңдаңыз.

Қысым коэффициенті:

Сканерленген кескінді қаншалықты сығымдау керектігін таңдаңыз.

PDF параметрлері:

Сақтау пішімінің параметрі ретінде PDF пішімін таңдаған кезде PDF файлдарын қорғау үшін осы параметрлерді пайдаланыңыз.

Ашқан кезде құпиясөзді талап ететін PDF файлын жасау үшін Құжатты ашу құпиясөзі параметрін орнатыңыз. Басып шығарғанда немесе өңдегенде құпиясөзді талап ететін PDF файлын жасау үшін Рұқсаттар құпиясөзі параметрін орнатыңыз.

Сапа

- Ажыратымдылық:
Сканерлеу ажыратымдылығын таңдаңыз.
- Құжат түрі:
Түпнұсқаңыздың түрін таңдаңыз.

Жад құрылғысына сканерлеуге арналған кеңейтілген мәзір опциялары

Ескертпе:

Жасаған басқа реттеулерге байланысты элементтер қолжетімді болмауы мүмкін.

Скан. айма.:

Сканерлеу аймағын таңдаңыз. Сканерлеу барысында мәтіннің немесе кескіннің айналасынан ақ бос орынды қиып алу үшін **Автоматты түрде кесу** параметрін таңдаңыз. Сканер әйнегінің ең көп аумағын сканерлеу үшін **Максималды аймақ** параметрін таңдаңыз.

- Бағдар (түпн.):
Түпнұсқаның бағытын таңдаңыз.

Бағдар (түпн.):

Түпнұсқаның бағытын таңдаңыз.

Интенсивтілік:

Сканерленген кескіннің контрастын таңдаңыз.

Көлеңкені жою:

Сканерленген кескінде көрсетілетін түпнұсқаның көлеңкелерді алып тастайды.

- Айналасы:
Түпнұсқаның жиегіндегі көлеңкелерді алып тастайды.
- Ортаңғы жағы:
Буклеттің біріктіру жиегінің көлеңкелерін алып тастайды.

Тесілген саңыл-ды алу:

Сканерленген кескінде көрсетілетін тесілген саңылауларды алып тастайды. Оң жақтағы ұяшыққа мәнді енгізу арқылы тесілген саңылауларды өшіру үшін аймақты көрсетуге болады.

- Жою күйі:
Тесілген саңылауларды алып тастау үшін күйді таңдаңыз.
- Бағдар (түпн.):
Түпнұсқаның бағытын таңдаңыз.

Файл аты:

- Файл атауының префиксі:

Әріптер және сандардың таңбалары мен белгілері арқылы кескіндердің атауы үшін префикс енгізіңіз.

- Күн қосу:

Күнді файл атауына қосыңыз.

- Уақыт қосу:

Уақытты файл атауына қосыңыз.

Барлық параметрді өшіру

Сканерлеу параметрлерін әдепкі параметрлеріне қайта орнатады.

Түпнұсқаларды бұлтқа сканерлеу

Бұл мүмкіндікті пайдаланудың алдында реттеулерді Epson Connect мүмкіндігі арқылы жасауға болады. Мәліметтер алу үшін келесі Epson Connect порталының веб-сайтынан қараңыз.

<https://www.epsonconnect.com/>

<http://www.epsonconnect.eu> (тек Еуропа)

1. Түпнұсқаларды қойыңыз.

[“Түпнұсқаларды орналастыру” бетте 38](#)

2. Басқару тақтасындағы **Сканерлеу > Бұлт** параметрін таңдаңыз.

3. Экранның жоғарғы жағындағы  параметрін таңдап, орынды таңдаңыз.

4. Сканерлеу реттеулерін жасаңыз.

[“Бұлтқа сканерлеуге арналған сканерлеу опциялары” бетте 105](#)

[“Бұлтқа сканерлеуге арналған кеңейтілген мәзір опциялары” бетте 106](#)

5.  түймесін түртіңіз.

Бұлтқа сканерлеуге арналған сканерлеу опциялары

Түс режимі:

Түсті немесе бір түсті етіп сканерлеуді таңдаңыз.

Файл пішімі:

Сканерленген кескінді сақтайтын пішімді таңдаңыз.

PDF параметрін файл пішімі ретінде таңдағанда, барлық түпнұсаны бір файл (көп бетті) немесе әр түпнұсқаны бөлек (бір бет) сақтауды таңдаңыз.

Бұлтқа сканерлеуге арналған кеңейтілген мәзір опциялары

Ескертпе:

Жасаған басқа реттеулерге байланысты элементтер қолжетімді болмауы мүмкін.

Скан. айма.:

Сканерлеу аймағын таңдаңыз. Сканерлеу барысында мәтіннің немесе кескіннің айналасынан ақ бос орынды қиып алу үшін **Автоматты түрде кесу** параметрін таңдаңыз. Сканер әйнегінің ең көп аумағын сканерлеу үшін **Максималды аймақ** параметрін таңдаңыз.

Бағдар (түпн.):

Түпнұсқаның бағытын таңдаңыз.

Құжат түрі:

Түпнұсқаңыздың түрін таңдаңыз.

Бағдар (түпн.):

Түпнұсқаның бағытын таңдаңыз.

Интенсивтілік:

Сканерленген кескіннің контрастын таңдаңыз.

Көлеңкені жою:

Сканерленген кескінде көрсетілетін түпнұсқаның көлеңкелерді алып тастайды.

Айналасы:

Түпнұсқаның жиегіндегі көлеңкелерді алып тастайды.

Ортаңғы жағы:

Буклеттің біріктіру жиегінің көлеңкелерін алып тастайды.

Тесілген саңыл-ды алу:

Сканерленген кескінде көрсетілетін тесілген саңылауларды алып тастайды. Оң жақтағы ұяшыққа мәнді енгізу арқылы тесілген саңылауларды өшіру үшін аймақты көрсетуге болады.

Жою күйі:

Тесілген саңылауларды алып тастау үшін күйді таңдаңыз.

Бағдар (түпн.):

Түпнұсқаның бағытын таңдаңыз.

Барлық параметрді өшіру


Сканерлеу параметрлерін әдепкі параметрлеріне қайта орнатады.

WSD арқылы сканерлеу

Ескертпе:

- Бұл мүмкіндік тек Windows Vista немесе кейінгі нұсқасы орнатылған компьютерлер үшін қол жетімді.
- Егер Windows 7/Windows Vista жүйесін пайдаланатын болсаңыз, осы мүмкіндікті пайдалана отырып, компьютерді алдын ала орнатуыңыз қажет.

["WSD портын орнату" бетте 107](#)

1. Түпнұсқаларды қойыңыз.
["Түпнұсқаларды орналастыру" бетте 38](#)
2. Басқару тақтасындағы **Сканерлеу > WSD** параметрін таңдаңыз.
3. Компьютерді таңдаңыз.
4.  түймесін түртіңіз.

WSD портын орнату

Бұл бөлімде WSD портын Windows 7/Windows Vista үшін орнату әдісі сипатталады.

Ескертпе:

Windows 8 немесе кейінгі нұсқасы үшін, WSD порты автоматты түрде орнатылады.


WSD портын орнату үшін келесілер қажет.

- Принтер мен компьютер желіге қосылған.
- Принтер драйвері компьютерге орнатылған.

1. Принтерді іске қосыңыз.
2. Бастау түймесін басыңыз, сонан соң компьютердегі **Желі** түймесін басыңыз.
3. Принтерді тінтуірдің оң жағымен басып, **Орнату** опциясын таңдаңыз.

Пайдаланушының тіркелгісін басқару экраны көрсетілгенде **Жалғастыру** түймесін басыңыз.


Жою экраны көрінсе, **Жою** түймесін басып, қайтадан бастаңыз.




Ескертпе:

Желіде орнатылған принтер атауы мен модель атауы (EPSON XXXXXX (XX-XXXX)) желілік экранда көрсетіледі. Принтердің желіде орнатылған атауын принтердің басқару тақтасынан немесе желі күйі парағын басып шығару арқылы тексере аласыз.

4. Құрылғыңыз пайдалануға дайын түймесін басыңыз.



5. Хабарды тексеріп, **Жабу** түймесін басыңыз.



6. **Құрылғылар және принтерлер** экранын ашыңыз.

Windows 7

Бастау > **Басқару тақтасы** > **Аппараттық құралдар және дыбыс** (немесе **Аппараттық құралдар**) > **Құрылғылар және принтерлер** түймесін басыңыз.

Windows Vista

Бастау > **Басқару тақтасы** > **Аппараттық құралдар және дыбыс** > **Принтерлер** түймесін басыңыз.

7. Принтердің желідегі атауы бар белгішенің көрсетілгенін тексеріңіз.

WSD арқылы пайдаланғанда принтер атауын таңдаңыз.

Түпнұсқаларды смарт құрылғыға сканерлеу

Ескертпе:

Сканерлеу алдында, смарт құрылғыға Epson Smart Panel қолданбасын орнатыңыз.

1. Түпнұсқаларды қойыңыз.

[“Түпнұсқаларды орналастыру” бетте 38](#)

2. Смарт құрылғыда Epson Smart Panel қолданбасын іске қосыңыз.

3. Негізгі экраннан сканерлеу мәзірін таңдаңыз.

4. Кескіндерді сканерлеу және сақтау үшін экрандық нұсқауларды орындаңыз.

Факсты қолдану

Факс мүмкіндіктерін пайдалану алдында.	111
Осы принтердің факс мүмкіндіктерін қарап шығу.	111
Факстарды принтер көмегімен жіберу.	114
Принтерде факстарды қабылдау.	118
Факс жіберуге арналған мәзір параметрлері.	121
Кіріс жәшігі параметріне арналған мәзір опциялары.	125
Басқа факс мүмкіндіктерін пайдалану.	126
Факсты компьютерден жіберу.	127
Факстарды компьютерге қабылдау.	131

Факс мүмкіндіктерін пайдалану алдында

Факс мүмкіндіктерін пайдаланбас бұрын осыларды тексеріңіз.

- Принтер мен телефон желісі және телефон машинасы (егер ол пайдаланылып жатса) дұрыс жалғанған
- Факстың негізгі реттеулері (Факс параметрінің шебері) жасалған
- Басқа да қажетті Факс параметрлері реттеулері жасалған

Реттеулер үшін төмендегі «Қатысты ақпарат» тармағын қараңыз.

Қатысты ақпарат

- ➔ [“Принтерді телефон желісіне қосу” бетте 357](#)
- ➔ [“Принтерді факс жіберуге және қабылдауға дайындау” бетте 360](#)
- ➔ [“Пайдалануға байланысты принтердің факс мүмкіндіктері үшін реттеулерді жасау” бетте 362](#)
- ➔ [“Нег.параметрлер” бетте 285](#)
- ➔ [“Жіберу параметрлері” бетте 288](#)
- ➔ [“Контактілерді қолжетімді ету” бетте 347](#)
- ➔ [“Пайдаланушы параметрлері” бетте 296](#)

Осы принтердің факс мүмкіндіктерін қарап шығу

Мүмкіндік: факстарды жіберу

Әдістерді жіберу

- Автоматты түрде жіберу
 - ◇ **(Жіберу)** түймесін таңдау арқылы түпнұсқаны сканерлегенде, принтер алушылардың нөмірін теріп, факсты жібереді.
[“Факстарды принтер көмегімен жіберу” бетте 114](#)
- Қолмен жіберу
 - Алушының нөмірін реттеу арқылы желі қосылымында қолмен тексеруді орындағанда, факсты тікелей жіберуді бастау үшін ◇ **(Жіберу)** түймесін басыңыз.
[“Сыртқы телефон құрылғысынан теру арқылы факстар жіберу” бетте 116](#)

Факсты жібергенде алушыны тағайындау

Пернетақта, Контактілер және **Соңғы** бөлімі арқылы алушыларды енгізуге болады.

[“Алушы” бетте 121](#)

[“Контактілерді қолжетімді ету” бетте 347](#)

Факсты жібергенде Сканерлеу параметрлері

Факстарды жібергенде **Ажыратымд.** немесе **Түпнұсқалық өлшемі (әйнек)** сияқты элементтерді таңдауға болады.

["Сканерлеу параметрлері:" бетте 122](#)

Факсты жібергенде Факс жіберу параметрлері мүмкіндігін пайдалану

Тікелей жіберу (үлкен құжатты тұрақты жіберу) немесе **Факсты кейін жіберу** (факсты көрсетілген уақытта жіберу) сияқты **Факс жіберу параметрлері** мүмкіндігін пайдалануға болады.

["Факс жіберу параметрлері:" бетте 123](#)

Мүмкіндік: факстарды алу

Қабылдау режимі

Қабылдау режимі режимінде келіп түскен факстерді қабылдаудың екі тәсілі бар.

Қолмен

Басым түрде қоңырау шалуға, кейде факс жіберуге арналған

["Қолмен режимін пайдалану" бетте 118](#)

Авто

- Тек факс жіберуге арналған (сыртқы телефон құрылғысы қажет емес)

- Басым түрде факс жіберуге, кейде қоңырау шалуға арналған

["Авто режимін пайдалану" бетте 119](#)

Жалғанған телефонды пайдалану арқылы факстарды алу


Сыртқы телефон құрылғысын пайдалану арқылы ғана факстарды алуға болады.

["Факс параметрлері" бетте 285](#)

["Телефон құрылғысын жалғағанда реттеулерді жасау" бетте 363](#)

Алынған факстардың орындары

Әдепкі бойынша алынған факстар басып шығарылады. Алынған факстарды кіріс жәшігіне және сыртқы жад құрылғысына сақтау үшін параметрлерді реттеуге болады. Егер кіріс жәшігіне сақтасаңыз, экрандағы мазмұндарды тексеруге болады.



["Қабылданған факсты сақтау орны" бетте 289](#)

["Кіріс жәшігі параметріне арналған мәзір опциялары" бетте 125](#)

["Принтерде сақталған алынған факстарды СКД экранында көру" бетте 120](#)

Мүмкіндік: PC-FAX жіберу/алу (Windows/Mac OS)

PC-FAX жіберу

Компьютерден факстарды жіберуге болады.

["Компьютерден факстарды жіберуді қосу" бетте 366](#)

["Факс операцияларын конфигурациялауға және факстар жіберуге арналған қолданба \(FAX Utility\)" бетте 270](#)

["Факстарды жіберуге арналған қолданба \(PC-FAX драйвері\)" бетте 271](#)

["Факсты компьютерден жіберу" бетте 127](#)

PC-FAX алу

Компьютерге факстарды алуға болады.

["Компьютерде факстарды жіберу және алу үшін параметрлерді реттеу" бетте 366](#)

["Факс операцияларын конфигурациялауға және факстар жіберуге арналған қолданба \(FAX Utility\)" бетте 270](#)

["Факстарды компьютерге қабылдау" бетте 131](#)

Мүмкіндіктер: Әртүрлі факс есептері

Есепте жіберілген немесе алынған факстардың күйін тексеруге болады.



The screenshot shows a document header with 'XX-XXXXXXXX' on the left and the 'EPSON EXCEED YOUR VISION' logo on the right. Below the header is a box titled 'Fax Communication Log' with 'PAGE: 001/001' and 'XXXX.XX.XX XX:XX.PM' to its right. Underneath, there are fields for 'Name : XXXX' and 'Fax : XXXX XX XXXX'. The main part of the document is a table with the following columns: Date, Time, Type, ID, Duration, Pages, and Result. The table contains three rows of data.

Date	Time	Type	ID	Duration	Pages	Result
XX.XX	XX:XX.PM	Send	XX XXXX XXXX	00:00	000/001	No Answer
XX.XX	XX:XX.PM	Receive		00:37	001	OK
XX.XX	XX:XX.AM	Send	XXX XXX XXXX			OK

["Есеп параметрлері" бетте 292](#)

["Факс жіберу параметрлері:" бетте 123](#)

["Жіберу журналы:" бетте 124](#)

["Факс туралы есеп:" бетте 124](#)

Функция: факс жіберу және қабылдау қауіпсіздігі

Қате орынға жіберуді болдырмау үшін **Нөм.тік.теру б-ша шект.** сияқты көптеген қауіпсіздік мүмкіндіктерін немесе ақпараттың шығуын болдырмау үшін **Дер.рез.көш.авт.өшіру** мүмкіндігін пайдалануға болады. Принтерде кіріс жәшігі үшін құпиясөзді орнатуға болады.

["Қауіпсіздік параметрлері" бетте 292](#)

[“Кіріс жәшікке сақтау:” бетте 289](#)

Мүмкіндіктер: басқа пайдалы мүмкіндіктер

Қалаусыз факстарды блоктау

Қалаусыз факстарды шығаруға болады.

[“Бас тарту факсы:” бетте 287](#)

Нөмір теруден кейін факстарды алу

Басқа факс машинасының нөмірін тергеннен кейін, құжаттарды осы факс машинасынан алуға болады.

[“Телефон қоңырауын шалу арқылы факстарды алу” бетте 120](#)

[“Қабылдауды сұрау:” бетте 124](#)

Факстарды принтер көмегімен жіберу

Принтердің басқару тақтасында алушылардың факс нөмірлерін енгізу арқылы факстарды жіберуге болады.

Ескертпе:

Факсты монохромды түрде жібергенде жібермес бұрын СКД экранында сканерленген кескінді алдын ала қарауға болады.

1. Түпнұсқаларды қойыңыз.

Бір жібергенде 100 бетке дейін жіберуге болады, алайда қалған жад көлеміне байланысты тіпті 100 бетке жетпейтін факстарды жіберу мүмкін емес болуы ықтимал.

[“Түпнұсқаларды орналастыру” бетте 38](#)

2. Принтердің басқару тақтасында **Факс** параметрін таңдаңыз.

3. Алушыны көрсетіңіз.

[“Алушыларды таңдау” бетте 115](#)


4. **Факс параметрлері** параметрін таңдап, реттеулерді қажетінше жасаңыз.

[“Факс параметрлері” бетте 122](#)

5. Факс жіберу үшін, **Алушы** қойындысындағы  түймесін түртіңіз.

Ескертпе:

Егер факс нөмірі бос емес не қандай да бір ақаулар болса, принтер автоматты түрде бір минуттан кейін қайта тереді.

Жіберуден бас тарту үшін  түймесін түртіңіз.

Түрлі-түсті факс жіберу ұзағырақ уақыт алады, себебі принтер сканерлеу мен жіберуді бір мезгілде орындайды. Принтер түсті факс жіберуі кезінде басқа мүмкіндіктерді пайдалану мүмкін емес.

Алушыларды таңдау

Келесі әдістер арқылы факсты жіберу үшін **Алушы** қойындысында алушыларды көрсетуге болады.

Факс нөмірін қолмен енгізу

Пернетақта параметрін таңдап, көрсетілген экранда факс нөмірін енгізіңіз, содан соң **ОК** параметрін таңдаңыз.

- Нөмір теру барысында кідірісті қосу үшін (үш секунд кідіріңіз) сызықша (-) қосыңыз.
- Егер **Желі түрі** параметрінде сыртқы кіру кодын орнатсаңыз, факс нөмірінің басында нақты сыртқы кіру кодының орнына «#» (тор) енгізіңіз.

Ескертпе:

Егер факс нөмірін қолмен енгізу мүмкін болмаса, **Қауіпсіздік параметрлері** бөліміндегі **Нөм.тік.теру б-ша шект.** параметрі **Қосу** күйіне орнатылады. Контактілер тізімінен немесе жіберілген факс журналынан факс алушыларын таңдаңыз.

Контактілер тізімінен алушыларды таңдау

Контактілер бөлімін таңдаңыз, жібергіңіз келетін алушыларды таңдаңыз және содан кейін **Жабу** таңдаңыз. Егер жіберу қажет алушы **Контактілер** бөлімінде әлі тіркелмесе, **Жазба қосу** параметрін таңдап, оны тіркеңіз.

Жіберілген факс журналынан алушыларды таңдау

Соңғы параметрін таңдап, алушыны таңдаңыз.

Ескертпе:

Енгізілген алушыларды жою үшін факс нөмірінің түймесін немесе СҚД экранындағы алушылардың нөмірін тұрту арқылы алушылардың тізімін көрсетіп, тізімнен алушыны таңдап, **Жою** параметрін таңдаңыз.

Қатысты ақпарат

→ ["Контактілерді қолжетімді ету" бетте 347](#)

Факс жіберудің түрлі жолдары

Сканерленген кескінді тексергеннен кейін факсты жіберу

Факсты жіберу алдында СҚД экранында сканерленген кескінді алдын ала қарауға болады. (Тек монохромды факстар)

1. Түпнұсқаларды қойыңыз.
["Түпнұсқаларды орналастыру" бетте 38](#)
2. Негізгі экраннан **Факс** параметрін таңдаңыз.
3. Алушыны көрсетіңіз.
["Алушыларды таңдау" бетте 115](#)

4. **Факс параметрлері** параметрін таңдап, реттеулерді қажетінше жасаңыз.

[“Факс параметрлері” бетте 122](#)

5. Сканерлеу үшін **Алушы** қойындысында **А.қ.шығу** опциясын таңдаңыз және содан кейін сканерленген құжат кескінін тексеріңіз.

-     : экранды көрсеткілердің бағытымен жылжытады.

-   : кішірейтеді немесе үлкейтеді.

-   : алдыңғы немесе келесі бетке ауыстырады.

Ескертпе:

- Тікелей жіберу** қосылған кезде алдын ала көріністі көру мүмкін емес.
- Алдын ала қарау экраны **Параметрлер > Жалпы параметрлер > Факс параметрлері > Жіберу параметрлері > Факсті алдын ала көру уақыты** бөлімінде орнатылған уақыт бойы әрекетсіз тұрса, факс автоматты түрде жіберіледі.
- Кескін сапасы алушының құрылғысы мүмкіндіктеріне байланысты алдын ала қаралған көріністен өзгеше болуы мүмкін.

6. **Жіберуді бастау** параметрін таңдаңыз. Кері жағдайда, **Бол-мау** параметрін таңдаңыз

Ескертпе:

Кескін сапасы алушының құрылғысы мүмкіндіктеріне байланысты алдын ала қаралған көріністен өзгеше болуы мүмкін.

Сыртқы телефон құрылғысынан теру арқылы факстар жіберу

Факс жібермей тұрып телефон арқылы сөйлескіңіз келсе немесе алушының факс құрылғысы факсқа автоматты қосылмаса, факсты қосылған телефонды теру арқылы жіберуге болады.

1. Қосылған телефон тұтқасын көтеріп, телефон арқылы алушының факс нөмірін теріңіз.

Ескертпе:

Алушы телефонға жауап бергенде, алушымен сөйлесуге болады.

2. Негізгі экраннан **Факс** таңдаңыз.

3. **Факс параметрлері** бөлімінде қажетті реттеулерді жасаңыз.

[“Факс параметрлері” бетте 122](#)

4. Факс үні шыққан кезде  түймесін түртіп, тұтқаны көтеріңіз.

Ескертпе:

Нөмірді қосылған телефон арқылы терген кезде факсты жіберу ұзағырақ уақыт алады, себебі принтер сканерлеу мен жіберуді бір мезгілде орындайды. Факс жіберу кезінде басқа мүмкіндіктерді пайдалану мүмкін емес.

Монохромды құжаттың көптеген беттерін жіберу (Тікелей жіберу)

Факсты монохромды жібергенде сканерленген құжат уақытша принтер жадына сақталады. Сондықтан көп бетті жіберу принтердің жадының бітуіне немесе факсты жіберуді тоқтатуына

әкелуі мүмкін. **Тікелей жіберу** мүмкіндігін қосу арқылы мұның алдын алуға болады, алайда факс жіберу үшін уақыт көбірек кетуі мүмкін, себебі принтер сканерлеу мен жіберуді бір мезгілде орындайды. Бұл мүмкіндікті тек бір ғана алушы болғанда пайдалануға болады.

Мәзірге кіру

Мәзірді төмендегі принтердің басқару тақтасынан табуға болады.

Факс > Факс параметрлері Тікелей жіберу.

Факстарды күннің көрсетілген уақытында монохромды күйде жіберу (Факсты кейін жіберу)

Факсты белгіленген уақытта жіберуге орнатуыңызға болады. Жіберу уақыты көрсетілетін кезде тек монохромды факстарды ғана жіберуге болады.

1. Негізгі экраннан **Факс** таңдаңыз.
2. Алушыны көрсетіңіз.
[“Алушыларды таңдау” бетте 115](#)
3. **Факс параметрлері** параметрін таңдап, **Факсты кейін жіберу** параметрін таңдаңыз.
4. Бұны **Қосу** күйіне орнату үшін **Факсты кейін жіберу** өрісін түртіңіз.
5. **Уақыт** өрісін таңдап, факс жіберілетін уақытты енгізіңіз, содан соң **ОК** параметрін таңдаңыз.
6. Параметрлерді қолдану үшін **ОК** параметрін таңдаңыз.
Сондай-ақ, ажыратымдылық пен жіберу әдісі сияқты параметрлерді қажетінше жасаңыз.
7. Факс жіберіңіз.

Ескертпе:

*Факс көрсетілген уақытта жіберілмегенше басқа факсты жіберуге болмайды. Егер тағы біреуін жіберу қажет болса, негізгі экрандағы **Факс** параметрін таңдау арқылы жоспарланған факстан бас тартып, оны жою қажет.*

ADF көмегімен түрлі өлшемді құжаттарды жіберу (Үздіксіз сканерлеу(ADF))

Түпнұсқаларды бірінің үстіне бірін қою арқылы немесе түпнұсқаларды өлшемдері бойынша қою арқылы факстарды жіберіп, оларды бастапқы өлшемдерінде бір құжат ретінде жіберуге болады.

Ескертпе:

Егер сіз ADF құрылғысына әртүрлі өлшемдегі түпнұсқалар бумасын салсаңыз, түпнұсқалар олардың ішіндегі ең кең түпнұсқаның енін және әр түпнұсқаның ұзындығын ескере отырып жіберіледі.

1. Бірдей өлшемдегі түпнұсқалардың бірінші бумасын қойыңыз.
2. Негізгі экраннан **Факс** параметрін таңдаңыз.
3. Алушыны көрсетіңіз.

[“Алушыларды таңдау” бетте 115](#)

4. **Факс параметрлері** қойындысын таңдап, оны **Қосу** күйіне орнату үшін **Үздіксіз сканерлеу(ADF)** түймесін түртіңіз.

Сондай-ақ, ажыратымдылық пен жіберу әдісі сияқты параметрлерді қажетінше жасаңыз.

5. **Алушы** қойындысындағы **◇ (Жіберу)** түймесін түртіңіз.

6. Түпнұсқалардың бірінші жиынтығын сканерлеу аяқталғанда және түпнұсқалардың келесі жиынтығын сканерлеуді сұрайтын хабар басқару тақтасында көрсетілгенде, **Иә** параметрін таңдап, келесі түпнұсқаларды орнатыңыз, содан соң **Сканерлеуді баст.** параметрін таңдаңыз.

Ескертпе:


Егер келесі түпнұсқаларды салу сұралғаннан кейін принтер **Параметрлер > Жалпы параметрлер > Факс параметрлері > Жіберу параметрлері > Келесі түпнұсқа үшін күту уақыты** бөлімінде орнатылған уақыт бойы әрекетсіз тұрса, принтер құжатты сақтауды тоқтатып, оны жіберуді бастайды.

Принтерде факстарды қабылдау

Егер принтер телефон желісіне жалғанса және негізгі параметрлер Факс параметрінің шебері мүмкіндігі арқылы аяқталса, факстарды алуға болады.

Алынған факстарды сақтауға, оларды принтердің экранында тексеруге және оларды қажетінше басып шығаруға болады.

Алынған факс принтердің бастапқы параметрлерінде басып шығарылады.



Факс параметрлерінің күйін тексеру қажет болғанда, **Факс > ≡ (Қосымша) > Факс туралы есеп > Факс парам-ң тізімі** параметрін таңдау арқылы **Факс парам-ң тізімі** парағын басып шығарыңыз.

Кіріс факстарды қабылдау

Қабылдау режимі бөлімінде екі опция бар.

Қатысты ақпарат

- ➔ [“Қолмен режимін пайдалану” бетте 118](#)
- ➔ [“Авто режимін пайдалану” бетте 119](#)


Қолмен режимін пайдалану

Бұл режимі, негізінен, телефон қоңырауларын жасауға арналған, бірақ факс жіберуге де болады.

Факстар қабылдау

Телефон шырылдаған кезде тұтқаны көтеріп қоңырауға қолмен жауап беруге болады.

- Факс сигналын (бод) естіген кезде:

Принтердің негізгі экранында **Факс** бөлімін таңдап, **Жіберу/ Қабылдау > Қабылдау** параметрін таңдаңыз, содан соң  түймесін түртіңіз. Принтер факсты қабылдап бастағаннан кейін, тұтқаны қоюға болады.

- Дауыстық қоңырауға шырылдаса:

Телефонға әдеттегідей жауап беруге болады.

Факстарды тек жалғанған телефон арқылы алу

Қашықтан қабылдау параметрі орнатылғанда, жай ғана **Бастау коды** параметрін енгізу арқылы факстарды алуға болады.

Телефон қоңырау шалғанда тұтқаны көтеріңіз. Факс дыбысын (бод) естігенде, екі цифрді **Бастау коды** теріп, тұтқасын көтеріңіз. Егер бастау кодын білмесеңіз, әкімшіден сұраңыз.

Қатысты ақпарат

→ ["Қашықтан қабылдау:" бетте 287](#)

Авто режимін пайдалану

Бұл режим желіні келесі мақсаттарға пайдалануға мүмкіндік береді.

- Желіні факске ғана пайдалану (сыртқы телефон қажет емес)
- Желіні негізінен факс жіберуге және кейде телефон қоңырауларына пайдалану

Факстарды сыртқы телефон құрылғысыз алу

Принтер **Жау.берг.дей.қоң. саны** бөлімінде орнатқан қоңыраулардың нөмірі аяқталғанда, факстарды алу мүмкіндігіне автоматты түрде ауыстырады.

Факстарды сыртқы телефон құрылғысымен алу


Сыртқы телефон құрылғысы бар принтер келесі тәртіпте жұмыс істейді.

- Жауап беру машинасы **Жау.берг.дей.қоң. саны** бөлімінде орнатылған қоңыраулары нөмірімен жауап бергенде:

- Егер қоңырау факсқа арналса, принтер факстарды алуға автоматты түрде ауысады.

- Егер қоңырау дауыстық қоңырауға арналса, жауап беру машинасы дауыстық қоңырауларды алып, дауыстық хабарларды жаза алады.

- Тұтқаны **Жау.берг.дей.қоң. саны** бөлімінде орнатылған қоңыраулар нөмірімен көтергенде:

- Егер қоңырау факсқа арналса: принтердің басқару тақтасында **Қосылуда** хабары көрсетіліп, принтер факсты автоматты түрде қабылдап бастағанша сызықты ұстап тұрыңыз. Принтер факсты қабылдап бастағаннан кейін, тұтқаны қоюға болады. Факс алуды дереу бастау үшін **Қолмен** бөліміне арналған қадамдарды пайдаланыңыз. Принтердің басқару тақтасында **Факс** тармағын таңдап, **Жіберу/ Қабылдау > Қабылдау** опциясын таңдаңыз. Енді,  тармағын түртіңіз, тұтқаны көтеріңіз.

- Егер қоңырау дауыстық қоңырауға арналса, телефонға қалыпты түрде жауап беруге болады.

- ❑ Қоңырау тоқтаса және принтер факстарды алуға автоматты түрде ауысқанда:
 - Егер қоңырау факсқа арналса, принтер факстарды алуды бастайды.
 - Егер қоңырау дауыстық қоңырауға арналса, телефонға жауап бере алмайсыз. Адамға сізге қайта қоңырау шалуды сұраңыз.

Ескертпе:

Жауап беру машинасына арналған үшін қоңыраулардың нөмірін **Жау.берг.дей.қоң. саны** бөлімінде орнатылған нөмірден төмен нөмірге орнатыңыз. Керісінше жағдайда жауап беру құрылғысы дауыстық хабарларды жазып алу үшін дауыстық қоңырауларды ала алмайды. Жауап беру машинасын реттеу туралы мәліметтерді жауап беру машинасымен бірге берілетін нұсқаулықты қараңыз.

Телефон қоңырауын шалу арқылы факстарды алу

Факс нөмірін теру арқылы басқа факс құрылғысында сақталған факсты алуға болады.

Сұрау бойынша факс алу (Қабылдауды сұрау)

Факс нөмірін теру арқылы басқа факс құрылғысында сақталған факсты алуға болады. Құжатты факс ақпарат қызметінен қабылдау үшін бұл мүмкіндікті пайдаланыңыз. Алайда, факс ақпаратының қызметінде құжатты қабылдау үшін орындалатын дыбыстық бағдарлау мүмкіндігі болмаса, бұл мүмкіндікті қолдану мүмкін болмайды.

Ескертпе:

Аудио нұсқаулықты пайдаланатын факс ақпараты қызметінен құжатты қабылдау үшін жалғанған телефон арқылы факс нөмірін теріңіз және аудио нұсқаулықты орындап, телефон мен принтерді басқарыңыз.

1. Негізгі экраннан **Факс** параметрін таңдаңыз.
2. ☰ түймесін (Қосымша) түртіңіз.
3. Мұны **Қосу** күйіне орнату үшін **Қабылдауды сұрау** түймесін түртіңіз, содан соң **Жабу** түймесін түртіңіз.
4. Факс нөмірін енгізіңіз.

[“Алушыларды таңдау” бетте 115](#)

Ескертпе:

Қауіпсіздік параметрлері > **Нөм.тік.теру б-ша шект.** параметрі **Қосу** күйіне орнатылғанда, факс алушыларын контактілер тізімінен таңдауға немесе факс журналын жіберуге болады. Факс нөмірін қолмен енгізу мүмкін емес.

5. **Қабылдауды сұрау** іске қосу үшін, ⬠ түймесін түртіңіз.


Принтерде сақталған алынған факстарды СКД экранында көру


Егер принтерде алынған факстар сақталатындай етіп реттесеңіз, мазмұндарын көріп, қажет болса, басып шығаруға болады.










[“Алынған факстарды кіріс жәшігіне сақтау үшін реттеулерді жасау” бетте 364](#)

1. Негізгі экрандағы  түймесін түртіңіз.

Ескертпе:

Қабылданған факстар арасында оқылмағандар бар болса, оқылмаған құжаттар саны басты экранның  белгішесінде көрсетіледі.



2. **Кіріс қалта/құпия қалт. ашу (XX оқылм.)** түймесін түртіңіз.
3. Кіріс жәшігі құпия сөзбен қорғалған болса, кіріс жәшігінің құпия сөзін енгізіңіз.
4. Тізімнен көру керек факсты таңдаңыз.
Факс мазмұны көрсетіледі.
 -     : экранды көрсеткілердің бағытымен жылжытады.
 -   : кішірейтеді немесе үлкейтеді.
 -  : кескінді оңға қарай 90 градусқа бұрады.
 -   : алдыңғы немесе келесі бетке ауыстырады.
 - Әрекет белгілерін жасыру үшін сол белгілерден басқа алдын ала қарау экранының кез келген жерін түртіңіз. Белгішелерді көрсету үшін қайта түртіңіз.
5. Көрген құжатты басып шығаруды не жоюы таңдаңыз да, экрандық нұсқауларды орындаңыз.



Маңызды:

Принтердің жады толып кетсе, факстарды қабылдау және жіберу өшіріледі. Оқылған немесе басып шығарылған құжаттарды жойыңыз.

Факс жіберуге арналған мәзір параметрлері

Алушы

Төменде сипатталғандай басқару тақтасындағы мәзірлерді таңдаңыз.

Факс > Алушы

Пернетақта:

Факс нөмірін қолмен енгізіңіз.

Контактілер:

Контактілер тізімінен алушыны таңдаңыз. Сондай-ақ, контакт қосуға немесе өңдеуге болады.

Соңғы:

Жіберілген факс журналынан алушыны таңдаңыз. Сондай-ақ, контактілер тізіміне алушыны қосуға болады.

Қатысты ақпарат

➔ [“Алушыларды таңдау” бетте 115](#)

Факс параметрлері

Төменде сипатталғандай басқару тақтасындағы мәзірлерді таңдаңыз.

Факс > Факс параметрлері

Сканерлеу параметрлері:

Ажыратымд.:

Шығыс факстың ажыратымдылығын таңдаңыз. Егер ең жоғарғы ажыратымдылықты таңдасаңыз, деректер өлшемі үлкейіп, факсты жіберуге уақыт алады.

Интенсивтілік:

Шығыс факстың тығыздығын орнатады. + белгісі тығыздықты күңгірттеу етеді және - белгісі ашықтау етеді.

Фонды жою:

Түпнұсқалы құжаттың қағаз түсін (фон түсі) анықтап, түсте жояды немесе ашығырақ етеді. Түстің күңгірттігі мен қанықтығына байланысты оны жою немесе ашығырақ ету мүмкін емес болуы ықтимал

Анықтық:

Кескін шетін кеңейтеді немесе фокустан алады. + белгісі анықтықты жақсартады және - анықтықты фокустан алады.

Үздіксіз сканерлеу(ADF):

Түпнұсқаларды бірінің үстіне бірін қою арқылы немесе түпнұсқаларды өлшемдері бойынша қою арқылы факстарды жіберіп, оларды бастапқы өлшемдерінде бір құжат ретінде жіберуге болады.

[“ADF көмегімен түрлі өлшемді құжаттарды жіберу \(Үздіксіз сканерлеу\(ADF\)\)” бетте 117](#)

Түпнұсқалық өлшемі (әйнек):

Сканер әйнегі үстіне қойған түпнұсқаның өлшемін және бағытын таңдаңыз.

Түс режимі:

Түсті немесе бір түсті етіп сканерлеуді таңдаңыз.

Факс жіберу параметрлері:

Тікелей жіберу:

Түпнұсқаларды сканерлеу барысында монохромды факс жібереді. Үлкен көлемдегі беттерді жіберсеңіз де, сканерленген түпнұсқалар принтердің жадында уақытша сақталмаса, жадтың жеткіліксіз болуына байланысты принтердің қателерін болдырмауға болады. Осы мүмкіндікті пайдаланып жіберуге кететін уақыт осы мүмкіндікті пайдаланбай жіберуге кететін уақытта көп уақытты алатынын ескеріңіз. Осы мақаланың төменгі жағындағы қатысты ақпаратты қараңыз.

Факсты бірнеше алушыға жіберген кезде осы мүмкіндікті пайдалануға болады.

[“Монохромды құжаттың көптеген беттерін жіберу \(Тікелей жіберу\)” бетте 116](#)

Факсты кейін жіберу:

Факсты сіз көрсеткен уақытта жібереді. Осы опциясын пайдаланған кезде тек бір түсті факс қолжетімді болады.

[“Факстарды күннің көрсетілген уақытында монохромды күйде жіберу \(Факсты кейін жіберу\)” бетте 117](#)

Жіберуші ақпаратын қосу:

Жіберуші ақпаратын қосу

Шығыс факста үстіңгі деректеме ақпаратын (жіберуші аты мен факс нөмірі) қосу қажет орынды немесе ақпаратты қоспауды таңдаңыз.

- **Өшірулі:** Үстіңгі деректеме ақпараты жоқ факсты жібереді.

- **Кескін сыртында:** Факстың жоғарғы ақ жақтауындағы үстіңгі деректеме ақпараты бар факсты жібереді. Бұл үстіңгі деректемені сканерленген кескінмен қабаттасуынан қорғайды, бірақ алушыдан қабылданған факс түпнұсқалардың өлшеміне байланысты екі парақта басып шығарылуы мүмкін.

- **Кескін ішінде:** Сканерленген кескіннің жоғарғы жағынан шамамен 7 мм өлшемге төмендеу үстіңгі деректеме ақпараты бар факсты жібереді. Үстіңгі деректеме кескінмен қабаттасуы мүмкін, бірақ алушы қабылдаған факсты екі құжатқа біріктіру мүмкін болмайды.

Факс тақырыбы

Алушыға үстіңгі деректемені таңдаңыз. Бұл мүмкіндікті пайдалану үшін бірнеше үстіңгі деректемені алдын ала тіркеу қажет.

Қосымша ақпарат

Қосу қажет ақпаратты таңдаңыз. **Телефон нөміріңіз** және **Тағайындалған орындар тізімі** тізімінен біреуін таңдауға болады.

Тасымал есебі:

Факс жібергеннен кейін жіберу есебін басып шығарады.

Қатені басып шығару қате пайда болғанда есепті ғана басып шығарады.

Кескінді есепке тіркеу параметрі **Параметрлер > Жалпы параметрлер > Факс параметрлері > Есеп параметрлері** күйіне орнатылғанда, қателері бар факстар да есеппен бірге басып шығарылады.

Барлық парам-ді өшіру:

Сканерлеу параметрлері және **Факс жіберу параметрлері** бөліміндегі барлық параметрді әдепкі параметрлеріне қайта орнатады.

Қосымша

Негізгі экрандағы **Факс** тармағында  параметрін таңдасаңыз, **Қосымша** мәзірі көрсетіледі.

Жіберу журналы:

Жіберілген немесе алынған факс тапсырмаларын тексеруге болады.

Факс туралы есеп:

Соңғы берілім:

Жіберілген немесе сұрау арқылы алынған алдыңғы факс үшін есеп басып шығарады.

Факс журналы:

Компьютерден немесе смарт құрылғыдан және компьютерден жалғанған SSID идентификаторлары әртүрлі.

Шешімдер

Бір уақытта бірнеше сымсыз маршрутизаторды пайдаланғанда немесе сымсыз маршрутизаторда бірнеше SSID идентификаторы болғанда және құрылғылар әртүрлі SSID идентификаторына жалғанғанда, сымсыз маршрутизаторға жалғау мүмкін емес.



Компьютерді немесе смарт құрылғыны принтердің SSID идентификаторына қосыңыз.

- Желі қосылымын тексеру есебін басып шығару арқылы принтер қосылатын SSID желісін тексеріңіз.
- Принтерге қосқыңыз келетін барлық компьютерлер мен смарт құрылғыларда қосылған Wi-Fi немесе желі атауын тексеріңіз.
- Принтер және сіздің компьютеріңіз немесе смарт құрылғы әртүрлі желілерге қосылған болса, құрылғыны принтер қосылған SSID желісіне қайта жалғаңыз.

Сымсыз маршрутизаторда құпиялылық бөлгіш қолжетімді.

Шешімдер

Көпшілік сымсыз маршрутизаторларда бірдей SSID ішінде құрылғылар арасында байланысты блоктайтын бөлгіш функциясы бар. Егер принтер мен компьютер немесе смарт құрылғы бірдей желіге қосыла да, олардың арасында байланысу мүмкін емес болса, сымсыз маршрутизатордағы бөлгіш функциясын ажыратыңыз. Мәліметтер алу үшін сымсыз маршрутизатормен бірге берілген нұсқаулықты қараңыз.

■ IP мекенжайы дұрыс емес тағайындалған.

Шешімдер

Принтерге тағайындалған IP мекенжайы 169.254.XXX.XXX және қосалқы желі маскасы 255.255.0.0 болса, IP мекенжайының дұрыс тағайындалмауы мүмкін.

Принтердің басқару тақтасындағы **Параметрлер > Жалпы параметрлер > Желі параметрлері > Қосымша > TCP/IP** таңдап, содан соң IP мекенжайы мен қосалқы желі маскасы принтерге тағайындалғанын тексеріңіз.

Сымсыз маршрутизаторды қайта іске қосыңыз немесе принтердің желілік параметрлерін қайта орнатыңыз.

Принтер желілік параметрлері дұрыс болмаса, принтердің желілік параметрлерін желі ортасына сәйкес қайта конфигурациялаңыз.

➔ [“Желі қосылымын қайта реттеу” бетте 244](#)

■ Бұл смарт құрылғыдағы желі параметрлеріне қатысты проблема болып табылады.

Шешімдер

Смарт құрылғының желі реттеулері дұрыс екенін тексеру үшін смарт құрылғыдан қандай да бір веб-сайтқа кіріп көріңіз. Егер қандай да бір веб-сайтқа кіру мүмкін болмаса, онда смарт құрылғыда проблема бар.

Компьютердің желі қосылымын тексеріңіз. Мәліметтерді смарт құрылғымен бірге қамтамасыз етілген құжаттамадан қараңыз.

Сканерленген кескіндерді ортақ қалтаға сақтау мүмкін емес

Хабарлар басқару тақтасында көрсетіледі

Басқару тақтасында қате туралы хабарлар көрсетілгенде, проблемаларды шешу үшін хабардың өзін немесе келесі тізімді тексеріңіз.

Хабарлар	Шешімдері
<p>DNS қатесі. DNS параметрлерін тексеріңіз.</p>	<p>Компьютерге жалғау мүмкін емес. Келесіні тексеріңіз.</p> <ul style="list-style-type: none"> <input type="checkbox"/> Принтердің контактілер тізіміндегі мекенжай және ортақ қалтаның мекенжайы бірдей екенін тексеріңіз. <input type="checkbox"/> Егер компьютердің IP мекенжайы статикалық болса және қолмен орнатылған болса, желі жолында компьютердің атауын IP мекенжайына өзгертіңіз. Мысалы: \\EPSON02\SCAN — \\192.168.xxx.xxx\SCAN <input type="checkbox"/> Компьютер қосулы және ұйқы режимінде емес екенін тексеріңіз. Егер компьютер ұйықтап жатса, сканерленген кескіндерді ортақ қалтаға сақтау мүмкін емес. <input type="checkbox"/> Компьютердің брендмауэрін және қауіпсіздік бағдарламалық құралын уақытша ажыратыңыз. Егер ол қатені жойса, қауіпсіздік бағдарламалық құралындағы параметрлерді тексеріңіз. <input type="checkbox"/> Егер Жалпыға қолжетімді желі параметрі желі орны ретінде таңдалса, сканерленген кескіндерді ортақ қалтаға сақтау мүмкін емес. Әрбір порт үшін қайта жіберу параметрлерін орнатыңыз. <input type="checkbox"/> Егер ноутбукті пайдаланып жатсаңыз және IP мекенжайы DHCP ретінде орнатылса, желіге қайта қосылғанда IP мекенжайы өзгеруі мүмкін. IP мекенжайын қайта алыңыз. <input type="checkbox"/> DNS параметрі дұрыс екенін тексеріңіз. DNS параметрлері туралы желі әкімшісіне хабарласыңыз. <input type="checkbox"/> DNS серверінің басқару кестесі жаңартылмағанда, компьютер атауы мен IP мекенжайы әртүрлі болуы мүмкін. DNS серверінің әкімшісіне хабарласыңыз.
<p>Аутентификация қатесі. Аутентификация әдісін, аутентификацияланған есептік жазбаны және аутентификацияланған құпия сөзді тексеріңіз.</p>	<p>Компьютердегі пайдаланушы аты мен құпиясөзі және принтердегі контактілер дұрыс екенін тексеріңіз. Сондай-ақ, құпиясөздің мерзімі өтпегенін тексеріңіз.</p>
<p>Байланыс қатесі. Wi-Fi/желі қосылымын тексеріңіз.</p>	<p>Контактілер тізімінде тіркелген жаңа қалтамен байланысу мүмкін емес. Келесіні тексеріңіз.</p> <ul style="list-style-type: none"> <input type="checkbox"/> Use Microsoft network sharing параметрі Web Config бөлімінде қосылғанын тексеріңіз. Web Config бөлімінде Network > MS Network параметрін таңдаңыз. <input type="checkbox"/> Принтердің контактілер тізіміндегі мекенжай және ортақ қалтаның мекенжайы бірдей екенін тексеріңіз. <input type="checkbox"/> Контактілер тізіміндегі пайдаланушының кіру рұқсаттары ортақ қалта сипаттарының Ортақ пайдалану қойындысына және Қауіпсіздік қойындысына қосылуы қажет. Сондай-ақ, пайдаланушының рұқсаттары «рұқсат етілген» күйіне орнатылуы қажет.
<p>Файлд атауы әлдеқашан бар. Файлдың атын өзгертіп, қайта сканерлеңіз.</p>	<p>Файл атауы параметрлерін өзгертіңіз. Не болмаса, файлдарды жылжытыңыз немесе жойыңыз не ортақ қалтадағы файл атауын өзгертіңіз.</p>
<p>Сканерленген файл(дар) тым үлкен. Тек XX бет жіберілді. Орны өрісінде орын жеткілікті екендігін тексеріңіз.</p>	<p>Компьютерде диск орны жеткіліксіз. Компьютердегі бос орынды арттырыңыз.</p>

Қате пайда болған бөлімді тексеру

Шешімдер

Сканерленген кескіндерді ортақ қалтаға сақтағанда, сақтау процесі келесі әдіспен орындалады. Содан соң, қате пайда болған бөлімді тексеруге болады.

Элементтер	Әрекет	Қате хабарлары
Қосу	Принтерден компьютерге қосыңыз.	DNS қатесі. DNS параметрлерін тексеріңіз.
Компьютерге кіру	Компьютерге пайдаланушы аты және құпия сөзімен кіріңіз.	Аутентификация қатесі. Аутентификация әдісін, аутентификацияланған есептік жазбаны және аутентификацияланған құпия сөзді тексеріңіз.
Сақталатын қалтаны тексеру	Отақ қалтаның желі жолын тексеріңіз.	Байланыс қатесі. Wi-Fi/желі қосылымын тексеріңіз.
Файл атауын тексеру	Қалтада сақтау қажет файлдың атауымен бірдей файл бар екенін тексеріңіз.	Файлд атауы әлдеқашан бар. Файлдың атын өзгертіп, қайта сканерлеңіз.
Файлды жазу	Жаңа файл жазыңыз.	Сканерленген файл(дар) тым үлкен. Тек XX бет жіберілді. Орны өрісінде орын жеткілікті екендігін тексеріңіз.

Сканерленген кескіндерді сақтау ұзақ уақыт алады

Атау ажыратымдылығы «Домен атауы» және «IP мекенжайы» параметріне сәйкес келуі үшін ұзақ уақыт кетуі мүмкін.

Шешімдер

Келесіні бөлімдерді тексеріңіз.

- DNS параметрі дұрыс екенін тексеріңіз.
- Web Config бөлімін тексергенде DNS параметрі дұрыс екенін тексеріңіз.
- DNS доменінің атауы дұрыс екенін тексеріңіз.

Факстарды жіберу немесе қабылдау мүмкін емес

Факстарды жіберу немесе қабылдау мүмкін емес

Келесі себептерді қарастыру қажет.

Телефон желісінде проблемалар бар.

Шешімдер

Телефонның қабырға ұясын оған телефонды қосып, сынау арқылы тексеріп көріңіз. Егер қоңырау шалу не қабылдау мүмкін емес болса, телекоммуникациялық компанияға хабарласыңыз.

Телефон желісіне жалғау кезінде проблемалар бар.

Шешімдер

Автоматты факс қосылымын тексеру үшін басқару тақтасындағы **Параметрлер > Жалпы параметрлер > Факс параметрлері > Факс байланысының тексерісі** параметрін таңдаңыз. Есепке басып шығарылған шешімдерді байқап көріңіз.

Байланыс қатесі пайда болды.

Шешімдер

Басқару тақтасындағы **Параметрлер > Жалпы параметрлер > Факс параметрлері > Нег.параметрлер > Факс жылдамдығы** бөлімінде **Баяу(9600 соқ/с)** параметрін таңдаңыз.

DSL телефон желісіне DSL сүзгісіз жалғанған.

Шешімдер

DSL телефон желісіне қосылу үшін ендірілген DSL сүзгісі бар DSL модемін пайдалану керек немесе желіге жеке DSL сүзгісін орнату керек. DSL провайдеріңізге хабарласыңыз.

["DSL не ISDN жүйесіне қосылу" бетте 358](#)

DSL телефон желісіне жалғанғанда DSL параметрінде бірнеше проблемалар бар.

Шешімдер

Егер факсты жіберу немесе алу мүмкін болмаса, принтер факс жібере алатынын көру үшін принтерді тікелей телефон желісіне қосыңыз. Бұл жұмыс істесе, ақау DSL сүзгісінен болуы мүмкін. DSL провайдеріңізге хабарласыңыз.

Факс жіберілмейді

Келесі себептерді қарастыру қажет.

Қосылым желісі жеке қолданысқа арналған телефон желісі (PBX) пайдаланылып жатқан мекемедегі PSTN желісіне орнатылады.

Шешімдер

Басқару тақтасындағы **Параметрлер > Жалпы параметрлер > Факс параметрлері > Нег.параметрлер > Желі түрі** бөлімінде **PBX** параметрін таңдаңыз.

Факстарды PBX орнатылған ортада кіру кодын енгізусіз жіберу.

Шешімдер

Егер телефон сыртқы желіге өту үшін жүйесі сыртқы кіру кодын қажет етсе, кіру кодын принтерге тіркеп, жіберген кезде факс нөмірі алдына # (тор) белгісін енгізіңіз.

Шығыс факстарға арналған тақырып ақпараты тіркелмеген.

Шешімдер

Параметрлер > Жалпы параметрлер > Факс параметрлері > Нег.параметрлер > Тақырыбы параметрін таңдап, тақырып ақпаратын орнатыңыз. Кейбір факс құрылғылары тақырыптары жоқ автоматты түрде кіріс факстарын қабылдамайды.

■ Қоңырау соғушының идентификаторы блокталған.

Шешімдер

Қоңырау соғушының идентификаторын блоктан шығару үшін телекоммуникация компаниясына хабарласыңыз. Кейбір телефондар не факс құрылғылары анонимдік қоңырауларды автоматты түрде қабылдамайды.

■ Алушының факс нөмірі қате.

Шешімдер

Алушының нөмірі контактілер тізімінде тіркелгенін немесе пернетақта арқылы дұрыс енгізілгенін тексеріңіз. Не болмаса, алушының факс нөмірі дұрыс екенін тексеріңіз.

■ Алушының факс машинасы факстарды алуға дайын емес.

Шешімдер

Алушыдан алушының факс машинасы факсты алуға дайын екенін сұраңыз.

■ Жіберіліп жатқан деректер тым үлкен.

Шешімдер

Келесі әдістердің біреуі арқылы факстарды кішірек деректер өлшемінде жіберуге болады.

- Факсты монохромды күйде жібергенде, **Факс > Факс параметрлері > Факс жіберу параметрлері** бөлімінде **Тікелей жіберу** параметрін қосыңыз.

[“Монохромды құжаттың көптеген беттерін жіберу \(Тікелей жіберу\)” бетте 116](#)

- Жалғанған телефонды пайдалану

[“Сыртқы телефон құрылғысынан теру арқылы факстар жіберу” бетте 116](#)

- Түпнұсқаларды бөлу

Факстарды қабылдау мүмкін емес

Келесі себептерді қарастыру қажет.

■ Қоңырауды қайта бағыттау қызметіне жазылу.

Шешімдер

Егер қоңырауды қайта жіберу қызметіне қосылсаңыз, принтер факстарды ала алмауы мүмкін. Қызмет көрсетушімен хабарласыңыз.

■ Сыртқы телефон құрылғысы принтерге жалғанғанда Қабылдау режимі параметрі Қолмен күйіне орнатылады.

Шешімдер

Сыртқы телефон принтерге жалғанса және телефон желісін принтермен бөліссе, **Параметрлер > Жалпы параметрлер > Факс параметрлері > Нег.параметрлер** параметрін таңдаңыз, содан соң **Қабылдау режимі** параметрін **Авто** күйіне орнатыңыз.

■ Кіріс жәшіктің қолжетімді жады жеткілікті емес.

Шешімдер

Қабылданған 100 құжат кіріс жәшігіне сақталды. Қажет емес құжаттарды жойыңыз.

■ Алынған факстарды сақтайтын компьютер қосылмаған.

Шешімдер

Алынған факстарды компьютерге сақтау үшін реттеулерді жасағанда компьютерді қосыңыз. Алынған факс компьютерге сақталғаннан кейін жойылады.

■ Жіберушінің факс нөмірі Қабылданбаған сандар тізімі тізіміне тіркелді.

Шешімдер

Жіберушінің нөмірін жою алдында, оны **Қабылданбаған сандар тізімі** бөлімінен жоюға болатынын тексеріңіз. Оны **Параметрлер > Жалпы параметрлер > Факс параметрлері > Нег.параметрлер > Бас тарту факсы > Ақаулар санының тізімін өзгерту** бөлімінен жойыңыз. Не болмаса, **Параметрлер > Жалпы параметрлер > Факс параметрлері > Нег.параметрлер > Бас тарту факсы > Бас тарту факсы** бөлімінде **Қабылданбаған сандар тізімі** параметрін ажыратыңыз. Осы тізімге тіркелген нөмірлерден жіберілген факстар осы параметр қосулы болғанда блокталады.

■ Жіберушінің факс нөмірі контактілер тізімінде тіркелгенін тексеріңіз.

Шешімдер

Жіберушінің факс нөмірін контактілер тізіміне тіркеңіз. Не болмаса, **Параметрлер > Жалпы параметрлер > Факс параметрлері > Нег.параметрлер > Бас тарту факсы > Бас тарту факсы** бөлімінде **Тіркелмеген контактілер** параметрін ажыратыңыз. Осы тізімге тіркелмеген нөмірлерден жіберілген факстар осы параметр қосулы болғанда блокталады.

■ Жіберуші факсты тақырып ақпаратынсыз жіберді.

Шешімдер

Жіберушіден тақырып ақпараты өзінің факс машинасында реттелгенін сұраңыз. Не болмаса, **Параметрлер > Жалпы параметрлер > Факс параметрлері > Нег.параметрлер > Бас тарту факсы > Бас тарту факсы** бөлімінде **Факс тақ-ның бланкі бұғатталған** параметрін ажыратыңыз. Тақырып ақпараты жоқ факстар осы параметрі қосулы болғанда блокталады.

Факсты көрсетілген алушыға жіберу мүмкін болмады

■ Контактілер тізімінде тіркелген Факс жылдамдығы параметрі қате.

Шешімдер

Контактілер тізімнен алушыны таңдап, **Өңдеу > Факс жылдамдығы > Баяу(9600 соқ/с)** тармағын басыңыз.

Факс көрсетілген уақытта жіберілмейді

■ Принтердің күні мен уақыты қате.

Шешімдер

Параметрлер > Жалпы параметрлер > Нег.параметрлер > Күн/Уақыт параметрлері параметрін таңдаңыз, содан соң дұрыс күні мен уақытын орнатыңыз.

Факстар қате өлшемде жіберілді

Келесі себептерді қарастыру қажет.

■ Түпнұсқалар дұрыс қойылмаған.

Шешімдер

- ❑ Түпнұсқа туралау белгілеріне қарсы дұрыс қойылғанына көз жеткізіңіз.
- ❑ Егер сканерленген кескіннің жиегі жоқ болса, түпнұсқаны сканер әйнегінің шетінен сәл алыстатыңыз. Сканер әйнегінің жиегінен шамамен 1,5 мм (0,06 дюйм) аралығындағы аймақты сканерлеуге болады.

➔ [“Түпнұсқаларды орналастыру” бетте 38](#)

■ Түпнұсқаларда немесе сканер әйнегінде шаң немесе дақтар бар.

Шешімдер

Түпнұсқаларға жабысқан шаңды немесе дақты кетіріп, сканер әйнегін тазалаңыз.

➔ [“Сканер әйнегі тазалау” бетте 140](#)

Қабылданған факстарды жад құрылғысына сақтау мүмкін емес

Келесі себептерді қарастыру қажет.

■ Алынған факстарды сыртқа жадқа сақтау өшірулі.

Шешімдер

Параметрлер > Жалпы параметрлер > Факс параметрлері > Қабылдау параметрлері параметрін таңдаңыз, содан соң әр мәзірде **Жад құрылғысына сақтау** параметрін қосыңыз.

■ Жад құрылғысы принтерге жалғанбаған.

Шешімдер

Факстарды сақтау үшін жасалған қалта бар жад құрылғысын принтерге жалғаңыз. Факстар құрылғыда сақталғанда олар принтер жадынан жойылады.

■ Құрылғыда бос орын жеткіліксіз.

Шешімдер

Бос орын көлемін арттыру үшін құрылғыдан қажет емес деректерді жойыңыз. Не болмаса, бос орны жеткілікті басқа құрылғыны жалғаңыз.

■ Құжат құрылғысы жазудан қорғалған.

Шешімдер

Жад құрылғысындағы жазудан қорғауды өшіріңіз.

Алынған факстар басып шығарылмайды

Келесі себептерді қарастыру қажет.

■ Принтерде қағаз кептелісі сияқты қате пайда болды.

Шешімдер

Принтер қатесін жойып, жіберушіден факсты қайта жіберуін сұраңыз.

■ Ағымдағы параметрлерге сәйкес алынған факстарды басып шығару ажыратылған.

Шешімдер

Егер **Компьютерге сақтау** параметрі **Иә** күйіне орнатылса, параметрді **Ия және басып шығару** күйіне өзгертіңіз. Не болмаса, **Кіріс жәшікке сақтау** және **Компьютерге сақтау** параметрін ажырату арқылы басып шығаруды орындауға болады.

Параметрлер > Жалпы параметрлер > Факс параметрлері > Қабылдау параметрлері > Қабылданған факсты сақтау орны бөлімінде **Кіріс жәшікке сақтау** және **Компьютерге сақтау** параметрін табуға болады.

Факстарды жіберу немесе қабылдау мүмкін емес (Windows)

Компьютер мен принтер дұрыс жалғанғанын тексеріңіз. Олардың жалғанғанына не жалғанбағанына байланысты проблеманың себебі мен шешімі әртүрлі.

Қосылым күйін тексеру

Windows жүйесін пайдаланатын болсаңыз, компьютер мен принтердің қосылым күйін тексеру үшін Epson Printer Connection Checker мүмкіндігін пайдаланыңыз. Тексерудің нәтижелеріне байланысты проблеманы шешуге болады.

1. Жұмыс үстеліндегі **Epson Printer Connection Checker** белгішесін екі рет басыңыз.

Epson Printer Connection Checker жұмысы басталады.

Егер жұмыс үстелінде белгіше болмаса, Epson Printer Connection Checker қызметін іске қосу үшін төмендегі әдістерді орындаңыз.

- Windows 11

Бастау түймесін басыңыз, содан соң **Барлық қолданба > Epson Software > Epson Printer Connection Checker** параметрін таңдаңыз.

- Windows 10

Бастау түймесін басыңыз, содан соң **Epson Software > Epson Printer Connection Checker** тармағын таңдаңыз.

- Windows 8.1/Windows 8

Іздеу жолағына бағдарлама атын енгізіп, көрсетілетін белгіні таңдаңыз.

- Windows 7

Бастау түймесін басыңыз, содан соң **Барлық бағдарлама > Epson Software > Epson Printer Connection Checker** параметрін таңдаңыз.

2. Тексеру үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Ескертпе:

Егер принтер атауы көрсетілмесе, шынайы Epson принтер драйверін орнатыңыз.

["Түпнұсқалы Epson принтер драйвері орнатылғанын тексеріңіз — Windows" бетте 148](#)

Проблеманы анықтағанда, экранда көрсетілген шешімді орындаңыз.

Проблеманы шешу мүмкін болмағанда, жағдайға байланысты келесіні тексеріңіз.

- Принтер желі қосылымы арқылы анықталмайды
[“Желіге жалғау мүмкін емес” бетте 163](#)
- Принтер USB қосылымы арқылы анықталмайды
[“Принтерді USB арқылы жалғау мүмкін емес \(Windows\)” бетте 166](#)
- Принтер анықталады, бірақ басып шығаруды орындау мүмкін емес.
[“Қосылым орнатылса да басып шығару мүмкін емес \(Windows\)” бетте 167](#)


Желіге жалғау мүмкін емес

Проблема келесі ақаулардың біреуі болуы мүмкін.

Wi-Fi қосылымына арналған желі құрылғыларына қатысты бірнәрсе дұрыс болмады.

Шешімдер

Желіні қосу қажет құрылғыларды өшіріңіз. Шамамен 10 секунд күтіп, құрылғыларды келесі ретпен қосыңыз; сымсыз маршрутизатор, компьютер немесе смарт құрылғы, содан соң принтер. Радио толқынды байланысты жақсарту үшін принтерді және компьютерді немесе смарт құрылғыны сымсыз маршрутизаторға жақындатып, желі реттеулерін қайта жасаңыз.



Құрылғылар сымсыз маршрутизатордан сигналдарды ала алмайды, себебі олар бір бірінен тым алыс.

Шешімдер

Компьютерді немесе смарт құрылғыны және принтерді сымсыз маршрутизаторға жақынырақ жылжытқаннан кейін, сымсыз маршрутизаторды өшіріңіз, содан соң оны қайта қосыңыз.

Сымсыз маршрутизаторды өзгерткенде, параметрлер жаңа маршрутизаторға сәйкес емес.

Шешімдер


Олар жаңа сымсыз маршрутизаторға сәйкес болуы үшін қосылым реттеулерін жасаңыз.

➔ [“Желі қосылымын қайта реттеу” бетте 244](#)

Компьютерден немесе смарт құрылғыдан және компьютерден жалғанған SSID идентификаторлары әртүрлі.

Шешімдер

Бір уақытта бірнеше сымсыз маршрутизаторды пайдаланғанда немесе сымсыз маршрутизаторда бірнеше SSID идентификаторы болғанда және құрылғылар әртүрлі SSID идентификаторына жалғанғанда, сымсыз маршрутизаторға жалғау мүмкін емес.



Компьютерді немесе смарт құрылғыны принтердің SSID идентификаторына қосыңыз.

- Желі қосылымын тексеру есебін басып шығару арқылы принтер қосылатын SSID желісін тексеріңіз.
- Принтерге қосқыңыз келетін барлық компьютерлер мен смарт құрылғыларда қосылған Wi-Fi немесе желі атауын тексеріңіз.
- Принтер және сіздің компьютеріңіз немесе смарт құрылғы әртүрлі желілерге қосылған болса, құрылғыны принтер қосылған SSID желісіне қайта жалғаңыз.

Сымсыз маршрутизаторда құпиялылық бөлгіш қолжетімді.

Шешімдер

Көпшілік сымсыз маршрутизаторларда бірдей SSID ішінде құрылғылар арасында байланысты блоктайтын бөлгіш функциясы бар. Егер принтер мен компьютер немесе смарт құрылғы бірдей желіге қосыла да, олардың арасында байланысу мүмкін емес болса, сымсыз маршрутизатордағы бөлгіш функциясын ажыратыңыз. Мәліметтер алу үшін сымсыз маршрутизатормен бірге берілген нұсқаулықты қараңыз.

IP мекенжайы дұрыс емес тағайындалған.

Шешімдер

Принтерге тағайындалған IP мекенжайы 169.254.XXX.XXX және қосалқы желі маскасы 255.255.0.0 болса, IP мекенжайының дұрыс тағайындалмауы мүмкін.

Принтердің басқару тақтасындағы **Параметрлер > Жалпы параметрлер > Желі параметрлері > Қосымша > TCP/IP** таңдап, содан соң IP мекенжайы мен қосалқы желі маскасы принтерге тағайындалғанын тексеріңіз.

Сымсыз маршрутизаторды қайта іске қосыңыз немесе принтердің желілік параметрлерін қайта орнатыңыз.

Принтер желілік параметрлері дұрыс болмаса, принтердің желілік параметрлерін желі ортасына сәйкес қайта конфигурациялаңыз.

➔ ["Желі қосылымын қайта реттеу" бетте 244](#)

Бұл компьютердегі желі параметрлеріне қатысты проблема болып табылады.

Шешімдер

Компьютердің желі реттеулері дұрыс екенін тексеру үшін компьютерден қандай да бір веб-сайтқа кіріп көріңіз. Егер қандай да бір веб-сайтқа кіру мүмкін болмаса, онда компьютерде проблема бар.

Компьютердің желі қосылымын тексеріңіз. Мәліметтер алу үшін компьютермен бірге берілген құжаттаманы қараңыз.

Принтер IEEE 802.3az (Энергия үнемдейтін Ethernet) стандартын қолдайтын құрылғыларды пайдаланып Ethernet арқылы жалғанды.

Шешімдер

Принтерді IEEE 802.3az (Энергия үнемдейтін Ethernet) жүйесін қолдайтын құрылғылардың көмегімен Ethernet желісіне қосқан кезде, ағымдағы сәтте қолданылатын хабқа немесе маршрутизаторға тәуелді келесідей проблемалар туындауы мүмкін.

- Байланыс тұрақсыз, принтер бір өшіп, бір қосылады.
- Принтерге қосылу мүмкін емес.
- Байланыс жылдамдығы баяу.

Принтерге арналған IEEE 802.3az жүйесін өшіріп, қайта жалғау үшін келесі қадамдарды басшылыққа алыңыз.

1. Компьютерге және принтерге жалғанған Ethernet кабелін суырыңыз.
2. Компьютерге арналған IEEE 802.3az жүйесі қосылған кезде оны өшіріңіз.
Мәліметтер алу үшін компьютермен бірге берілген құжаттаманы қараңыз.
3. Компьютер мен принтерді Ethernet кабелімен дұрыстап жалғаңыз.
4. Принтерден желіге қосылу есебін басып шығарыңыз.
[“Принтер желі байланысының күйін тексеру \(Желі қосылымының есебі\)” бетте 248](#)
5. Желі қосылымы есебіндегі принтердің IP мекенжайын тексеріңіз.
6. Компьютерде Web Config терезесіне кіріңіз.
7. **Log in** опциясын таңдап, әкімші құпия сөзін енгізіңіз.
Веб-браузерді іске қосыңыз, содан соң принтердің IP мекенжайын енгізіңіз.
[“Принтер жұмыстарын конфигурациялауға арналған қолданба \(Web Config\)” бетте 272](#)
8. **Network > Wired LAN** параметрін таңдаңыз.
9. **OFF** күйін **IEEE 802.3az** үшін таңдаңыз.
10. **Next** түймесін басыңыз.
11. **OK** түймесін басыңыз.

12. Компьютерге және принтерге жалғанған Ethernet кабелін суырыңыз.
13. Компьютерге арналған IEEE 802.3az жүйесін 2-қадамда өшірген болсаңыз, оны қосыңыз.
14. 1-қадамда суырған Ethernet кабельдерін компьютер мен принтерге жалғаңыз.
Проблема әлі шешілмеген болса, бұған принтерден басқа құрылғылар себепші болуы мүмкін.

Принтерді USB арқылы жалғау мүмкін емес (Windows)

Келесі себептерді қарастыру қажет.

■ USB кабелі USB жалғағышына тікелей дұрыс жалғанбаған.

Шешімдер

USB кабелін қауіпсіз түрде принтерге және компьютерге қосыңыз.

■ USB хабына қатысты проблема бар.

Шешімдер

Егер USB хабын пайдалансаңыз, принтерді компьютерге тікелей қосып көріңіз.

■ Бұл USB кабеліне немесе USB кірісіне қатысты проблема болып табылады.

Шешімдер

USB кабелі анықталмаса, портты өзгертіңіз немесе USB кабелін өзгертіңіз.

Қосылым дұрыс орнатылса да факстарды жіберу немесе алу мүмкін емес (Windows)

Келесі себептерді қарастыру қажет.

■ Бағдарламалық құрал орнатылмаған.

Шешімдер

PC-FAX драйвері компьютерде орнатылғанына көз жеткізіңіз. PC-FAX драйвері FAX Utility құрылғысымен орнатылған. Ол орнатылғанын тексеру үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

Принтер (факс) **Құрылғылар және принтерлер, Принтер** немесе **Принтерлер және басқа жабдық** терезесінде көрсетілгеніне көз жеткізіңіз. Принтер (факс) «EPSON XXXXX (FAX)» түрінде көрсетіледі. Егер принтер (факс) көрсетілмесе, FAX Utility бағдарламасын жойып, қайтадан орнатыңыз. **Құрылғылар және принтерлер, Принтер** немесе **Принтерлер және басқа жабдық** терезесіне кіру үшін төмендегіні қараңыз.

Windows 11

Бастау түймесін басып, **Жабдық және дыбыс** бөлімінде **Барлық қолданбалар > Windows құралдары > Басқару тақтасы > Құрылғылар мен принтерлерді көру** тармағын таңдаңыз.

Windows 10

Бастау түймесін басып, **Windows жүйесі > Басқару тақтасы > Құрылғылар мен принтерлерді көру** түймесін **Жабдық және дыбыс** тармағынан таңдаңыз.

Windows 8.1/Windows 8

Жұмыс үстелі > Параметрлер > Басқару тақтасы > Құрылғылар мен принтерлерді көру тармағын **Жабдық және дыбыс** немесе **Жабдық** бөлімінде таңдаңыз.

Windows 7

Бастау түймесін басыңыз да, **Басқару тақтасы > Құрылғылар мен принтерлерді көру** тармағын **Жабдық және дыбыс** не **Жабдық** түймесін басыңыз.

Windows Vista

Бастау түймесін басып, **Басқару тақтасы > Принтерлер** түймесін **Жабдық және дыбыс** тармағынан таңдаңыз.

Windows XP

Бастау түймесін басыңыз және **Параметрлер > Басқару тақтасы > Принтерлер және басқа жабдық > Принтерлер және факстар** тармағын таңдаңыз.

Факс қосылымына және факс параметрлеріне қатысты бірнеше проблема бар.

Шешімдер

Факс қосылымы мен факс параметрлеріне арналған ажыратымдылықты пайдаланып көріңіз.

Факстарды жіберу немесе қабылдау мүмкін емес (Mac OS)

Компьютер мен принтер дұрыс жалғанғанын тексеріңіз. Олардың жалғанғанына не жалғанбағанына байланысты проблеманың себебі мен шешімі әртүрлі.

Қосылым күйін тексеру

Компьютер мен принтердің қосылым күйін тексеру үшін EPSON Status Monitor мүмкіндігін пайдаланыңыз.

1. **Жүйе параметрлері** тармағын «Apple» мәзірі > **Принтерлер және сканерлер** (немесе **Басып шығару және сканерлеу, Басып шығару және факс**) тармағынан таңдаңыз, содан соң принтерді таңдаңыз.
2. **Параметрлер және жабдықтар > Бағдарлама > Принтер бағдарламасын ашу** түймесін басыңыз.
3. **EPSON Status Monitor** түймесін басыңыз.

Шығын материалдарының күйі көрсетілгенде, компьютер мен принтер арасында қосылым сәтті орнатылады.

Егер қосылым орнатылмаса, келесіні тексеріңіз.

- Принтер желі қосылымы арқылы анықталмайды
[“Желіге жалғау мүмкін емес” бетте 173](#)

- Принтер USB қосылымы арқылы анықталмайды

[“Принтерді USB арқылы жалғау мүмкін емес \(Mac OS\)” бетте 176](#)

Егер қосылым орнатылса, келесіні тексеріңіз.

- Принтер анықталады, бірақ басып шығаруды орындау мүмкін емес.

[“Қосылым орнатылса да басып шығару мүмкін емес \(Mac OS\)” бетте 176](#)


Желіге жалғау мүмкін емес

Проблема келесі ақаулардың біреуі болуы мүмкін.

Wi-Fi қосылымына арналған желі құрылғыларына қатысты бірнәрсе дұрыс болмады.

Шешімдер

Желіні қосу қажет құрылғыларды өшіріңіз. Шамамен 10 секунд күтіп, құрылғыларды келесі ретпен қосыңыз; сымсыз маршрутизатор, компьютер немесе смарт құрылғы, содан соң принтер. Радио толқынды байланысты жақсарту үшін принтерді және компьютерді немесе смарт құрылғыны сымсыз маршрутизаторға жақындатып, желі реттеулерін қайта жасаңыз.



Құрылғылар сымсыз маршрутизатордан сигналдарды ала алмайды, себебі олар бір бірінен тым алыс.

Шешімдер

Компьютерді немесе смарт құрылғыны және принтерді сымсыз маршрутизаторға жақынырақ жылжытқаннан кейін, сымсыз маршрутизаторды өшіріңіз, содан соң оны қайта қосыңыз.

Сымсыз маршрутизаторды өзгерткенде, параметрлер жаңа маршрутизаторға сәйкес емес.

Шешімдер


Олар жаңа сымсыз маршрутизаторға сәйкес болуы үшін қосылым реттеулерін жасаңыз.

➔ [“Желі қосылымын қайта реттеу” бетте 244](#)

Компьютерден немесе смарт құрылғыдан және компьютерден жалғанған SSID идентификаторлары әртүрлі.

Шешімдер

Бір уақытта бірнеше сымсыз маршрутизаторды пайдаланғанда немесе сымсыз маршрутизаторда бірнеше SSID идентификаторы болғанда және құрылғылар әртүрлі SSID идентификаторына жалғанғанда, сымсыз маршрутизаторға жалғау мүмкін емес.



Компьютерді немесе смарт құрылғыны принтердің SSID идентификаторына қосыңыз.

- Желі қосылымын тексеру есебін басып шығару арқылы принтер қосылатын SSID желісін тексеріңіз.
- Принтерге қосқыңыз келетін барлық компьютерлер мен смарт құрылғыларда қосылған Wi-Fi немесе желі атауын тексеріңіз.
- Принтер және сіздің компьютеріңіз немесе смарт құрылғы әртүрлі желілерге қосылған болса, құрылғыны принтер қосылған SSID желісіне қайта жалғаңыз.

Сымсыз маршрутизаторда құпиялық бөлгіш қолжетімді.

Шешімдер

Көпшілік сымсыз маршрутизаторларда бірдей SSID ішінде құрылғылар арасында байланысты блоктайтын бөлгіш функциясы бар. Егер принтер мен компьютер немесе смарт құрылғы бірдей желіге қосыла да, олардың арасында байланысу мүмкін емес болса, сымсыз маршрутизатордағы бөлгіш функциясын ажыратыңыз. Мәліметтер алу үшін сымсыз маршрутизатормен бірге берілген нұсқаулықты қараңыз.

IP мекенжайы дұрыс емес тағайындалған.

Шешімдер

Принтерге тағайындалған IP мекенжайы 169.254.XXX.XXX және қосалқы желі маскасы 255.255.0.0 болса, IP мекенжайының дұрыс тағайындалмауы мүмкін.

Принтердің басқару тақтасындағы **Параметрлер > Жалпы параметрлер > Желі параметрлері > Қосымша > TCP/IP** таңдап, содан соң IP мекенжайы мен қосалқы желі маскасы принтерге тағайындалғанын тексеріңіз.

Сымсыз маршрутизаторды қайта іске қосыңыз немесе принтердің желілік параметрлерін қайта орнатыңыз.

Принтер желілік параметрлері дұрыс болмаса, принтердің желілік параметрлерін желі ортасына сәйкес қайта конфигурациялаңыз.

➔ ["Желі қосылымын қайта реттеу" бетте 244](#)

Бұл компьютердегі желі параметрлеріне қатысты проблема болып табылады.

Шешімдер

Компьютердің желі реттеулері дұрыс екенін тексеру үшін компьютерден қандай да бір веб-сайтқа кіріп көріңіз. Егер қандай да бір веб-сайтқа кіру мүмкін болмаса, онда компьютерде проблема бар.

Компьютердің желі қосылымын тексеріңіз. Мәліметтер алу үшін компьютермен бірге берілген құжаттаманы қараңыз.

Принтер IEEE 802.3az (Энергия үнемдейтін Ethernet) стандартын қолдайтын құрылғыларды пайдаланып Ethernet арқылы жалғанды.

Шешімдер

Принтерді IEEE 802.3az (Энергия үнемдейтін Ethernet) жүйесін қолдайтын құрылғылардың көмегімен Ethernet желісіне қосқан кезде, ағымдағы сәтте қолданылатын хабқа немесе маршрутизаторға тәуелді келесідей проблемалар туындауы мүмкін.

- Байланыс тұрақсыз, принтер бір өшіп, бір қосылады.
- Принтерге қосылу мүмкін емес.
- Байланыс жылдамдығы баяу.

Принтерге арналған IEEE 802.3az жүйесін өшіріп, қайта жалғау үшін келесі қадамдарды басшылыққа алыңыз.

1. Компьютерге және принтерге жалғанған Ethernet кабелін суырыңыз.
2. Компьютерге арналған IEEE 802.3az жүйесі қосылған кезде оны өшіріңіз.
Мәліметтер алу үшін компьютермен бірге берілген құжаттаманы қараңыз.
3. Компьютер мен принтерді Ethernet кабелімен дұрыстап жалғаңыз.
4. Принтерден желіге қосылу есебін басып шығарыңыз.
[“Принтер желі байланысының күйін тексеру \(Желі қосылымының есебі\)” бетте 248](#)
5. Желі қосылымы есебіндегі принтердің IP мекенжайын тексеріңіз.
6. Компьютерде Web Config терезесіне кіріңіз.
7. **Log in** опциясын таңдап, әкімші құпия сөзін енгізіңіз.
Веб-браузерді іске қосыңыз, содан соң принтердің IP мекенжайын енгізіңіз.
[“Принтер жұмыстарын конфигурациялауға арналған қолданба \(Web Config\)” бетте 272](#)
8. **Network > Wired LAN** параметрін таңдаңыз.
9. **OFF** күйін **IEEE 802.3az** үшін таңдаңыз.
10. **Next** түймесін басыңыз.
11. **OK** түймесін басыңыз.

12. Компьютерге және принтерге жалғанған Ethernet кабелін суырыңыз.
13. Компьютерге арналған IEEE 802.3az жүйесін 2-қадамда өшірген болсаңыз, оны қосыңыз.
14. 1-қадамда суырған Ethernet кабельдерін компьютер мен принтерге жалғаңыз.
Проблема әлі шешілмеген болса, бұған принтерден басқа құрылғылар себепші болуы мүмкін.

Принтерді USB арқылы жалғау мүмкін емес (Mac OS)

Келесі себептерді қарастыру қажет.

■ USB кабелі USB жалғағышына тікелей дұрыс жалғанбаған.

Шешімдер

USB кабелін қауіпсіз түрде принтерге және компьютерге қосыңыз.

■ USB хабына қатысты проблема бар.

Шешімдер

Егер USB хабын пайдалансаңыз, принтерді компьютерге тікелей қосып көріңіз.

■ Бұл USB кабеліне немесе USB кірісіне қатысты проблема болып табылады.

Шешімдер

USB кабелі анықталмаса, портты өзгертіңіз немесе USB кабелін өзгертіңіз.

Қосылым дұрыс орнатылса да жіберу немесе алу мүмкін емес (Mac OS)

Келесі себептерді қарастыру қажет.

■ Бағдарламалық құрал орнатылмаған.

Шешімдер

PC-FAX драйвері компьютерде орнатылғанына көз жеткізіңіз. PC-FAX драйвері FAX Utility құрылғысымен орнатылған. Ол орнатылғанын тексеру үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

Apple мәзірі > **Принтерлер және сканерлер** (немесе **Басып шығару және сканерлеу, Басып шығару және факс**) тармағынан **Жүйе параметрлері** опциясын таңдаңыз, содан соң принтер (факс) көрсетілгенін тексеріңіз. Принтер (факс) «FAX XXXX (USB)» немесе «FAX XXXX (IP)» ретінде көрсетіледі. Егер принтер (факс) көрсетілмесе, [+] басып, принтерді (факс) тіркеңіз.

■ PC-FAX драйвері кідірілген.

Шешімдер

Apple мәзірі > **Принтерлер және сканерлер** (немесе **Басып шығару және сканерлеу, Басып шығару және факс**) тармағынан **Жүйе параметрлері** таңдап, принтерді (факс) екі рет басыңыз. Принтер кідірілсе, **Қалпына келтіру** (не **Принтерді қалпына келтіру**) түймесін басыңыз.

■ Факс қосылымына және факс параметрлеріне қатысты бірнеше проблема бар.

Шешімдер

Факс қосылымы мен факс параметрлеріне арналған ажыратымдылықты пайдаланып көріңіз.

Принтерді күтілгендей пайдалану мүмкін емес

Жұмыстар баяу

Басып шығару тым баяу

Келесі себептерді қарастыру қажет.

■ Қажет емес қолданбалар іске қосылып тұр.

Шешімдер

Компьютердегі немесе смарт құрылғыдан қажет емес қолданбаларды жабыңыз.

■ Басып шығару сапасы жоғары деңгейге орнатылған.

Шешімдер

Сапа параметрін төмен мәнге қойыңыз.

■ Қос бағытты басып шығару ажыратылады.

Шешімдер

Екі бағытты (не жоғары жылдамдықты) параметрді іске қосыңыз. Параметр қосылғанда басып шығару механизмі екі бағытта жылжығанда да басып шығарады және басып шығару жылдамдығы артады.

- Басқару тақтасы

Параметрлер > Жалпы параметрлер > Принтер параметрлері параметрін таңдап, **Қос бағытты** мүмкіндігін қосыңыз.

- Windows

Принтер драйверінің **Екі бағытты басып шығару** қойындысында **Қосымша опциялар** таңдаңыз.

- Mac OS


Жүйе параметрлері тармағын Apple мәзірі > **Принтерлер және сканерлер** (немесе **Басып шығару және сканерлеу, Басып шығару және факс**) тармағынан таңдаңыз, содан соң принтерді таңдаңыз. **Опциялар және керек-жарақтар > Опциялар** (немесе **Драйвер**) түймесін басыңыз. **Оп** күйін **Екі бағытты басып шығару** параметрі ретінде таңдаңыз.

■ Дыбыссыз режим мүмкіндігі қосылған.

Шешімдер

Дыбыссыз режим өшіріңіз. Принтер **Дыбыссыз режим** режимінде іске қосылғанда басып шығару жылдамдығы баяулайды.

- Басқару тақтасы

Негізгі экранда  тармағын таңдаңыз, содан кейін **Өш.** тармағын таңдаңыз.

- Windows

Өшіру параметрін принтер драйверінің **Дыбыссыз режим** қойындысындағы **Басты** параметрі ретінде таңдаңыз.

- Mac OS

Жүйе параметрлері тармағын «Apple» мәзірі > **Принтерлер және сканерлер** (немесе **Басып шығару және сканерлеу, Басып шығару және факс**) тармағынан таңдаңыз, содан соң принтерді таңдаңыз. **Опциялар және керек-жарақтар** > **Опциялар** (немесе **Драйвер**) түймесін басыңыз. Off күйін **Дыбыссыз режим** параметрі ретінде таңдаңыз.

Үздіксіз басып шығару кезінде басып шығару кенеттен баяулайды

■ Принтер механизмінің қызып кетуін және зақымдалуын болдырмайтын функция істеп тұр.

Шешімдер

Басып шығаруды жалғастыруға болады. Қалыпты басып шығару жылдамдығына оралу үшін принтерді жұмыссыз 30 минутқа қалдырыңыз. Қуат өшірулі болса, басып шығару жылдамдығы қалыпты мәніне оралмайды.

Сканерлеу жылдамдығы баяу

■ Жоғары ажыратымдылықта сканерлеу.

Шешімдер

Төменірек ажыратымдылықпен сканерлеп көріңіз.

СКД экраны күңгірттенеді

■ Принтер ұйқы режимінде.

Шешімдер

СКД экранын алдыңғы күйіне қайтару үшін кез келген жерін түртіңіз.

Сенсорлық экран жауап бермейді

Келесі себептерді қарастыру қажет.

■ Сенсорлық экранға қорғағыш парақ жабысты.

Шешімдер

Егер сенсорлық экранға қорғағыш парақты жабыстырсаңыз, оптикалық сенсорлық экран жауап бермеуі мүмкін. Парақты алып тастаңыз.

■ Экранға дақтар жағылған.

Шешімдер

Принтерді өшіріңіз, содан соң экранды жұмсақ, құрғақ шүберекпен сүртіңіз. Егер экранда дақтар жағылған болса, ол жауап бермеуі мүмкін.

«!» белгішесі экранда көрсетіліп, фотосуретті таңдау мүмкін емес

■ Кескін файлына қолдау көрсетілмейді.

Шешімдер

«I» өнім кескін файлына қолдау көрсетпегенде СКД экранында көрсетіледі. Өнім қолдау көрсететін файлдарды пайдаланыңыз.

➔ [“Қолданылған деректер спецификациясы” бетте 306](#)

Жад құрылғысы танылмайды

■ Жад құрылғысы ажыратылуға орнатылған.

Шешімдер

Басқару тақтасында **Параметрлер > Жалпы параметрлер > Принтер параметрлері > Жад құрылғысының интерфейсі** параметрін таңдап, жад құрылғысын қосыңыз.

Деректерді жад құрылғысына сақтау мүмкін емес

Келесі себептерді қарастыру қажет.

■ Құжат құрылғысы жазудан қорғалған.

Шешімдер

Жад құрылғысындағы жазудан қорғауды өшіріңіз.

■ Жад құрылғысында бос орын жеткіліксіз.

Шешімдер

Қажет емес деректерді жойыңыз немесе басқа жад құрылғысын салыңыз.


Жұмыс дыбыстары қатты

■ Дыбыссыз режим мүмкіндігі принтерде ажыратылған.

Шешімдер

Егер қатты дыбыспен жұмыс істесе, **Дыбыссыз режим** қосыңыз. Бұл мүмкіндікті қосу басып шығару жылдамдығын азайтуы мүмкін.

- Басқару тақтасы

Негізгі экрандағы  параметрін таңдап, **Тыныш режимі** параметрін қосыңыз.

- Windows

Принтер драйверінің **Басты** қойындысындағы **Дыбыссыз режим** параметрін қосыңыз.

- Mac OS

Жүйе параметрлері тармағын «Apple» мәзірі > **Принтерлер және сканерлер** (немесе **Басып шығару және сканерлеу, Басып шығару және факс**) тармағынан таңдаңыз, содан соң принтерді таңдаңыз. **Опциялар және керек-жарақтар** > **Опциялар** (немесе **Драйвер**) түймесін басыңыз. **Дыбыссыз режим** параметрін қосыңыз.

Күн және уақыт қате

■ Қуат көзінде қате пайда болады.

Шешімдер

Найзағай түсуге байланысты қуат көзінің жоғалуы немесе қуат көзі ұзақ уақыт бойы өшірулі қалса, сағат уақытты қате көрсетуі мүмкін. Басқару тақтасындағы **Параметрлер** > **Жалпы параметрлер** > **Нег.параметрлер** > **Күн/Уақыт параметрлері** бөлімінде күн мен уақытты дұрыс орнатыңыз.

Түбірлік сертификатты жаңарту қажет

■ Түбірлік сертификаттың жарамдылық мерзімі бітті.

Шешімдер

Web Config мүмкіндігін іске қосып, түбірлік сертификатты жаңартыңыз.

Құпия сөзіңізді ұмытқан жағдайда

■ Қызмет көрсету бөлімінен көмек қажет.


Шешімдер

Әкімші құпиясөзін ұмытсаңыз, Epson қолдау көрсету орталығына хабарласыңыз.

Көшірмелер байқаусыздан жасалған немесе факстар байқаусыздан жіберілген

■ Бөгде заттар оптикалық сенсорлық панельге тиіп тұр.

Шешімдер

Параметрлер > Жалпы параметрлер > Нег.параметрлер > Ұйқы режимінен шығару тармағын таңдап, **Ояту үшін СКД экр. түрт.** опциясын өшіріңіз.  түймесін баспағанша принтер ұйқы режимінен (қуат үнемдеу) оралмайды.

Жіберушінің факс нөмірі көрсетілмейді

■ Жіберушінің факс нөмірі жіберушінің машинасына орнатылмаған.

Шешімдер

Жіберуші факс нөмірін орнатпаған болуы мүмкін. Жіберушімен хабарласыңыз.

Алынған факстарда көрсетілген жіберушінің факс нөмірі қате

■ Алушының машинасына орнатылған жіберушінің факс нөмірі қате.

Шешімдер

Жіберуші факс нөмірін қате орнатқан болуы мүмкін. Жіберушімен хабарласыңыз.

Қосылған телефонда қоңырау шалу мүмкін емес

■ Телефон кабелі дұрыс жалғанбаған.

Шешімдер

Телефонды принтердіңЕХТ. портына жалғап, тұтқаны көтеріңіз. Егер тұтқадан теру үні естілмесе, телефон кабелін дұрыс қосыңыз.

Жауап беруші машина дауыстық қоңырауларға жауап бермейді

■ Принтердің Жау.берг.дей.қоң. саны параметрі жауап беру машинаңыздың аз қоңырау санына орнатылған.

Шешімдер

Параметрлер > Жалпы параметрлер > Факс параметрлері > Нег.параметрлер > **Жау.берг.дей.қоң. саны** параметрін таңдаңыз, содан соң жауап беру машинаңыздың қоңырау санынан артық санға орнатыңыз.

Қоқыс факс көп көлемде алынды

Принтердің қажет емес факстарды блоктауға арналған функциясы орнатылмаған.

Шешімдер

Бас тарту факсы параметрлерін **Параметрлер > Жалпы параметрлер > Факс параметрлері > Нег.параметрлер** ішінен орнатыңыз.

[“Блокталған қалаусыз факстар үшін параметрлерді реттеу” бетте 366](#)

СҚД экранында хабар көрсетіледі

Егер СҚД экранында қате хабарлар көрсетілсе, ақаулықты шешу үшін экрандағы нұсқауларды немесе төмендегі шешімдерді орындаңыз.

Қате туралы хабарлар	Шешімдері
Принтер қатесі Принтерді қайта іске қосыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін құжаттаманы қараңыз.	Қандай да бір қағазды не қорғаныш материалды принтерден алып тастаңыз. Егер қате туралы хабар көрсетілсе, Epson қолдау көрсету бөліміне хабарласыңыз.
XX ішіндегі қағаз шығып тұр.	Қағазды жүктеп, қағаз кассетасы құрылғысын толық салыңыз.
Сия картриджі ауыстыру керек.	Ең оңтайлы басып шығару сапасына қол жеткізу үшін және басып шығару механизмін қорғау үшін принтер картриджі ауыстыру қажеттігін көрсеткенде түрлі сия сақтау қоры сия картриджінде сақталады. Сұралған кезде картриджді ауыстырыңыз.
Қағаз орнатуды авт. көрсету Өшірулі күйінде. Кейбір функциялар қолжетімсіз болуы мүмкін. Толық мәліметтерді құжаттамадан қараңыз.	Егер Қағаз орнатуды авт. көрсету өшірілген болса, AirPrint драйверін пайдалану мүмкін емес.
Теру үні анықталмады.	Бұл проблема Параметрлер > Жалпы параметрлер > Факс параметрлері > Нег.параметрлер > Желі түрі тармағын таңдап, содан кейін PBX параметрін таңдау арқылы шешілуі мүмкін. Егер телефон жүйесі сыртқы желі үшін сыртқы кіру кодын сұраса, PBX таңдағаннан кейін кіру кодын орнатыңыз. Сыртқы факс нөмірін енгізу кезінде нақты кіру кодының орнына # (тор) пайдаланыңыз. Бұл қосылымды әлдеқайда қауіпсіздендіреді. Егер қате туралы хабар әлі көрсетіліп тұрса, Желі дыб.анықтау параметрін өшіріңіз. Дегенмен, бұл мүмкіндік ажыратылса, факс нөмірінің бірінші саны түсіп, факс басқа нөмірге жіберілуі мүмкін.
IP мекенжайы мен қосалқы желі маскасының тіркесімі дұрыс емес. Қосымша мәлімет алу үшін құжаттаманы қараңыз.	Дұрыс IP мекенжайын немесе әдепкі шлюзді енгізіңіз. Көмек алу үшін желіні реттейтін тұлғаға хабарласыңыз.
Бұлттық қызметтерді пайдалану үшін түпкі сертификатты жаңартыңыз.	Web Config мүмкіндігін іске қосып, түбірлік сертификатты жаңартыңыз.

Қате туралы хабарлар	Шешімдері
Принтер (IP мекенжайы сияқты) немесе принтер драйверінің порт параметрлері компьютер бойынша дұрыс екендігін тексеріңіз.	Принтер портының Принтер мәзірінен Сипат > Порт бөлімінде дұрыс таңдалғанын тексеріңіз. USB байланысы үшін « USBXXX » таңдаңыз немесе желілік қосылым үшін « EpsonNet Print Port » таңдаңыз.
Recovery Mode Update Firmware	Принтер қалпына келтіру режимінде іске қосылды, себебі микробағдарлама жаңартуы сәтсіз аяқталды. Микробағдарламаны қайта жаңартып көру үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз. 1. Компьютер мен принтерді USB кабелімен жалғаңыз. (Қалпына келтіру режимі барысында, микробағдарламаны желі қосылымы бойынша жаңарта алмайсыз.) 2. Қосымша нұсқаулар алу үшін жергілікті Epson веб-сайтына өтіңіз.

Қағаз кептеліп қалады

Басқару тақтасында көрсетілген қатені тексеріңіз және кептелген қағазды, соның ішінде, барлық жыртылған бөліктерді шығару туралы нұсқауларды орындаңыз. СКД экраны кептелген қағазды алып тастау әдісін көрсететін анимацияны көрсетеді. Одан кейін қатені өшіру үшін **OK** түймесін басыңыз.

Абайлаңыз:

Қолдарыңыз принтердің ішінде болған кезде басқару тақтасындағы түймелерді ешқашан баспаңыз. Егер принтер жұмыс істей бастаса, бұл жарақат алуды тудыруы мүмкін. Жарақатты болдырмау үшін, шығып тұрған жерлерге тимеңіз.

Маңызды:


Кептелген қағазды ақырын алыңыз. Қағазды күшпен шығару принтерді зақымдауы мүмкін.

Қағаз кептелістерін болдырмау

Егер қағаз кептелістері жиі пайда болса, келесіні тексеріңіз.

- Принтерді тегіс бетке орнатып, ұсынылған орта жағдайларында жұмыс істетіңіз.
[“Қоршаған орта сипаттамалары” бетте 307](#)
- Осы принтер қолдайтын қағазды пайдаланыңыз.
[“Қолжетімді қағаз және сыйымдылықтар” бетте 263](#)
- Қағазды өңдеу бойынша сақтандыру шараларын орындаңыз.
[“Қағазды ұстау туралы сақтандырулар” бетте 31](#)
- Қағазды дұрыс бағытта жүктеңіз және жиек бағыттағышын қағаздың жиегімен сырғытыңыз.
[“Қағазды салу” бетте 32](#)

- ❑ ADF құжатының қолдауын көтеріңіз.



- ❑ Қағазды көрсетілген парақтар санынан асыра салуға болады.
- ❑ Бірнеше қағаз парағын жүктегенде бір уақытта бір қағаз парағын жүктеңіз.
- ❑ Қағаз өлшемі мен қағаз түрі параметрлері нақты қағаз өлшеміне және принтерге жүктелген қағаз түріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.

[“Қағаз түрлерінің тізімі” бетте 32](#)

Сия деңгейлерін ауыстыру уақыты келді

Сия картриджын ұстау туралы сақтандырулар

Сия картридждарын ауыстыру алдында төмендегі нұсқауларды оқып шығыңыз.


Сия картридждерін сақтауға қатысты сақтық шаралары

- ❑ Сия картридждерін тікелей күн сәулесінен қорғаңыз.
- ❑ Сия картридждерін жоғары немесе мұздататын температураларда сақтамаңыз.
- ❑ Үздік нәтижелер үшін, Epson компаниясы сия картридждерін қаптамада көрсетілген жарамдылық мерзіміне дейін немесе қаптаманы ашқаннан кейін алты ай ішінде, қайсысы бірінше келетініне байланысты пайдалануды ұсынады.
- ❑ Ең жақсы нәтижелер алу үшін сия картриджі бумаларын түбін төмен қаратып сақтаңыз.
- ❑ Сия картриджін салқын сақталған жақтан шығарғаннан кейін оны пайдаланудан бұрын бөлме температурасында ең кемінде үш сағат жылытыңыз.
- ❑ Сия картриджін принтерге орнатуға дайын болғанға дейін ашпаңыз. Картриджді бүтін күйде сақтау үшін ол вакуумды түрде қапталады. Картриджді пайдаланудан бұрын оны ұзақ уақыт бойы ашық қалдырсаңыз, қалыпты түрде басып шығару қиынға соғуы мүмкін.


Сия картридждерін ауыстыруға арналған сақтық шараларды қолдану

- ❑ Оны бумадан алған кезде, сия картриджінің жандарындағы ілмектерді үзіп алмаңыз.
- ❑ Картридждерді орамды ашқан соң шайқамаңыз, себебі сия ағып кетуі мүмкін.


- ❑ Оны орнатпас бұрын картриджден сары лентаны алып тастау қажет, әйтпесе, басып шығару сапасы төмендеуі немесе мүлдем басып шығара алмауыңыз мүмкін. Картридждегі белгіні алып тастамаңыз немесе жыртпаңыз, бұл оның төгілуіне себеп болуы мүмкін.



- ❑ Картридждің төменгі жағындағы мөлдір нығыздағышын алып тастамаңыз, себебі, картридж пайдасыз болуы мүмкін.



- ❑ Суретте көрсетілген бөліктерге тименіз. Солай жасау қалыпты жұмыс істеуді және басып шығаруды болдырмайды.



- ❑ Қуат өшірулі кезде сия картриджін ауыстырмаңыз. Басып шығару механизмін қолмен қозғалтпаңыз; әйтпесе принтерді зақымдауыңыз мүмкін.
- ❑ Сия толтыру кезінде принтерді өшірмеңіз. Сияны толтыру толық орындалмаса, басып шығару мүмкін болмайды.
- ❑ Сия картриджі алынған принтерді қалдырмаңыз немесе картриджді ауыстырып жатқанда принтерді өшірмеңіз. Кері жағдайда басып шығару механизмі шүмектерінде қалған сия құрғап қалып, басып шығара алмауыңыз мүмкін.
- ❑ Сия картриджін уақытша алып тастау қажет болса, сия беру аумағын ластан және шаңнан қорғау қажет. Сия картриджін принтермен бірдей ортада, сия беру портының бетін төмен немесе бүйірге қаратып сақтаңыз. Сия картридждерін сия беру портының бетін жоғары қаратып сақтамаңыз. Сияны беру порты артық сияны ұстауға арналған клапанмен жабдықталғандықтан, жеке қақпақтар немесе тығындарды сатып алудың қажет жоқ.
- ❑ Алынған сия картриджінің сия беру портының айналасында сия болуы мүмкін, сондықтан картридждерді алған кезде айналасындағы сияны ұстап қалмаңыз.
- ❑ Бұл принтер әрбір картридждегі қалған сия көлемі сияқты мәліметтерді бақылайтын жасыл чиппен жабдықталған сия картридждерін пайдаланады. Бұл сия таусылмайынша принтерден картридж алынып тасталса да, принтерге қайта салғаннан кейін де картриджді қолдана аласыз дегенді білдіреді. Дегенмен, картриджді қайта салған кезде, принтердің жұмысына кепілдік беру үшін көбірек сия тұтынылуы мүмкін.
- ❑ Сия барынша тиімді болсын десеңіз, сия картриджін тек оны ауыстыруға дайын болған кезде шығарыңыз. Сия картридждеріндегі сия деңгейі төмен болса, олар қайта салынған соң пайдаланылмай қалуы мүмкін.
- ❑ Ең жоғары басып шығару сапасын алу және басып шығару механизмін қорғауды қамтамасыз ету үшін принтеріңіз картриджді ауыстыру керектігін білдірген кезде картриджде қолжетімді сақтық сия мөлшері қалады. Көрсетілген өнімділікте бұл резерв қамтылмаған.
- ❑ Сия картриджін бөлшектеуге немесе қайта жөндеуге болмайды, әйтпесе, қалыпты басып шығара алмайсыз.
- ❑ Принтермен бірге ауыстыру үшін келген картриджді қолдана алмайсыз.

Сияны тұтыну

- ❑ Басып шығару механизмінің оңтайлы өнімділігін сақтау үшін, техникалық қызмет көрсету барысында сия картриджден жұмсалады. Сондай-ақ, картриджді ауыстырғанда немесе принтерді қосқанда сия жұмсалуды мүмкін.
- ❑ Принтеріңізбен бірге берілген сия картриджінің ішіндегі сия бастапқы орнату барысында жартылай қолданылады. Жоғары сапасы басып шығаруды қамтамасыз ету үшін, принтеріңіздегі басып шығару механизмі сиямен толығымен толтырылады. Бұл бір процесс біршама сия мөлшерін жұмсайды, сондықтан бұл картридж келесі сия картридждерімен салыстырғанда аздау бет басып шығаруы мүмкін.
- ❑ Берілген ресурстар басып шығаратын суретке, қолданылған қағаз түріне, басып шығару жиілігіне және температура сияқты қоршаған орта шарттарына байланысты өзгереді.

Сия картридждарын ауыстыру

Сия картридждерін ауыстыруды сұрайтын хабар көрсетілгенде, сия картридждерін ауыстыру әдісі туралы қосымша ақпарат алу үшін **Пайдалану әдісі** параметрін таңдап, басқару тақтасында көрсетілетін анимацияларды көріңіз.

Пайда лану параметрін таңдаңыз, содан соң 0 – 9 сияқты сыртқы кіру кодын тіркеңіз. Содан соң, факсты сыртқы факс нөміріне жібергенде, нақты кодтың орнына # (тор) таңбасын енгізіңіз. Сондай-ақ, # (тор) таңбасы **Контактілер** бөлімінде сыртқы кіру коды ретінде пайдаланылуы керек. Егер 0 – 9 сияқты сыртқы кіру коды контактіде орнатылса, факстарды контактіге жіберу мүмкін емес. Мұндай жағдайда, **Қатынас коды** параметрін **Пайд. баңыз** күйіне орнатыңыз, кері жағдайда **Контактілер** бөлімінде кодты # таңбасына өзгерту қажет.

Тақырыбы:

Жіберуші нөмірін және факс нөмірін енгізіңіз. Бұл шығыс факстарда үстіңгі деректеме ретінде көрінеді.

Телефон нөміріңіз:

0 – 9 + таңбаларын немесе бос орынды пайдаланып барлығы 20 таңба енгізуге болады. Web Config үшін барлығы 30 таңба енгізуге болады.

Факс тақырыбы:

Қажетінше барлығы 21 жіберуші атын тіркеуге болады. Әр жіберушінің атына барлығы 40 таңба енгізуге болады. Web Config үшін Unicode (UTF-8) тілінде тақырып енгізіңіз.

Қабылдау режимі:

Қабылдау режимін таңдаңыз.

[“Кіріс факстарды қабылдау” бетте 118](#)

DRD:

Егер телефон компанияңыздан қоңырау түрін ажырату қызметіне жазылсаңыз, кіріс факстар үшін қолданылатын қоңырау үлгісін таңдаңыз. Көптеген телефон компаниялары ұсынатын қоңырау түрін ажырату қызметі (қызмет атауы компанияға байланысты әртүрлі болады) бір телефон желісінде бірнеше телефон нөмірін пайдалануға мүмкіндік береді. Әр нөмір әрбір қоңырау үлгісіне тағайындалады. Бір нөмірді дауыстық қоңырауларға, басқа нөмірді факс қоңыраулары үшін пайдалануға болады. Ауданға байланысты бұл опция **Қосу** немесе **Өш.** болуы мүмкін.

Жау.берг.дей.қоң. саны:

Принтер факстарды автоматты түрде қабылдаудан бұрын пайда болуы тиіс қоңыраулар санын таңдаңыз.

Қашықтан қабылдау:

Қашықтан қабылдау:

Принтерге қосылған телефонда кіріс факс қоңырауына жауап берген кезде, телефонның көмегімен кодты енгізу арқылы факсты қабылдауды бастай аласыз.

Бастау коды:

Қашықтан қабылдау бастапқы кодын орнатыңыз. 0 – 9, *, # таңбаларын пайдаланып екі таңба енгізіңіз.

Бас тарту факсы:

Бас тарту факсы:

Қалаусыз факстарды қабылдамау үшін опцияларды таңдаңыз.

Қабылданбаған сандар тізімі:

Басқа тараптың телефон нөмірі қабылданбайтын нөмірлер тізімінде болса, кіріс факстарын қабылдау не қабылдамау керектігін белгілеңіз.

Факс тақ-ның бланкі бұғатталған:

Басқа тараптың телефон нөмірі бөгелген болса, кіріс факстарын қабылдау не қабылдамау керектігін белгілеңіз.

Тіркелмеген контактілер:

Басқа тараптың телефон нөмірі контактілер тізімінде болмаса, факстарды қабылдау не қабылдамау керектігін белгілеңіз.

Ақаулар санының тізімін өзгерту:

Факстарды және қоңырауларды қабылдамауға барлығы 30 факс нөмірін тіркеуге болады. 0 – 9, *, # таңбаларын немесе бос орынды пайдаланып барлығы 20 таңба енгізіңіз.

Қатысты ақпарат

- ➔ “Принтерді факс жіберуге және қабылдауға дайындау” бетте 360
- ➔ “PBX телефон жүйесі үшін параметрлер орнату” бетте 362
- ➔ “Кіріс факстарды қабылдау” бетте 118
- ➔ “Блокталған қалаусыз факстар үшін параметрлерді реттеу” бетте 366

Жіберу параметрлері

Мәзірді төмендегі принтердің басқару тақтасынан табуға болады.

Параметрлер > Жалпы параметрлер > Факс параметрлері > Жіберу параметрлері

Ескертпе:

Web Config экранында төмендегі мәзірді табуға болады.

Fax қойындысы > Send Settings

Келесі түпнұсқа үшін күту уақыты:

Келесі түпнұсқа үшін күту уақыты:

◇ түймесін түрту арқылы құжатты сканерлеуден соң факс жіберуді бастау және содан кейін көрсетілген уақыт өтпейінше келесі түпнұсқаны күту үшін, осы параметрді іске қосыңыз.

Уақыт:

Келесі түпнұсқаны күту уақытын орнатыңыз.

Факсті алдын ала көру уақыты:

Факсті алдын ала көру уақыты:

Бұл параметрді алдын ала қарау экраны көрсетілген соң кез келген операцияны орындамай көрсетілген уақыт өткеннен кейін факс жіберуді бастау үшін іске қосыңыз.

Уақыт:

Жіберуден бұрын сканерленген құжатты алдын ала көретін уақытты көрсетіңіз.

Қабылдау параметрлері

Қатысты ақпарат

- ➔ “Қабылданған факсты сақтау орны” бетте 289
- ➔ “Басып шығару параметрлері” бетте 290

Қабылданған факсты сақтау орны

Мәзірді төмендегі принтердің басқару тақтасынан табуға болады.

Параметрлер > Жалпы параметрлер > Факс параметрлері > Қабылдау параметрлері > Қабылданған факсты сақтау орны

Ескертпе:

Web Config экранында төмендегі мәзірді табуға болады.

Fax қойындысы > **Fax Output**.

Кіріс жәшікке сақтау:

Кіріс жәшікке сақтау:

Алынған факстар принтердің Кіріс жәшігі қалтасына сақталады. 100 құжатқа дейін сақтауға болады. Сақталған құжаттардың файл өлшемі сияқты пайдалану шарттарына байланысты 100 құжатты сақтау және сол уақытта бірнеше факс сақтау мүмкіндіктерін пайдалану мүмкін емес екенін ескеріңіз.

Алынған факстар автоматты түрде басып шығарылмаса да, оларды принтердің экранында көріп, қажеттісін басып шығаруға болады.

Жады толғандағы опциялар:

Кіріс жәшігі жады толған кезде алынған факсты басып шығару әрекетін таңдауға немесе оны қабылдамауға болады.

Кіріс жәшігі құп-нің параметрлері:

Пайдаланушылардың алынған факстарды көруін шектеу үшін құпиясөз Кіріс жәшігі қалтасын қорғайды. Құпия сөзді өзгерту үшін **Өзгерту** таңдаңыз, одан кейін құпия сөзбен қорғаудан бас тарту үшін **Қалпына келтіру** таңдаңыз. Құпия сөзді өзгерткенде немесе қайта орнатқанда, ағымдағы құпия сөз қажет болады.

Жады толғандағы опциялар параметрі **Факс. қаб.және бас.шығару** мәніне қойылған кезде құпиясөзді орната алмайсыз.

Компьютерге сақтау:

Алынған факстарды PDF файлдары ретінде принтерге қосылған компьютерде сақтайды. Тек осыны **Иә** параметріне FAX Utility (қолданба) арқылы қоюға болады. Бұл мүмкіндікті принтердің басқару тақтасынан қосуға болады. FAX Utility қолданбасын компьютерге алдын ала орнатыңыз. Мұны **Иә** күйіне орнатқаннан кейін, мұны принтердің басқару тақтасынан **Ия және басып шығару** күйіне орнатуға болады.

Жад құрылғысына сақтау:

Алынған факстарды PDF файлдары ретінде принтерге қосылған сыртқы жад құрылғысында сақтайды. **Ия және басып шығару** параметрін таңдасаңыз, алынған факстарды жад құрылғысына сақтаған кезде басып шығарады.

Құжаттар принтерге қосылған жад құрылғысына сақталмас бұрын қабылданған құжаттар принтердің жадына уақытша сақталады. Жадтың толып кетуі туралы қате факстарды жіберуді және қабылдауды өшіретіндіктен, принтерге қосылған жад құрылғысын ажыратпаңыз.

Қатысты ақпарат

➔ ["Алынған факстарды кіріс жәшігіне сақтау үшін реттеулерді жасау" бетте 364](#)

- ➔ “Алынған факстарды сыртқы жад құрылғысына сақтау үшін реттеулерді жасау” бетте 365
- ➔ “Мүмкіндік: PC-FAX жіберу/алу (Windows/Mac OS)” бетте 113

Басып шығару параметрлері

Мәзірді төмендегі принтердің басқару тақтасынан табуға болады.

Параметрлер > Жалпы параметрлер > Факс параметрлері > Қабылдау параметрлері > Басып шығару параметрлері

Ескертпе:

Web Config экранында төмендегі мәзірді табуға болады.

Fax қойындысы > Print Settings

Авт.түрде кішірейту:

Үлкен өлшемдегі құжаттары бар алынған факстарды қағаз көзіндегі қағазға сәйкес кішірейтіп басып шығарады. Кішірейту қабылданған деректерге байланысты әрдайым мүмкін болмайды. Егер бұл опция өшірулі болса, үлкен құжаттар түпнұсқа өлшемінде бірнеше парақтарға басып шығарылады немесе екінші бет бос шығуы мүмкін.

Беттерді бөлу параметрлері:

Қабылданған құжаттың өлшемі принтерге салынған қағаздың өлшемінен үлкенірек болғанда алынған факстарды бетті бөліп басып шығарады. Қағаз ұзындығынан асатын сан **Бөл-нен кейін басып шығ.дер.жою > Шегі** параметрінде орнатылған мәннен аз болса, артығы жойылады. Қағаз ұзындығынан асатын сан орнатылған мәннен асып кетсе, артығы басқа қағазға басып шығарылады.

Бөл-нен кейін басып шығ.дер.жою:

Бөл-нен кейін басып шығ.дер.жою:

Қағаз ұзындығынан асатын мөлшер **Шегі** параметрінде орнатылған мәннен кем болғанда жойылатын құжат аймағын таңдаңыз.

Шегі:

Қағаз ұзындығынан асатын мөлшер осы мәннен кем немесе оған тең болса, артық ұзындық еленбейді және басып шығарылмайды.

Бөлінгенде қабаттастыру:

Бөлінгенде қабаттастыру:

Бұл параметр **Қосу** күйіне орнатылғанда мөлшері **Бөл-нен кейін басып шығ.дер.жою > Шегі** мәнінен асып кеткендіктен бөлініп басып шығарылғанда, бөлінген деректер **Енінің қабаттасуы** параметрінде көрсетілген қабаттасу ұзындығын пайдалану арқылы басып шығарылады.

Енінің қабаттасуы:

Бұл мәннен асатын деректер басып шығарылады.

Автоматты түрде аудару:

Альбомдық бағыттағы, А5 өлшемді құжаттар ретінде алынған факстарды дұрыс А5 өлшемді қағазда басып шығарылатындай етіп айналдырады. Факстарды басып

шығаруға пайдаланылатын кемінде бір қағаз көзіне қағаз өлшемінің параметрі А5 мәніне қойылған кезде осы параметр қолданылады.

Өш. параметрін таңдау арқылы ені А5 кітаптық құжаттардыкімен бірдей альбомдық бағыттағы А4 өлшемі ретінде алынған факстар олар А4 өлшеміндегі факстар және сол күйінде басып шығарылатыны күтіледі.

Параметрлер > Жалпы параметрлер > Принтер параметрлері > Қағаз көзінің параметрлері ішіндегі келесі мәзірлерден факстарды басып шығаруға арналған қағаз көзінің параметрлерін және қағаз көздеріне арналған қағаз өлшемдерін тексеріңіз.

Авто таңдау параметрлері

Қағаз параметрі > Қағаз көлемі

Қабылдау туралы ақпаратты қосу:

Жіберуші үстіңгі деректеме ақпаратын орнатпаса да, алынған факстағы қабылдау ақпаратын басып шығарады. Алу ақпаратында алынған күн мен уақыт, жіберушінің идентификаторы және бет нөмірі (мысалы, «Р1») бар. **Беттерді бөлу параметрлері** параметрі қосылғанда біріктіру бетінің нөмірі де қосылады.

2 жақты:

2 жақты:

Қағаздың екі жағында алынған факстардың бірнеше беттерін басып шығарады.

Тігілетін шеті:

Байланыстыру орнын таңдаңыз.

Басып шығаруды бастау уақыты:

Алынған факстарды басып шығару опцияларын таңдаңыз.

Барлық беттер қабылданды: Барлық беттер қабылданғаннан кейін басып шығару басталады. Бірінші беттен немесе соңғы беттен бастап басып шығару **Буманы реттеу** мүмкіндігінің параметріне байланысты. **Буманы реттеу** бөлімінің түсіндірмесін қараңыз.

Бірінші бет қабылданды: Бірінші бет қабылданғанда басып шығаруды бастайды, содан соң беттердің қабылданған ретімен басып шығарады. Егер принтер басып шығаруды бастай алмаса (мысалы, басқа тапсырмаларды басып шығару), принтер қабылданған беттерді қолжетімді болғанда жинақ ретінде басып шығаруды бастайды.

Буманы реттеу:

Бірінші бет соңғы болып басылып шыққаннан кейін (сырты бетінде), басылып шыққан құжаттардың беттері дұрыс ретпен жиналады. Принтерді жады азайып бара жатса, бұл мүмкіндік қол жеткізгісіз болуы мүмкін.

Бас.шығ.кідіріс-ң уақыты:

Бас.шығ.кідіріс-ң уақыты:

Көрсетілген уақыт мерзімінде принтер қабылданған құжаттарды басып шығармай-ақ, принтердің жадына сақтайды. Бұл мүмкіндік түнгі уақытта шуды болдырмау немесе сіз алыста болған кезде құпиялы құжаттардың ашылуын

болдырмау үшін қолдануға болады. Бұл мүмкіндікті пайдаланудан бұрын бос жад жеткілікті екеніне көз жеткізіңіз.

Тоқтату уақыты:

Құжаттарды басып шығаруды тоқтатады.

Қайта іске қосу уақыты:

Құжаттарды басып шығаруды автоматты түрде қайта бастайды.

Тыныш режимі:

Факстарды басып шығарғанда принтерден шығатын шуылды азайтады, бірақ басып шығару жылдамдығы төмендеуі мүмкін.

Есеп параметрлері

Мәзірді төмендегі принтердің басқару тақтасынан табуға болады.

Параметрлер > Жалпы параметрлер > Факс параметрлері > Есеп параметрлері

Ескертпе:

Web Config экранында төмендегі мәзірді табуға болады.

Fax қойындысы > Report Settings

Факс журналын авт. басып шығару:

Факс журналын автоматты түрде басып шығарады. 30 факс тапсырмасы аяқталған сайын, журналды басып шығару үшін **Қосулы (Әр 30)** күйін таңдаңыз. Журналды көрсетілген уақытта басып шығару үшін **Қосулы (Уақыт)** күйін таңдаңыз. Дегенмен, егер факс тапсырмасының саны 30-ден асатын болса, журнал көрсетілген уақыттан бұрын басып шығарылады.

Кескінді есепке тіркеу:

Жіберілген құжаттың бірінші бетімен **Тасымал есебі** басып шығарады. Беттің жоғарғы жағын кішірейтпей басып шығару үшін **Қосулы (Үлкен кескін)** күйін таңдаңыз. Бүкіл бетті есепке сәйкес келу үшін кішірейте отырып басып шығару үшін **Қосулы (Кіші кескін)** күйін таңдаңыз.

Есеп пішімі:

Факс есептері үшін **Факс > ☰ (Қосымша) > Факс туралы есеп** пәрмендері арқылы **Протокол жазбасы** пішімінен басқа пішімді таңдайды. Қате кодтармен басып шығару үшін **Мәлімет** таңдаңыз.

Қауіпсіздік параметрлері

Мәзірді төмендегі принтердің басқару тақтасынан табуға болады.

Параметрлер > Жалпы параметрлер > Факс параметрлері > Қауіпсіздік параметрлері

Ескертпе:

Web Config экранында төмендегі мәзірді табуға болады.

Fax қойындысы > Security Settings

Нөм.тік.теру б-ша шект.:

Қосу параметрін таңдаған жағдайда, оператор қабылдаушылардың факс нөмірлерін қолмен енгізуге қабілетсіз болады, мұндайда оператор қабылдаушыларды тек контактілер тізімінен немесе жіберілгендер журналынан ғана таңдай алады.

Екі рет енгізу параметрін таңдаған жағдайда, нөмір қолмен енгізілгенде, операторға факс нөмірін енгізу талап етіледі.

Өш. параметрін таңдаған жағдайда, алушының факс нөмірлерін қолмен енгізуге болады.

Таратылым шектеулері:

Қосу параметрін таңдау арқылы «Алушы» ретінде бір ғана факс нөмірін енгізуге болады.

Мекенжай тізімін растау:

Қосу параметрін таңдаған жағдайда, құжатты жіберерден бұрын алушының растау экраны көрсетіледі.

Барлығы немесе **Тек таратылым үшін** бөлімінен алушыларды таңдауға болады.

Дер.рез.көш.авт.өшіру:

Жіберілген және қабылданған құжаттардың сақтық көшірмелері әдетте принтердің жадында уақытша сақталып, электр қуатының болмауына не қате жұмыс істеуіне байланысты қуат кенет өшкен жағдайда, деректердің жоғалуының алдын алады.

Қосу параметрін таңдаған жағдайда, құжатты жіберу немесе қабылдау сәтті аяқталып, сақтық көшірмелер бұдан былай қажет емес болған кезде, сақтық көшірмелер автоматты түрде өшіріледі.

Резервтік деректерді жою:

Принтер жадында уақытша сақталған барлық сақтық көшірмелерді өшіреді. Бұл мүмкіндікті принтерді біреуге беруден немесе жоюдан бұрын іске қосыңыз.

Бұл мәзір Web Config экранында көрсетілмейді.

Факс байланысының тексерісі

Мәзірді төмендегі принтердің басқару тақтасынан табуға болады.

Параметрлер > Жалпы параметрлер > Факс параметрлері > Факс байланысының тексерісі

Ескертпе:

Бұл мәзірді Web Config экранында көрсету мүмкін емес.

Факс байланысының тексерісі тармағын таңдаған жағдайда, принтердің телефон желісіне қосылғандығы және факсты жіберуге дайын екендігі тексеріледі. Тексеру нәтижелерін А4 форматты қағазға басып шығаруыңызға болады.

Факс параметрінің шебері

Мәзірді төмендегі принтердің басқару тақтасынан таба аласыз:

Параметрлер > Жалпы параметрлер > Факс параметрлері > Факс параметрінің шебері

Ескертпе:

Бұл мәзірді Web Config экранында көрсету мүмкін емес.

Факс параметрінің шебері таңдау арқылы факстың негізгі параметрлерін баптауға болады. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Қатысты ақпарат

➔ [“Нег.параметрлер” бетте 285](#)

➔ [“Принтерді факс жіберуге және қабылдауға дайындау” бетте 360](#)

Ел/аймақ:

Принтерді пайдаланып жатқан елді немесе аумақты таңдаңыз. Егер елді немесе аумақты өзгертсеңіз, онда факс параметрлері әдепкі параметрлерге оралады, оларды қайта орнату керек.

Сканерлеу пар-і

Төменде сипатталғандай басқару тақтасындағы мәзірлерді таңдаңыз.

Параметрлер > Жалпы параметрлер > Сканерлеу пар-і

Алушыны растау:

Сканерлеу алдында орынды тексеріңіз.

Электрондық пошта сервері:

Электрондық пошта сканерлеуге арналған электрондық пошта серверінің параметрлерін орнатыңыз.

Пошта серверіне кіруге принтердің аутентификация әдісін көрсету үшін, **Сервер параметрлері** таңдаңыз.

[“Пошта серверін реттеу элементтері” бетте 325](#)



Байланысты тексеру таңдау арқылы пошта серверіне қосылымды тексеруге болады.

Жеткізу күйі

Төменде сипатталғандай басқару тақтасындағы мәзірлерді таңдаңыз.

Параметрлер > Жеткізу күйі

Сияның шамалас деңгейі мен қолданылған сияға арналған ыдыстың қызмет көрсету мерзімін көрсетеді.

 белгісі көрсетілгенде сия азайғанын немесе қолданылған сияға арналған ыдыстың толуға жақын екенін білдіреді.  белгісі көрсетілгенде, сия біткендіктен немесе пайдаланылған пайдаланылған сия қорабының толы болғандығынан, элементті ауыстыру қажет.

Сия картриджін ауыстыруға немесе осы терезеден жеткізу көзінің күйі туралы ақпаратты тексеруге болады.

Қатысты ақпарат

➔ [“Сия картридждарын ауыстыру” бетте 219](#)

Қызмет көрсету

Төменде сипатталғандай басқару тақтасындағы мәзірлерді таңдаңыз.

Параметрлер > Қызмет көрсету

Басып шығару сапасын реттеу:

Басып шығаруларға қатысты қандай да бір проблемалар болса, осы мүмкіндікті таңдаңыз. Бітелген саңылауларды тексеруге және қажет болса, басып шығару механизмін тазалауға, содан соң басып шығару сапасын жақсарту үшін кейбір параметрлерді реттеуге болады.

Басып шығару басы саңл. тексеру:

Басып шығару механизмінің саңылаулары бітелсе, тексеру үшін осы мүмкіндікті таңдаңыз. Принтер саңылауды тексеру үлгісін басып шығарады.

Басып шығару басын тазалау:

Басып шығару механизміндегі бітелген саңылауларды тазалау үшін осы мүмкіндікті таңдаңыз.

Басып шығару механизмін туралау:

Шектік сызықты туралау:

Тік сызықтарды туралау үшін осы мүмкіндікті таңдаңыз.

Көлденеңінен туралау:

Егер көлденең жолақтар басып шығарулардағы бірдей аралықтарда көрсетілсе, осы мүмкіндікті таңдаңыз.

Сия картридждерін ауыстыру:

Бұл мүмкіндікті сия таусылмай тұрып сия картриджін ауыстыру үшін пайдаланыңыз.

Қағаз бағ. тазарту:

Егер ішкі роликтерде сия дақтары болса, осы мүмкіндікті таңдаңыз. Ішкі роликтерді тазалау үшін принтер қағазды береді.

Қатысты ақпарат

➔ [“Басып шығару механизмін тексеру және тазалау” бетте 138](#)

- ➔ “Сия картридждарын ауыстыру” бетте 219
- ➔ “Қағаздың өту жолын сиямен айғыздалудан тазалау” бетте 140

Басып шығару күйінің парағы

Төменде сипатталғандай басқару тақтасындағы мәзірлерді таңдаңыз.

Параметрлер > Басып шығару күйінің парағы

Конфигурация күйі парағы:

Принтердің ағымдағы күйін және параметрлерін көрсететін ақпарат парақтарын басып шығарыңыз.

Ресурс күйінің парағы:

Тұтынылатын заттардың күйін көрсететін ақпарат парақтарын басып шығарыңыз.

Пайдалану журналы парағы:

Принтерді қолдану журналын көрсететін ақпарат парақтарын басып шығарыңыз.

Басып шығару есептеуіші

Төменде сипатталғандай басқару тақтасындағы мәзірлерді таңдаңыз.

Параметрлер > Басып шығару есептеуіші

Күй парағы сияқты элементтерді қоса, басып шығарулардың жалпы санын принтердің сатып алғаннан бастап түсті басып шығаруларды көрсетеді. **Бас. шығ. парағы** таңдасаңыз, пайдалану журналының парағы басып шығарылады.

Сондай-ақ «Пайдалану журналы» парағынан басқа функциялар үшін басып шығарылған беттер санын тексеруге болады.

Есептер

Төменде сипатталғандай басқару тақтасындағы мәзірлерді таңдаңыз.

Параметрлер > Есептер

Келесі мәзірлер үшін ағымдағы қосылым күйін тексеріп, есепті басып шығарады.

- Желі
- Факс

Пайдаланушы параметрлері

Төменде сипатталғандай басқару тақтасындағы мәзірлерді таңдаңыз.

Параметрлер > Пайдаланушы параметрлері

Көшіру:

Көшіру мәзіріндегі әдепкі параметрлерді өзгертуге болады.

Желі қалтасына/FTP іш. сканерлеу:

Желі қалтасына/FTP іш. сканерлеу мәзіріндегі әдепкі параметрлерді өзгертуге болады.

Электрондық поштаға сканерлеу:

Электрондық поштаға сканерлеу мәзіріндегі әдепкі параметрлерді өзгертуге болады.

Компьютерге сканерлеу

Компьютерге сканерлеу мәзіріндегі әдепкі параметрлерді өзгертуге болады.

Факс жад құрылғысына скан-у:

Факс жад құрылғысына скан-у мәзіріндегі әдепкі параметрлерді өзгертуге болады.

Бұлтқа сканерлеу:

Бұлтқа сканерлеу мәзіріндегі әдепкі параметрлерді өзгертуге болады.

Факс:

Факс мәзіріндегі әдепкі параметрлерді өзгертуге болады.

[“Факс параметрлері” бетте 122](#)

Тұтынушылар арасындағы зерттеу

Төменде сипатталғандай басқару тақтасындағы мәзірлерді таңдаңыз.

Параметрлер > Тұтынушылар арасындағы зерттеу

Seiko Epson Corporation компаниясына басып шығарулар саны сияқты өнімнің пайдалану ақпаратын береді.

Параметрлерді өзгерту үшін **Параметрлер** түймесін таңдаңыз.

Бекіту:

Seiko Epson Corporation компаниясына өнімді пайдалану туралы ақпаратты ұсынуға келісемін.

Таңдаған соң осы өнімді пайдаланып жатқан елді немесе аумақты реттеңіз.

Кейін тексеру:

Қазір өткізіп жіберіңіз. Осы параметрді кейінірек өзгертуге болады.

Қабылдамау:

Seiko Epson Corporation компаниясына өнімді пайдалану туралы ақпаратты ұсынуға келісім бермеймін.

Қолданылуы тур. деректі беру:

Бекіту күйін көрсетеді.

Ескертпе:

Кейін тексеру таңдалса, **Қабылдамау** көрсетіледі.

Ел/аймақ:

Принтерді пайдаланып жатқан елді немесе аймақты көрсетеді.

Әдепкі парам. қалп. келтіру

Төменде сипатталғандай басқару тақтасындағы мәзірлерді таңдаңыз.

Параметрлер > Әдепкі парам. қалп. келтіру

Желі параметрлері:

Желі параметрлерін қалпына келтіреді.

Көшірме параметрлері:

Көшіру параметрлерін қалпына келтіреді.

Сканерлеу пар-і:

Сканерлеу параметрлерін қалпына келтіреді.

Факс параметрлері:

Факс параметрлерін қалпына келтіреді.

Барлық деректер мен параметрлерді өшіру:

Принтер жадында сақталған барлық жеке ақпаратты өшіреді және барлық параметрлерді әдепкі мәндерге қалпына келтіреді.

Микробағдарлама жаңартуы

Төменде сипатталғандай басқару тақтасындағы мәзірлерді таңдаңыз.

Параметрлер > Микробағдарлама жаңартуы

Жаңарту:

Микробағдарламаның ең соңғы нұсқасы желі серверіне жүктелгенін тексеріңіз. Егер жаңарту қолжетімді болса, жаңартуды бастау не бастамауды таңдауға болады.

Хабарландыру:

Микробағдарлама жаңартуы қолжетімді болғанда хабарландыру алу үшін, **Қосу** күйін таңдаңыз.

Өнімнің техникалық сипаттамалары

Принтердің техникалық сипаттамалары


Басып шығару механизмі саңылауын қою		Қара сия саңылаулары: 800
Қағаз салмағы*	Қарапайым қағаз	64 – 90 г/м ²
	Қалың қағаз	91 – 256 г/м ²
	Хатқалталар	75 – 100 г/м ²

* Қағаз қалыңдығы осы ауқым ішінде болғанда да, қағаз принтерге берілмеуі мүмкін немесе қағаз сипаттарына немесе сапасына байланысты сканерлеу сапасы нашарлауы мүмкін.

Басып шығарылатын аймақ


Жалғыз парақтар үшін басып шығарылатын аумақ

Принтер механизміне байланысты көлеңкелі аймақтарда басып шығару сапасы төмендеуі мүмкін.

	A	3.0 мм (0.12 дюйм)
	B	3.0 мм (0.12 дюйм)
	C	47.0 мм (1.85 дюйм)
	D	45.0 мм (1.77 дюйм)

Хатқалталар үшін басып шығарылатын аумақ

Принтер механизміне байланысты көлеңкелі аймақтарда басып шығару сапасы төмендеуі мүмкін.

	A	3.0 мм (0.12 дюйм)
	B	3.0 мм (0.12 дюйм)
	C	18.0 мм (0.71 дюйм)
	D	47.0 мм (1.85 дюйм)

Сканердің техникалық сипаттамалары

Сканер түрі	Планшет типті
-------------	---------------

Фотоэлектр құрылғысы	CIS
Тиімді пикселдер	10200×14040 пиксел (1200 нүкте/дюйм)
Ең үлкен құжат көлемі	216×297 мм (8.5×11.7 дюйм) A4, Letter
Сканерлеу ажыратымдылығы	1200 нүкте/дюйм (негізгі сканер) 2400 нүкте/дюйм (қосымша сканер)
Шығыс ажыратымдылық	50 – 9600 нүкте/дюйм, 1 нүкте/дюйм арту бойынша
Түс тереңдігі	Түс <input type="checkbox"/> 48 бит/пиксел ішкі (16 бит/пиксел ішкі/түс ішкі) <input type="checkbox"/> 24 бит/пиксел сыртқы (8 бит/пиксел ішкі/түс сыртқы) Сұр түс реңктері <input type="checkbox"/> 16 бит/пиксел ішкі <input type="checkbox"/> 8 бит/пиксел сыртқы
Жарық көзі	Жарық диод

ADF техникалық сипаттамалары

Қолжетімді қағаз өлшемдері	A4, Indian-Legal, Letter, 8.5×13 in, Legal
Қағаз түрі	Қарапайым қағаз
Қағаз салмағы	64 – 95 г/м ² (17 – 24 фунт)
Салу сыйымдылығы	A4, Letter: 35 парақ немесе 3.85 мм Indian-Legal, 8.5×13 in, Legal: 10 парақ
Автоматты дуплекс сканерлеу	Қолдау көрсетілмейді

Егер түпнұсқа ADF құралына қоюға болатын баспа материалының сипаттамаларына сәйкес болса да, ол ADF құрылғысынан берілмеуі мүмкін немесе қағаз сипаттарына немесе сапасына байланысты сканерлеу сапасы нашарлауы мүмкін.

Факс сипаттамалары

Факс түрі	Шығыс ақ-қара және түсті факс мүмкіндігі (ITU-T Super Group 3)
Қолдауға ие желілер	Стандартты аналогтық желілер, PBX (Жеке қолданысқа арналған телефон желісі) телефон жүйелері
Жылдамдық	33.6 кб/с дейін

Ажыратымдылық	<p>Монохромды</p> <ul style="list-style-type: none"> <input type="checkbox"/> Стандартты: 8 пиксел/мм×3,85 желі/мм (203 пиксел/дюйм×98 желі/дюйм) <input type="checkbox"/> Анық: 8 пиксел/мм×7,7 желі/мм (203 пиксел/дюйм×196 желі/дюйм) <input type="checkbox"/> Өте жіңішке: 8 пиксел/мм×15,4 желі/мм (203 пиксел/дюйм×392 желі/дюйм) <input type="checkbox"/> Ультра жіңіше: 16 пиксел/мм×15,4 желі/мм (406 пиксел/дюйм×392 желі/дюйм) <input type="checkbox"/> Фотосурет: 8 пиксел/мм×7,7 желі/мм (203 пиксел/дюйм×196 желі/дюйм) <p>Түс</p> <p>200×200 нүкте/дюйм</p>
Бет жады	180 дейін бет (алынатын ITU-T, № 1 диаграмма монохромды жоба режимінде)
Қайта теру*	2 рет (1 минуттық аралықпен)
Интерфейс	RJ-11 телефон желісі, RJ-11 телефон қосылымы

* Спецификациялар елге не аймаққа байланысты әртүрлі болуы мүмкін.

Принтерге арналған портты пайдалану

Принтер келесі портты пайдаланады. Бұл порт, қажет болса, желі әкімшісіне қолжетімді болуы қажет.

Жіберуші (клиент) принтер болғанда

Пайдалану	Орын (сервер)	Протокол	Порт нөмірі	
Файл жіберу (принтерден желілік қалтаға сканерлеу қолданылғанда)	FTP/FTPS сервері	FTP/FTPS (TCP)	20	
			21	
	Файл сервері	SMB (TCP)	445	
			NetBIOS (UDP)	137
				138
	WebDAV сервері	NetBIOS (TCP)	139	
HTTP (TCP) протоколы			80	
	HTTPS (TCP) протоколы	443		
Электрондық хабар жіберу (принтерден поштаға сканерлеу қолданылғанда)	SMTP сервері	SMTP (TCP)	25	
		SMTP SSL/TLS (TCP)	465	
		SMTP STARTTLS (TCP)	587	

Пайдалану	Орын (сервер)	Протокол	Порт нөмірі
SMTP қосылымына дейінгі POP (принтерден поштаға сканерлеу қолданылғанда)	POP сервері	POP3 (TCP)	110
Epson Connect мүмкіндігі пайдаланылғанда	Epson Connect сервері	HTTPS	443
		XMPP	5222
Control WSD	Клиент компьютері	WSD (TCP)	5357

Жіберуші (клиент) клиенттік компьютер болғанда

Пайдалану	Орын (сервер)	Протокол	Порт нөмірі
EpsonNet Config, принтер драйвері және сканер драйвері сияқты қолданбадан принтерді анықтаңыз.	Принтер	ENPC (UDP)	3289
EpsonNet Config, принтер драйвері және сканер драйвері сияқты қолданбадан MIB ақпаратын жинап, реттеңіз.	Принтер	SNMP (UDP)	161
LPR деректерін қайта жіберу	Принтер	LPR (TCP)	515
RAW деректерін қайта жіберу	Принтер	RAW (порт 9100) (TCP)	9100
AirPrint (IPP/IPPS басып шығару) деректерін қайта жіберу	Принтер	IPP/IPPS (TCP)	631
WSD принтерін іздеу	Принтер	WS-Discovery (UDP)	3702
Web Config	Принтер	HTTP (TCP)	80
		HTTPS (TCP)	443
FaxOut деректерін қайта жіберу	Принтер	IPP FaxOut (TCP)	631
PC-FAX	Принтер	HTTP (TCP)	80

Интерфейстің техникалық сипаттамалары

Компьютер үшін	Жоғары жылдамдықты USB*
Сыртқы USB құрылғысы үшін	Жоғары жылдамдықты USB

* USB 3.0 кабельдеріне қолдау көрсетілмейді.

Желінің техникалық сипаттамалары

Wi-Fi сипаттамалары

Стандарттар	IEEE 802.11a/b/g/n* ¹ /ac		
Жиілік ауқымдары	IEEE 802.11b/g/n: 2,4 ГГц, IEEE 802.11a/n/ac: 5 ГГц		
Арналар	Wi-Fi	2,4 ГГц	1/2/3/4/5/6/7/8/9/10/11/12* ² /13* ²
		5 ГГц* ³	W52 (36/40/44/48), W53 (52/56/60/64), W56 (100/104/108/112/116/120/124/128/132/136/140/144), W58 (149/153/157/161/165)
	Wi-Fi Direct	2,4 ГГц	1/2/3/4/5/6/7/8/9/10/11/12* ² /13* ²
		5 ГГц* ³	W52 (36/40/44/48), W58 (149/153/157/161/165)
Қосылым режимдері	Инфрақұрылым, Wi-Fi Direct (қарапайым AP)* ⁴ , * ⁵		
Қауіпсіздік протоколдары* ⁶	WEP (64/128bit), WPA2-PSK (AES)* ⁷ , WPA3-SAE (AES)		

*1 Тек HT20 құрылғысы үшін қолжетімді.

*2 Тайванда жоқ.

*3 Осы арналардың қолжетімділігі және осы арналар арқылы өнімді бөлме сыртында пайдалану орынға байланысты әртүрлі болады. Қосымша ақпарат алу үшін келесі веб-сайтты қараңыз.

<http://support.epson.net/wifi5ghz/>

*4 IEEE 802.11b үшін қолдау көрсетілмейді.

*5 Инфрақұрылым және Wi-Fi Direct режимдері немесе Ethernet қосылымын бір уақытта пайдалануға болады.

*6 Wi-Fi Direct режимі WPA2-PSK құрылғысын ғана (AES) қолдайды.

*7 WPA/WPA2 Personal үшін қолдау көрсетілген WPA2 қауіпсіздігіне сәйкес келеді.

Ethernet сипаттамалары

Стандарттар	IEEE802.3i (10BASE-T)* ¹ IEEE802.3u (100BASE-TX) IEEE802.3az (Energy Efficient Ethernet)* ²
Байланыс режимі	Автоматты, 10Мбит/с, толық дуплекс, 10Мбит/с жартылай дуплекс, 100 Мбит/с толық дуплекс, 100 Мбит/с жартылай дуплекс
Коннектор	RJ-45

*1 Радио кедергісінің қаупін болдырмау үшін, 5е санатын немесе жоғары STP (қалқаланған бұралған жұп) кабелін пайдаланыңыз.

*2 Жалғанған құрылғы IEEE802.3az стандарттарына сәйкес болуы тиіс.

Желі функциялары және IPv4/IPv6

Функциялары			Қолдау көрсетілетіні	Ескертпелер
Желілік басып шығару	EpsonNet Print (Windows)	IPv4	✓	-
	Standard TCP/IP (Windows)	IPv4, IPv6	✓	-
	WSD басып шығару (Windows)	IPv4, IPv6	✓	Windows Vista немесе кейінгі нұсқасы
	Bonjour басып шығару (Mac OS)	IPv4, IPv6	✓	-
	IPP басып шығару (Windows, Mac OS)	IPv4, IPv6	✓	-
	Epson Connect (электрондық поштамен басып шығару, қашықтан басып шығару)	IPv4	✓	-
	AirPrint (iOS, Mac OS)	IPv4, IPv6	✓	iOS 5 немесе кейінгі нұсқасы, OS X Mavericks (10.9.5) немесе кейінгі нұсқасы*
Желілік ортақ пайдалану	Epson Scan 2	IPv4, IPv6	✓	-
	Epson ScanSmart	IPv4	✓	Windows 7 немесе одан кейінгі нұсқасы, не болмаса OS X El Capitan (10.11) немесе одан кейінгі нұсқасы
	Event Manager	IPv4	✓	Windows Vista/ Windows XP немесе OS X Yosemite (10.10)/OS X Mavericks (10.9.5)
	Epson Connect (бұлтқа сканерлеу)	IPv4	✓	-
	AirPrint (сканерлеу)	IPv4, IPv6	✓	OS X Mavericks (10.9.5) немесе кейінгі нұсқасы*

Функциялары			Қолдау көрсетілетіні	Ескертпелер
Факс	Факс жіберу	IPv4	✓	-
	Факс алу	IPv4	✓	-
	AirPrint (факс шығысы)	IPv4, IPv6	✓	OS X Mavericks (10.9.5) немесе кейінгі нұсқасы*

* Ең соңғы iOS немесе Mac OS нұсқасын пайдалануды ұсынамыз.

Қауіпсіздік протоколы

SSL/TLS	HTTPS сервері/клиенті, IPPS
SMTPS (STARTTLS, SSL/TLS)	
SNMPv3	

Қолдау көрсетілетін үшінші тарап қызметтері

Қызметтер		Қолдау көрсетілетіні	Ескертпелер
AirPrint	Басып шығару	✓	iOS 5 немесе кейінгі/OS X Mavericks (10.9.5) немесе кейінгі*
	Сканерлеу	✓	OS X Mavericks (10.9.5) немесе кейінгі нұсқасы*
	Факс	✓	OS X Mavericks (10.9.5) немесе кейінгі нұсқасы*

* Ең соңғы iOS немесе Mac OS нұсқасын пайдалануды ұсынамыз.

Жад құрылғысының техникалық сипаттамалары

Құрылғылар	Ең жоғары сыйымдылық
Қатты диск жетегі* ¹ USB жад құрылғысы	2 TB (FAT, FAT32, немесе exFAT ретінде пішімделген.)
Бірнеше карта оқу құралы* ²	2 TB (FAT, FAT32 немесе exFAT ішінде пішімделген)

*1: USB арқылы қосылатын сыртқы USB құрылғыларын пайдалану ұсынылмайды. Тек тәуелсіз айнымалы ток қуат көздері бар сыртқы USB құрылғыларын пайдаланыңыз.

*2: Бірнеше карта оқу құралына тек бір жад картасын салыңыз. Екіден артық жад картасы салынған бірнеше карта оқу құралына қолдау көрсетілмейді.

Келесі жабдықтарды пайдалану мүмкін емес:

- Арнайы драйверді талап ететін жабдық
- Қауіпсіздік параметрлері бар жабдық (құпиясөз, шифрлау және тағы басқа)
- USB хабына кірістірілген жабдық

Erson корпорациясы сыртқы қосылатын құрылғылардың барлық жұмысына кепілдік бере алмайды.

Қолданылған деректер спецификациясы

Файл пішімі	1.0 немесе 2.0* ² нұсқасымен үйлесімді DCF* ¹ цифрлық камераларының көмегімен алынған Exif Version 2.3.1 стандартындағы JPEG форматтары (*.JPG) Төмендегідей TIFF 6.0 үйлесімді кескіндер <input type="checkbox"/> RGB толық түсті кескіндер (қысылмаған) <input type="checkbox"/> Бинарлық кескіндер (қысылмаған не CCITT кодты)
Кескін өлшемі	Көлденең: 80–10200 пиксел Тік: 80–10200 пиксел
Файл көлемі	2 Гбайттан аз
Ең көп файлдар саны	JPEG: 9990* ³ TIFF: 999

*1 Design rule — Камераның файлдық жүйесі үшін.

*2 Ендірілген жады қолданылмайтын сандық камераларда сақталған фото деректер.

*3 Бір уақытта 999 файл көрсетіле алады. (Егер файлдар саны 999 артық болса, файлдар топтастырылып көрсетіледі.)

Ескертпе:

Принтер кескінді анықтай алмаған кезде СҚД экранында «!» белгісі көрсетіледі. Бірнеше кескін пішімі таңдалған жағдайда бос бөліктер басып шығарылады.

Өлшемділіктер

Өлшемділіктер	Сақтау <input type="checkbox"/> Ені: 425 мм (16.7 дюйм) <input type="checkbox"/> Тереңдігі: 388 мм (15.3 дюйм) <input type="checkbox"/> Биіктігі: 277 мм (10.9 дюйм) Басып шығару <input type="checkbox"/> Ені: 425 мм (16.7 дюйм) <input type="checkbox"/> Тереңдігі: 503 мм (19.8 дюйм) <input type="checkbox"/> Биіктігі: 277 мм (10.9 дюйм)
Салмағы*	шамамен 10.1 кг (22.3 фунт)

* Сия картридждерінсіз және қуат сымынсыз

Электрлік техникалық сипаттамалары

Номиналды қуат көзі	100–240 В АТ
Номиналды жиілік ауқымы	50–60 Гц
Номиналды ток	0.6 – 0.4 А
Қуат тұтынуы (USB қосылымымен)	Бөлек көшіру: шамамен 18 Вт (ISO/IEC24712) Дайын режимі: шамамен 7.0 Вт Күту режимі: шамамен 0.7 Вт Қуатты ажырату: шамамен 0.2 Вт

Ескертпе:

- Оның кернеуі туралы ақпаратты принтердің жапсырмасынан қараңыз.
- Еуропалық пайдаланушылар үшін қуат тұтыну жөніндегі мәліметтерді келесі веб-сайттан қараңыз.
<http://www.epson.eu/energy-consumption>

Қоршаған орта сипаттамалары

Әрекет	<p>Принтерді кестеде көрсетілген температура (°C) және ылғалдылық (%) ауқымында және конденсат пайда болмайтын ортада пайдаланыңыз.</p>
Сақтау	<p>Бастапқы сия толтырудан кейінгі температура: -15 – 40°C (5 – 104°F)* Бастапқы сия толтыруға дейінгі температура: -20 – 40°C (-4 – 104°F)* Ылғалдылық: 5–85% ҚЫ (конденсациясыз)</p>

* Бір ай 40°C (104°F) температурада сақтауға болады.


Сия картриджеріне арналған қоршаған орта спецификациялары

Сақтау температурасы	-30 – 40 °C (-22 – 104 °F)*
Қату температурасы	Сия 0 °C (32 °F) температурада сақталса, қатып қалуы мүмкін. Сия ериді және 25 °C (77 °F) деңгейінде шамамен 3 сағаттан кейін пайдалануға жарамды.

* Бір ай 40 °C (104 °F) градуста сақтауға болады.

Орнату орны және кеңістігі

Принтерді дұрыс орнатып, пайдалану үшін орын жеткілікті екенін тексеріңіз.



A	563.2 мм
B	725.0 мм
C	425.0 мм
D	422.0 мм
E	303.0 мм

Қоршаған орта шарттарын растау үшін осы нұсқаулықтағы «Қауіпсіздік нұсқаулары» бөлімін қараңыз.

Қатысты ақпарат

➔ [“Принтерді орнату бойынша ұсыныстар мен ескертулер” бетте 15](#)

Жүйе талаптары

Windows

Windows Vista, Windows 7, Windows 8/8.1, Windows 10, Windows 11 немесе одан кейінгі нұсқасы
Windows XP SP3 (32 биттік)

Windows XP Professional x64 Edition SP2

Windows Server 2003 (SP2) немесе кейінгі нұсқасы

Mac OS

Mac OS X 10.9.5 немесе одан кейінгі, macOS 11 немесе одан кейінгі

Ескертпе:

Mac OS кейбір қолданбалар мен мүмкіндіктерді қолдамауы мүмкін.

UNIX файл жүйесі (UFS) Mac OS үшін қолданылмайды.

Chrome OS

Chrome OS 89 немесе кейінгі нұсқасы

Ескертпе:

Стандартты операциялық жүйе мүмкіндіктерін ғана қолдайды.

Заңға қатысты ақпарат

Стандарттар және мақұлдаулар

АҚШ моделі бойынша стандарттар мен мақұлдаулар

Қауіпсіздік	UL60950-1 CAN/CSA-C22.2 No.60950-1
Электромагниттік үйлесімділік	FCC Part 15 Subpart B Class B CAN ICES-3 (B)/NMB-3 (B)

Бұл жабдықта келесі сымсыз модуль бар.

Өндіруші: Seiko Epson Corporation

Түрі: J26H005

Бұл құрылғы FCC ережелерінің Part 15 және IC ережелерінің RSS-210 стандартына сәйкес келеді. Epson компаниясы құрылғының ұсынылмаған өзгертулерінен болған қорғау талаптарына сәйкес келуі үшін кез келген қатеге жауапты болмайды. Әрекет келесі екі жағдайға байланысты: (1) бұл құрылғы зиянды кедергіге себеп болмайды және (2) бұл құрылғы қабылданған кедергіні қабылдауы керек, оның ішінде құрылғының қажетсіз әрекетіне себеп болатын кедергі бар.

Лицензияланған қызметке әсер ететін радио кедергісінің алдын алу үшін, бұл құрылғыны барынша қалқа жерде тұруы үшін, ғимарат ішінде және терезелерден қашық пайдалану керек. Сыртта орнатылған жабдық (немесе оның жіберу антеннасы) лицензиялануы керек.

Осы жабдық бақылаусыз орта үшін орнатылған FCC/IC радиация әсерінің шектеріне сай келеді және IC радиожиилік (РЖ) әсері ережелерінің OET65 және RSS-102 үшін C қосымшасындағы FCC радиожиилік (РЖ) әсерінің нұсқауларына сай келеді. Осы жабдықты радиатор адам денесінен (қол, білек, аяқ және тобықтан басқа) 7,9 дюйм (20 см) немесе одан алшақ қашықтықта болатындай етіп орнату және басқару керек.

Еуропалық үлгілер бойынша стандарттар мен мақұлдаулар

Еуропалық пайдаланушылар үшін

Бұл арқылы Seiko Epson Corporation компаниясы келесі радио жабдығының моделі 2014/53/EU Директивасымен сәйкес екенін мәлімдейді. Сәйкестіктің ЕО мәлімдемесінің толық мәтіні келесі веб-сайтта қолжетімді.

<http://www.epson.eu/conformity>

C774E

Тек Ирландияда, Ұлыбританияда, Австрияда, Германияда, Лихтенштейнде, Швейцарияда, Францияда, Бельгияда, Люксембургте, Нидерландыда, Италияда, Португалияда, Испанияда, Данияда, Финляндияда, Норвегияда, Швецияда, Исландияда, Хорватияда, Кипрде, Грецияда, Словенияда, Түркияда, Мальтада, Болгарияда, Чехияда, Эстонияда, Венгрияда, Латвияда, Литвада, Польшада, Румынияда және Словакияда пайдалануға арналған.

Epson компаниясы өнімдердің ұсынылмаған өзгертулерінен болған қорғау талаптарына сәйкес келуі үшін кез келген қатеге жауапты болмайды.



Көшіру шектеулері

Принтерді жауапты және заңды пайдалануды қамтамасыз ету үшін төмендегі шектеулерді орындаңыз.

Төмендегі элементтерді көшіруге заңмен тыйым салынады:

- банкноттар, тиындар, мемлекет шығарған бағалы қағаздар, мемлекеттік облигациялы бағалы қағаздар және муниципалдық бағалы қағаздар
- қолданылмаған пошта маркалары, таңбаланған ашық хаттар және басқа жарамды пошта алымы бар басқа ресми пошта заттары
- мемлекеттік акциздік маркалар және заңды іс рәсімімен шығарылған бағалы қағаздар

Төмендегі элементтерді көшіру кезінде абай болыңыз:

- жеке нарықтық бағалы қағаздар (акционерлік сертификаттар, берілетін соло вексельдер, банка чектері, т.б.), айлық билеттер, жеңілдік билеттері, т.б.
- паспорттар, жүргізуші куәліктері, фитнес купондар, жол билеттері, азық-түлік талондар, билеттер, т.б.

Ескертпе:

Бұл элементтерді көшіру заңмен тыйым салынған.

Авторлық құқықтары қорғалған материалдарды жауапты пайдалану:

авторлық құқықтары қорғалған материалдарды дұрыс көшірмеу салдарынан принтерлер дұрыс пайдаланылмауы мүмкін. Білікті заңгердің кеңесі бойынша әрекет етпесе, жарияланған материалды көшірмес бұрын авторлық құқық иесінің рұқсатын алып, жауапты болыңыз және құрметтеңіз.

Әкімші туралы ақпарат

Принтерді желіге жалғау.	312
Принтерді пайдалану реттеулері.	316
Принтерді басқару.	372
Кеңейтілген қауіпсіздік параметрлері.	382

Принтерді желіге жалғау

Принтерді желіге бірнеше әдіспен жалғауға болады.

- Басқару тақтасындағы кеңейтілген параметрлерді пайдалану арқылы жалғаңыз.
- Веб-сайттағы немесе бағдарламалық құрал дискісіндегі орнату құралын пайдалану арқылы жалғаңыз.

Бұл бөлімде принтердің басқару тақтасы арқылы принтерді желіге жалғау процедурасы сипатталады.

Желі қосылымын жасау алдында

Желіге жалғау үшін қосылымға арналған қосылым әдісін және параметр ақпаратын алдын ала тексеріңіз.

Қосылым параметрі туралы ақпаратты жинау

Жалғау үшін қажетті параметр ақпаратын дайындаңыз. Келесі ақпаратты алдын ала тексеріңіз.

Бөлімдер	Элементтер	Ескертпе
Құрылғы жалғау әдісі	<input type="checkbox"/> Ethernet <input type="checkbox"/> Wi-Fi	Принтерді желіге жалғау әдісін шешіңіз. Сымды LAN желісі үшін LAN қосқышына жалғайды. Wi-Fi желісі үшін кіру нүктесінің желісіне (SSID) жалғайды.
LAN қосылымының ақпараты	<input type="checkbox"/> IP мекенжайы <input type="checkbox"/> Қосалқы желі маскасы <input type="checkbox"/> Әдепкі шлюз	Принтерге тағайындау үшін IP мекенжайын шешіңіз. IP мекенжайын статикалық тағайындағанда барлық мән қажет етіледі. DHCP функциясы арқылы IP мекенжайын динамикалық тағайындағанда бұл ақпарат қажет етілмейді, себебі ол автоматты түрде орнатылады.
Wi-Fi қосылымының ақпараты	<input type="checkbox"/> SSID <input type="checkbox"/> Құпиясөз	Принтер қосылатын кіру нүктесінің SSID (желі атауы) және құпиясөзі бар. Егер MAC мекенжайын сүзгілеу орнатылса, принтерді тіркеу үшін принтердің MAC мекенжайын алдын ала тіркеңіз. Қолдау көрсетілетін стандарттар үшін келесіні қараңыз. “Wi-Fi сипаттамалары” бетте 303
DNS серверінің ақпараты	<input type="checkbox"/> Негізгі DNS үшін IP мекенжайы <input type="checkbox"/> Қосалқы DNS үшін IP мекенжайы	Бұл DNS серверлерін көрсеткенде қажет етіледі. Жүйеде артық конфигурация болғанда және қосалқы DNS сервері болғанда, қосалқы DNS орнатылады. Егер ұйымыңыз шағын болса және DNS серверін орнатпасаңыз, маршрутизатордың IP мекенжайын орнатыңыз.

Бөлімдер	Элементтер	Ескертпе
Прокси сервердің ақпараты	<input type="checkbox"/> Прокси сервердің атауы	Интернетке интражеліден кіру үшін желі ортасы прокси серверді пайдаланғанда және принтер интернетке тікелей жалғанатын функцияны пайдаланғанда осыны орнатыңыз. Келесі функциялар үшін принтер интернетке тікелей жалғанады. <input type="checkbox"/> Epson Connect қызметтері <input type="checkbox"/> Басқа компаниялардың бұлттық қызметтері <input type="checkbox"/> Микробағдарлама жаңартуы
Порт нөмірінің ақпараты	<input type="checkbox"/> Босату үшін порт нөмірі	Принтер мен компьютер пайдаланатын порт нөмірін тексеріңіз, содан соң, қажет болса, брандмауэр блоктаған портты босатыңыз. Принтер пайдаланатын порт нөмірін келесі бөлімнен қараңыз. "Принтерге арналған портты пайдалану" бетте 301

IP мекенжайын тағайындау

IP мекенжайын тағайындаудың келесі екі түрі бар.

Статикалық IP мекенжайы:

Алдын ала анықталған IP мекенжайын (хост) принтерге қолмен тағайындау.

Желіге жалғау (қосалқы желі маскасы, әдепкі шлюз, DNS сервері және тағы басқасы) туралы ақпаратты қолмен орнату керек.

Құрылғы өшірілсе де, IP мекенжайы өзгермейді, сондықтан бұл IP мекенжайын өзгерту мүмкін емес ортада құрылғыларды басқару қажет болғанда немесе IP мекенжайы арқылы құрылғыларды басқару қажет болғанда пайдалы. Көптеген компьютерлер кіре алатын принтерге, серверге, т.б. құрылғыларға реттеулер жасауды ұсынамыз.

DHCP функциясын (динамикалық IP мекенжайы) пайдалану арқылы автоматты тағайындау:

DHCP серверінің немесе маршрутизатордың DHCP функциясын пайдалану арқылы IP мекенжайын принтерге автоматты түрде тағайындаңыз.

Желіге (қосалқы желі маскасы, әдепкі шлюз, DNS сервері және тағы басқасы) жалғау туралы ақпарат автоматты түрде орнатылады, сондықтан құрылғыны желіге оңай жалғауға болады.

Егер құрылғы немесе маршрутизатор өшірілсе немесе DHCP серверінің параметрлеріне байланысты болса IP мекенжайы қайта жалғағанда өзгеруі мүмкін.

IP мекенжайы өзгеше құрылғылармен басқаруды және IP мекенжайын бақылай алатын протоколдармен байланысуды ұсынамыз.

Ескертпе:

DHCP серверінің IP мекенжайын резервтеу функциясын пайдаланғанда, бірдей IP мекенжайын құрылғыларға кез келген уақытта тағайындауға болады.

DNS сервері және прокси сервері

DNS серверінде IP мекенжайының ақпаратына қатысты электрондық поштаның, т.б. көздердің хост атауы, домен атауы бар.

Компьютер немесе принтер IP байланысын орындағанда, басқа тарап хост атауы, домен атауы, т.б. параметрлер арқылы сипатталса, байланысу мүмкін емес.

Осы ақпарат үшін DNS серверін сұрап, басқа тараптың IP мекенжайын береді. Бұл процесс атау ажыратымдылығы деп аталады.

Сондықтан компьютерлер мен принтерлер сияқты құрылғылар IP мекенжайы арқылы байланыса алады.

Электрондық пошта функциясы немесе интернет қосылымы функциясы арқылы байланысу үшін принтерге атау ажыратымдылығы қажет.

Осы функцияларды пайдаланғанда, DNS серверінің реттеулерін жасаңыз.

Принтердің IP мекенжайын DHCP серверінің немесе маршрутизаторының DHCP функциясын пайдалану арқылы тағайындағанда, ол автоматты түрде орнатылады.

Прокси сервері желі мен интернет арасындағы шлюзге орналасады және ол компьютерге, принтерге және интернетке (қарсы сервер) әрқайсысының тарапынан байланысады. Қарсы сервер тек прокси серверге байланысады. Дегенмен, IP мекенжайы және порт нөмірі сияқты принтер ақпаратын оқу мүмкін емес және қауіпсіздіктің артуы күтіледі.

Интернетке прокси-сервер арқылы қосылғанда принтердегі прокси-серверді конфигурациялаңыз.

Басқару тақтасынан желіге жалғау

Принтердің басқару тақтасын пайдалану арқылы принтерді желіге жалғаңыз.

IP мекенжайын тағайындау

Хост мекенжайы, Қосалқы желі маскасы, Әдепкі шлюз сияқты негізгі элементтерді реттеңіз.

Бұл бөлімде статикалық IP мекенжайын орнату процедурасы түсіндіріледі.

1. Принтерді қосыңыз.
2. Принтердің басқару тақтасының негізгі экранындағы **Параметрлер** параметрін таңдаңыз.
3. **Жалпы параметрлер > Желі параметрлері > Қосымша > TCP/IP** параметрін таңдаңыз.
4. **Қолмен** күйін **IP мекенжайын алу** үшін таңдаңыз.

Маршрутизатордың DHCP функциясын пайдалану арқылы IP мекенжайын автоматты түрде орнатқанда, **Автоматты** параметрін таңдаңыз. Мұндай жағдайда, 5 – 6 аралығындағы қадамдарда **IP мекенжайы**, **Қосалқы желі маскасы** және **Әдепкі шлюз** параметрі де автоматты түрде орнатылады, сондықтан 7-қадамға өтіңіз.

5. IP мекенжайын енгізіңіз.

Егер ◀ және ▶ параметрін таңдасаңыз, фокус алдыңғы сегментке немесе артқы сегментке кезең бойынша жылжиды.

Алдыңғы экранда көрсетілген мәнді растаңыз.

6. **Қосалқы желі маскасы** және **Әдепкі шлюз** параметрін орнатыңыз.

Алдыңғы экранда көрсетілген мәнді растаңыз.



Маңызды:

Егер IP мекенжайы, Қосалқы желі маскасы және Әдепкі шлюз параметрінің тіркесімі қате болса, **Орнатуды бастау** параметрі белсенді емес және реттеулерді жалғастыру мүмкін емес. Жазбада қате жоқ екенін растаңыз.

7. Негізгі DNS сервері үшін IP мекенжайын енгізіңіз.

Алдыңғы экранда көрсетілген мәнді растаңыз.

Ескертпе:

IP мекенжайын тағайындау параметрлері үшін **Автоматты** таңдасаңыз, DNS сервер параметрлерін **Қолмен** немесе **Автоматты** режимінен таңдауға болады. Егер DNS серверінің мекенжайын автоматты түрде алу мүмкін болмаса, **Қолмен** параметрін таңдап, DNS серверінің мекенжайын енгізіңіз. Содан соң, қосалқы DNS серверінің мекенжайын тікелей енгізіңіз. Егер **Автоматты** параметрін таңдасаңыз, 9-қадамға өтіңіз.

8. Қосалқы DNS сервері үшін IP мекенжайын енгізіңіз.

Алдыңғы экранда көрсетілген мәнді растаңыз.

9. **Орнатуды бастау** түймесін түртіңіз.

Прокси серверді орнату

Келесі келесі шарттардың екеуі де орындалса, прокси серверді реттеңіз.

- Прокси сервері интернет қосылымы үшін жасалған.
- Принтер Epson Connect қызметі немесе басқа компанияның бұлттық қызметтері сияқты интернетке тікелей жалғанатын функцияны пайдаланғанда.

1. Негізгі экраннан **Параметрлер** параметрін таңдаңыз.

IP мекенжайын орнатқаннан кейін реттеулерді жасағанда, **Қосымша** экраны көрсетіледі. 3-қадамға өтіңіз.

2. **Жалпы параметрлер** > **Желі параметрлері** > **Қосымша** параметрін таңдаңыз.

3. **Прокси-сервер** параметрін таңдаңыз.

4. **Пайда лану** күйін **Proxy сервер параметрлері** үшін таңдаңыз.

5. IPv4 немесе FQDN пішімі арқылы прокси сервердің мекенжайын енгізіңіз.

Алдыңғы экранда көрсетілген мәнді растаңыз.

6. Прокси сервердің порт нөмірін енгізіңіз.

Алдыңғы экранда көрсетілген мәнді растаңыз.

7. **Орнатуды бастау** түймесін түртіңіз.

LAN қосылымына қосу

Принтерді желіге Ethernet немесе Wi-Fi қосылымы арқылы қосыңыз.

Ethernet желісіне жалғау

Ethernet кабелі арқылы принтерді желіге жалғап, қосылымды тексеріңіз.

1. Ethernet кабелі арқылы принтер мен хабты (LAN қосқышы) жалғаңыз.
2. Негізгі экраннан **Параметрлер** таңдаңыз.
3. **Жалпы параметрлер** > **Желі параметрлері** > **Байланысты тексеру** параметрін таңдаңыз.
Қосылымның диагностикалау нәтижесі көрсетіледі. Қосылым дұрыс екенін растаңыз.
4. Аяқтау үшін **ОК** түймесін түртіңіз.
Басып шығару тексерісінің есебі түймесін түрткенде, диагностика нәтижесін басып шығаруға болады. Оны басып шығару үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Қатысты ақпарат

➔ [“Wi-Fi қосылымынан сымды LAN қосылымына өзгерту” бетте 260](#)

Сымсыз LAN (Wi-Fi) желісіне жалғау

Принтерді сымсыз LAN (Wi-Fi) желісіне бірнеше әдіспен жалғауға болады. Пайдаланып жатқан орта мен шарттарға сәйкес келетін қосылым әдісін таңдаңыз.

Егер SSID және құпиясөз сияқты сымсыз маршрутизатордың ақпаратын білу үшін реттеулерді қолмен жасауға болады.

Егер сымсыз маршрутизатор WPS параметрін қолдаса, түймені басу арқылы реттеулерді жасауға болады.

Принтерді желіге қосқаннан кейін пайдалану қажет құрылғыдан (компьютер, смарт құрылғы, планшет және т.б.) принтерді қосыңыз.

Қатысты ақпарат

- ➔ [“Wi-Fi параметрлерін SSID және құпиясөзді енгізу арқылы реттеу” бетте 245](#)
- ➔ [“Түймені басу арқылы қауіпсіз реттеу \(WPS\) мүмкіндігі арқылы Wi-Fi реттеулерін жасау” бетте 247](#)
- ➔ [“PIN кодын орнату \(WPS\) арқылы Wi-Fi реттеулерін жасау” бетте 247](#)

Принтерді пайдалану реттеулері

Басып шығару функцияларын пайдалану

Басып шығару функциясын желі арқылы қосыңыз.

Желіде принтерді пайдалану үшін, принтердің желі қосылымын, сондай-ақ компьютердегі желі қосылымына арналған портты орнату қажет.

Принтер қосылымының түрлері

Принтердің желі қосылымына арналған келесі екі әдіс қолжетімді.

- Бір рангілік қосылым (тікелей басып шығару)
- Сервелік/клиенттік қосылым (Windows сервері арқылы принтерді ортақ пайдалану)

Бір рангілік қосылым параметрлері

Бұл — желіде және компьютерде принтерді тікелей жалғауға арналған қосылым. Тек желіге жарамды модельді жалғауға болады.

Қосылым әдісі:

Принтерді желіге хаб немесе кіру нүктесі арқылы жалғаңыз.

Принтер драйвері:

Әр клиенттік компьютерде принтер драйверін орнатыңыз.

EpsonNet SetupManager мүмкіндігін пайдаланғанда, принтер параметрлерін қамтитын драйвердің қаптамасын беруге болады.

Мүмкіндіктер:

- Басып шығару тапсырмасы дереу басталады, себебі басып шығару тапсырмасы тікелей принтерге жіберіледі.
- Принтер жұмыс істеп тұрғанда басып шығаруға болады.

Сервер/Клиент қосылымының параметрлері

Бұл — сервер компьютері принтермен ортақ пайдаланатын қосылым. Сервер компьютері арқылы өтпей қосылымға тыйым салу үшін қауіпсіздікті арттыруға болады.

USB құрылғысын пайдаланғанда, принтерді желі функциясынсыз да ортақ пайдалануға болады.

Қосылым әдісі:

Принтерді желіге LAN қосқышы немесе кіру нүктесі арқылы жалғаңыз.

Сондай-ақ, принтерді тікелей серверге USB кабелі арқылы жалғауға болады.

Принтер драйвері:

Клиенттік компьютерлердің OS жүйесіне байланысты принтер драйверін Windows серверіне орнатыңыз.

Windows серверіне кіру және принтерді байланыстыру арқылы принтер драйвері клиенттік компьютерге орнатылып, пайдалануға болады.

Мүмкіндіктер:

- Принтер мен принтер драйверін бумалық режимде басқарыңыз.
- Сервердің сипаттамасына байланысты басып шығару тапсырмасын бастауға уақыт кетуі мүмкін, себебі барлық басып шығару тапсырмасы басып шығару сервері арқылы өтеді.
- Windows сервері өшірілгенде басып шығару мүмкін емес.

Бір рангілік қосылымға арналған параметрлерді басып шығару

Бір рангілік қосылым (тікелей басып шығару) үшін, принтерде және клиенттік компьютерде өзара бірегей байланыс бар.

Принтер драйвері әрбір клиенттік компьютерде орнатылуы керек.

Серверлік/клиенттік қосылымға арналған басып шығару параметрлері

Серверлік/клиенттік қосылым ретінде жалғанған принтерден басып шығару мүмкіндігін қосыңыз.

Серверлік/клиенттік қосылым үшін, алдымен басып шығару серверін реттеңіз, содан соң принтерді желіде ортақ пайдаланыңыз.

Сондай-ақ, серверге жалғау үшін USB кабелін пайдаланғанда, алдымен принтер серверін орнатыңыз, содан соң принтерді желіде ортақ пайдаланыңыз.

Желі порттарын реттеу

Стандартты TCP/IP мекенжайын пайдалану арқылы басып шығару серверіндегі желілік басып шығару үшін басып шығару кезегін орнатып, желі портын орнатыңыз.

Бұл мысал Windows Server 2012 R2 жүйесінде пайдаланылады.

1. Құрылғыларды және принтер экранын ашыңыз.

Жұмыс үстелі > Параметрлер > Басқару тақтасы > Аппараттық құралдар және дыбыс немесе **Аппараттық құралдар > Құрылғылар және принтерлер**.


2. Принтерді қосу.

Принтер қосу түймесін басыңыз, сонан соң **Маған қажетті принтер тізімде жоқ** опциясын таңдаңыз.

3. Жергілікті принтерді қосыңыз.

Жергілікті принтерді немесе желілік принтерді қосу, параметрлерді қолмен реттеу опциясын таңдаңыз, сонан соң **Келесі** түймесін басыңыз.

4. **Жаңа порт жасау** таңдаңыз, порт түрі ретінде **Стандартты TCP/IP порты** опциясын таңдаңыз, сонан соң **Келесі** түймесін басыңыз.




5. Принтердің IP мекенжайын немесе принтер атауын **Хост атауы немесе IP мекенжайы** немесе **Принтер атауы немесе IP мекенжайы** бөлімінде енгізіп, **Келесі** түймесін басыңыз.

Мысалы:

- Принтер атауы : EPSONA1A2B3C
- IP мекенжайы : 192.0.2.111

Порт атауын өзгертпеңіз.

Пайдаланушының тіркелгісін басқару экраны көрсетілгенде **Жалғастыру** түймесін басыңыз.



Ескертпе:

Атау ажыратымдылығы қолжетімді желіде принтер атауын көрсетсеңіз, принтердің IP мекенжайын DHCP параметрі өзгертсе де IP мекенжайы бақыланады. Принтердің атауын принтердің басқару тақтасындағы желі күйінен экранынан немесе желі күйі парағынан растауға болады.

6. Принтер драйверін орнатыңыз.

- Егер принтер драйвері орнатылған болса:

Өндіруші және **Принтерлер** опциясын таңдаңыз. **Келесі** түймесін басыңыз.

7. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Принтерді сервердің/клиенттің қосылымында пайдаланғанда (принтерді Windows сервері арқылы ортақ пайдалану), ортақ пайдалану параметрлерін осыдан кейін де жасаңыз.

Порт конфигурациясын тексеру — Windows

Басып шығару кезегіне дұрыс порт орнатылғанын тексеріңіз.

1. Құрылғыларды және принтер экранын ашыңыз.

Жұмыс үстелі > Параметрлер > Басқару тақтасы > Аппараттық құралдар және дыбыс немесе **Аппараттық құралдар > Құрылғылар және принтерлер**.

2. Принтер сипаттамалары экранын ашыңыз.

Принтер белгішесін тінтуірдің оң жағымен басып, **Принтер сипаттары** опциясын таңдаңыз.

3. **Порттар** қойындысын басыңыз, **Стандартты TCP/IP порты** опциясын таңдаңыз және **Портты конфигурациялау** түймесін басыңыз.

4. Порт конфигурациясын тексеріңіз.

- RAW үшін

Протокол бөлімінде **Raw** таңдалғанын тексеріп, **ОК** түймесін басыңыз.

- LPR үшін

Протокол бөлімінде **LPR** таңдалғанын тексеріңіз. **LPR параметрлері** бөлімінен **Кезек атауы** бөлімінде «PASSTHRU» енгізіңіз. **LPR байттарды санау қосылған** опциясын таңдап, **ОК** түймесін басыңыз.

Принтерді ортақ пайдалану (тек Windows)

Сервер / клиент қосылымы ішінен принтерді таңдаған кезде (Windows сервері арқылы принтерді ортақ пайдалану), принтер серверінен принтерді ортақ пайдалануды орнатыңыз.

1. Принтер серверінен **Басқару тақтасы > Құрылғылар мен принтерлерді көрсету** таңдаңыз.

2. Ортақ пайдаланғыңыз клетін принтер белгішесін (басып шығару кезегі) тінтуірдің оң жағымен басып, **Принтер сипаттары > Ортақ пайдалану** қойындысын таңдаңыз.

3. **Осы принтерді ортақ пайдалану** таңдап, **Ортақ пайдалану атауы** ішіне енгізіңіз.

Windows Server 2012 үшін **Ортақ пайдалану опцияларын өзгерту** түймесін басып, параметрлерді конфигурациялаңыз.

Қосымша драйверлер орнату (тек Windows)

Сервер мен клиенттердің Windows нұсқалары әртүрлі болса, басып шығару серверіне қосымша драйверлер орнатуға кеңес беріледі.

1. Принтер серверінен **Басқару тақтасы** > **Құрылғылар мен принтерлерді көрсету** таңдаңыз.
2. Клиенттермен бөліскіңіз келген принтер белгішесін тінтуірдің оң жағымен басып, **Принтер сипаттары** > **Бөлісу** қойындысын басыңыз.
3. **Қосымша драйверлер** түймесін басыңыз.
Windows Server 2012 үшін Change Sharing Options түймесін басып, параметрлерді конфигурациялаңыз.
4. Клиенттер үшін Windows нұсқаларын таңдап, ОК түймесін басыңыз.
5. Принтер драйвері (*.inf) үшін ақпарат файлын таңдап, драйверді орнатыңыз.

Ортақ принтерді пайдалану – Windows

Әкімші клиенттерге басып шығару серверіне тағайындалған компьютер атауын және оны өздерінің компьютерлеріне қосу әдісін хабарлау қажет. Егер қосымша драйверлер теңшелмеген болса, клиенттерге ортақ принтерді қосу үшін **Құрылғылар және принтерлер** пайдалану әдісін хабарлаңыз.

Егер басып шығару серверінде қосымша драйверлер теңшелген болса, осы қадамдарды орындаңыз:

1. **Windows Explorer** ішінде басып шығару серверіне тағайындалған атауды таңдаңыз.
2. Пайдаланғыңыз келетін принтерді екі рет басыңыз.

Басып шығаруға арналған негізгі параметрлер

Қағаз өлшемі немесе басып шығару қатесі сияқты басып шығару параметрлерін орнатыңыз.

Қағаз көзін орнату

Әрбір қағаз көзіне жүктелетін қағаз өлшемі мен түрін орнатыңыз.

1. Web Config қызметіне кіру үшін принтердің IP мекенжайын браузерге енгізіңіз.
Принтеріңізбен бірдей желіге қосылған компьютерден принтердің IP мекенжайын енгізіңіз.
Келесі мәзірден принтердің IP мекенжайын тексеруге болады.

Параметрлер > **Жалпы параметрлер** > **Желі параметрлері** > **Желі күйі** > **Сымды LAN/Wi-Fi күйі**

2. Әкімші ретінде кіру үшін әкімші құпиясөзін енгізіңіз.
3. Келесі ретпен таңдаңыз.

Print қойындысы > **Paper Source Settings**

4. Әр элементті орнатыңыз.
Көрсетілген элементтер жағдайға байланысты әртүрлі болуы мүмкін.

- Қағаз көзі атауы

Paper Tray, Cassette 1 сияқты мақсатты қағаз көзінің атауын көрсетіңіз.

- Paper Size**

Ашылмалы мәзірден орнату қажет қағаз өлшемін таңдаңыз.

- Unit**

Пайдаланушы анықтаған өлшемнің бірлігін таңдаңыз. **Paper Size** бөлімінде **User defined** параметрі таңдалғанда оны таңдауға болады.

- Width**

Пайдаланушы анықтаған өлшемнің көлденең ұзындығын орнатыңыз.

Осы жерде енгізуге болатын ауқым **Width** бөлімінің бүйірінде көрсетілген қағаз көзіне байланысты.

Unit бөлімінде **mm** параметрін таңдағанда, бір ондық бөлшекке дейін енгізуге болады.

Unit бөлімінде **inch** параметрін таңдағанда, екі ондық бөлшекке дейін енгізуге болады.

- Height**

Пайдаланушы анықтаған өлшемнің тік ұзындығын орнатыңыз.

Осы жерде енгізуге болатын ауқым **Height** бөлімінің бүйірінде көрсетілген қағаз көзіне байланысты.

Unit бөлімінде **mm** параметрін таңдағанда, бір ондық бөлшекке дейін енгізуге болады.

Unit бөлімінде **inch** параметрін таңдағанда, екі ондық бөлшекке дейін енгізуге болады.

- Paper Type**

Ашылмалы мәзірден орнату қажет қағаз түрін таңдаңыз.

5. Параметрлерді тексеріп, **OK** түймесін басыңыз.

Параметр қателері

Құрылғыға арналған көрсету қатесін орнатыңыз.

1. Web Config қызметіне кіру үшін принтердің IP мекенжайын браузерге енгізіңіз.

Принтеріңізбен бірдей желіге қосылған компьютерден принтердің IP мекенжайын енгізіңіз.

Келесі мәзірден принтердің IP мекенжайын тексеруге болады.

Параметрлер > Жалпы параметрлер > Желі параметрлері > Желі күйі > Сымды LAN/Wi-Fi күйі

2. Әкімші ретінде кіру үшін әкімші құпиясөзін енгізіңіз.

3. Келесі ретпен таңдаңыз.

Print қойындысы > **Error Settings**

4. Әр элементті орнатыңыз.

- Paper Size Notice

Көрсетілген қағаз көзінің қағаз өлшемі басып шығару деректерінің қағаз өлшемінен өзгеше болғанда басқару тақтасындағы қатені көрсетуді не көрсетпеді орнатыңыз.

Paper Type Notice

Көрсетілген қағаз көзінің қағаз түрі басып шығару деректерінің қағаз түрінен өзгеше болғанда басқару тақтасындағы қатені көрсетуді не көрсетпеуді орнатыңыз.

Auto Error Solver

Қате көрсетілгеннен кейін 5 секунд ішінде басқару тақтасында әрекет орындалмаса, қатеден автоматты түрде бас тартуды не бас тартпауды орнатыңыз.

5. Параметрлерді тексеріп, **OK** түймесін басыңыз.

Әмбебап басып шығаруды орнату

Принтер драйверін пайдаланбай сыртқы құрылғылардан басып шығарғанда орнатыңыз.

Принтердің басып шығару тіліне байланысты кейбір элементтер көрсетілмейді.

1. Web Config қызметіне кіру үшін принтердің IP мекенжайын браузерге енгізіңіз.

Принтеріңізбен бірдей желіге қосылған компьютерден принтердің IP мекенжайын енгізіңіз.

Келесі мәзірден принтердің IP мекенжайын тексеруге болады.

Параметрлер > Жалпы параметрлер > Желі параметрлері > Желі күйі > Сымды LAN/Wi-Fi күйі

2. Әкімші ретінде кіру үшін әкімші құпиясөзін енгізіңіз.

3. Келесі ретпен таңдаңыз.

Print қойындысы > **Universal Print Settings**

4. Әр элементті орнатыңыз.

5. Параметрлерді тексеріп, **OK** түймесін басыңыз.

Basic

Элементтер	Түсіндірме
Top Offset(-30.0-30.0mm)	Басып шығару басталатын қағаздың тік күйін орнатады.
Left Offset(-30.0-30.0mm)	Басып шығару басталатын қағаздың көлденең күйін орнатады.
Top Offset in Back(-30.0-30.0mm)	Қағаздың артқы жағы дуплекстік басып шығаруда басып шығарылуы басталатын қағаздың тік күйін орнатады.
Left Offset in Back(-30.0-30.0mm)	Қағаздың артқы жағы дуплекстік басып шығаруда басып шығарылуы басталатын қағаздың көлденең күйін орнатады.
Check Paper Width	Басып шығарғанда қағаз енін тексеруді не тексермеуді орнатыңыз.
Skip Blank Page	Егер басып шығару деректерінде бос бет болса, бос бетті басып шығармауды орнатыңыз.

AirPrint орнату

AirPrint басып шығару және сканерлеу мүмкіндігін пайдаланғанда орнатыңыз.

Web Config параметріне кіріп, **Network** қойындысын > **AirPrint Setup** тармағын таңдаңыз.

Элементтер	Түсіндірме
Bonjour Service Name	Bonjour қызмет атауын ASCII (0x20–0x7E) пішімінде 1 және 41 аралығындағы таңбаларды енгізіңіз.
Bonjour Location	Принтердің орны сияқты орын туралы ақпаратты Unicode (UTF-8) пішімінде 127 байт немесе одан аз өлшемде енгізіңіз.
Geolocation Latitude and Longitude (WGS84)	Принтердің орны туралы ақпаратты енгізіңіз. Бұл жазба міндетті емес. Ендікті және бойлықты үтірмен бөлетін WGS-84 деректерін пайдалану арқылы мәндерді енгізіңіз. Ендік мәні үшін -90—+90 мәнін және бойлық мәні үшін -180—+180 мәнін енгізіңіз. Алтыншы орынға ондық бөлшектен аз мәнді енгізуге және «+» белгісін өткізіп жіберуге болады.
Top Priority Protocol	IPP және порт 9100 мәнінен ең басымды протоколды таңдаңыз.
iBeacon Transmission	iBeacon тасымалдау функциясын қосуды немесе ажыратуды таңдаңыз. Қосылғанда, iBeacon мүмкіндігі қосылған құрылғылардан принтерді іздеуге болады.
Enable AirPrint	IPP, Bonjour, AirPrint (сканерлеу қызметі) мүмкіндігі қосылып, IPP параметрі тек қауіпсіз байланыспен байланыс орнатады.

Пошта серверін конфигурациялау

Web Config бөлімінен пошта серверін орнатыңыз.

Орнату алдында төмендегілерді тексеріңіз.

- Принтер пошта серверіне кіре алатын желіге жалғанады.
- Принтердің пошта серверін пайдаланатын компьютердің электрондық пошта параметрі туралы ақпарат.

Ескертпе:

- Интернеттегі пошта серверін пайдаланғанда, провайдердің немесе веб-сайттың орнату туралы ақпаратын растаңыз.
- Сондай-ақ, басқару тақтасынан пошта серверін орнатуға болады. Төмендегі әдіс арқылы кіріңіз.

Параметрлер > Жалпы параметрлер > Желі параметрлері > Қосымша > Электрондық пошта сервері > Сервер параметрлері

1. Web Config қызметіне кіру үшін принтердің IP мекенжайын браузерге енгізіңіз. Принтеріңізбен бірдей желіге қосылған компьютерден принтердің IP мекенжайын енгізіңіз. Келесі мәзірден принтердің IP мекенжайын тексеруге болады.

Параметрлер > Жалпы параметрлер > Желі параметрлері > Желі күйі > Сымды LAN/Wi-Fi күйі

2. Әкімші ретінде кіру үшін әкімші құпиясөзін енгізіңіз.

3. Келесі ретпен таңдаңыз.

Network қойындысы > **Email Server** > **Basic**

4. Әр элемент үшін мән енгізіңіз.

5. **OK** параметрін таңдаңыз.

Таңдаған параметрлер көрсетіледі.

Қатысты ақпарат

➔ “Веб-браузерде Web Config параметрін іске қосу” бетте 272

Пошта серверін реттеу элементтері

Элементтер	Параметрлер мен түсіндірмелер	
Authentication Method	Пошта серверіне қатынасу үшін принтер үшін түпнұсқалық растама әдісін көрсетіңіз.	
	Off	Пошта серверіне аутентификация қажет емес кезде орнатыңыз.
	SMTP AUTH	Электрондық хабарды жібергенде SMTP серверіндегі (шығыс пошта сервері) аутентификациялар. Пошта сервері SMTP аутентификациясын қолдауы керек.
	POP before SMTP	Электрондық хабарды жіберу алдында POP3 серверіндегі (алу пошта сервері) аутентификациялар. Осы элементті таңдағанда POP3 серверін орнатыңыз.
Authenticated Account	Егер SMTP AUTH немесе POP before SMTP параметрін Authentication Method ретінде таңдасаңыз, ASCII (0x20 – 0x7E) ішінде 0 мен 255 аралығындағы таңбадан тұратын тіркелгінің атауын енгізіңіз. SMTP AUTH параметрін таңдағанда SMTP серверінің тіркелгісін енгізіңіз. POP before SMTP параметрін таңдағанда POP3 серверінің тіркелгісін енгізіңіз.	
Authenticated Password	Егер SMTP AUTH немесе POP before SMTP параметрін Authentication Method ретінде таңдасаңыз, ASCII (0x20 – 0x7E) ішінде 0 мен 20 аралығындағы таңбадан тұратын тіркелген құпиясөзді енгізіңіз. Егер SMTP AUTH параметрін таңдағанда, SMTP сервері үшін аутентификацияланған тіркелгіні енгізіңіз. Егер POP before SMTP параметрін таңдағанда, POP3 сервері үшін аутентификацияланған тіркелгіні енгізіңіз.	
Sender's Email Address	Жүйе әкімшісінің электрондық пошта мекенжайы сияқты жіберушінің электрондық пошта мекенжайын енгізіңіз. Бұл аутентификациялауда пайдаланылады, сондықтан пошта серверіне тіркелген жарамды электрондық пошта мекенжайын енгізіңіз. : () < > [] ; ¥ таңбаларынан басқа ASCII (0x20 – 0x7E) пішімінде 0 мен 255 аралығында таңбалар енгізіңіз. Нүкте «.» бірінші таңба болмауы керек.	
SMTP Server Address	A – Z a – z 0 – 9 . пайдаланып 0 және 255 аралығындағы таңбаларды енгізіңіз -. IPv4 немесе FQDN пішімін пайдалануға болады.	
SMTP Server Port Number	1 және 65535 аралығындағы санды енгізіңіз.	

Элементтер	Параметрлер мен түсіндірмелер	
Secure Connection	Пошта серверіне байланыстың шифрлау әдісін таңдаңыз.	
	None	Егер Authentication Method бөлімінде POP before SMTP параметрін таңдасаңыз, қосылым шифрланбайды.
	SSL/TLS	Бұл Authentication Method Off немесе SMTP AUTH параметріне орнатылған кезде қолжетімді болады. Байланыс басынан бастап шифрланған.
	STARTTLS	Бұл Authentication Method Off немесе SMTP AUTH параметріне орнатылған кезде қолжетімді болады. Байланыс басынан бастап шифрланбаған, бірақ желі ортасына байланысты байланыс шифрланатыны не шифрланбайтыны өзгереді.
Certificate Validation	Сертификат ол қосылған кезде жарамды болады. Біз Enable күйіне орнатуды ұсынамыз. Орнату үшін CA Certificate сертификатын принтерге импорттау қажет.	
POP3 Server Address	Егер POP before SMTP мәнін Authentication Method ретінде таңдасаңыз, A – Z а – z 0 – 9, нүкте (.) пайдаланып, 0 мен 255 аралығындағы таңбадан тұратын POP3 сервер мекенжайын енгізіңіз. -. IPv4 немесе FQDN пішімін пайдалануға болады.	
POP3 Server Port Number	Егер POP before SMTP мәнін Authentication Method ретінде таңдасаңыз, 1 мен 65535 аралығындағы санды енгізіңіз.	

Пошта серверінің қосылымын тексеру

Қосылымды тексеру арқылы пошта серверіне қосылымды тексеруге болады.

1. Браузерге принтердің IP мекенжайын енгізіп, Web Config іске қосыңыз.
Принтеріңізбен бірдей желіге қосылған компьютерден принтердің IP мекенжайын енгізіңіз.
2. Әкімші ретінде кіру үшін әкімші құпиясөзін енгізіңіз.
3. Келесі ретпен таңдаңыз.

Network қойындысы > **Email Server** > **Connection Test**

4. **Start** параметрін таңдаңыз.

Пошта серверіне қосылым сынағы іске қосылады. Сынақтан кейін тексеру есебі көрсетіледі.

Ескертпе:

Сондай-ақ басқару тақтасынан пошта серверіне қосылымды тексеруге болады. Төмендегі әдіс арқылы кіріңіз.

Параметрлер > **Жалпы параметрлер** > **Желі параметрлері** > **Қосымша** > **Электрондық пошта сервері** > **Байланысты тексеру**

Пошта серверінің қосылымын тексеру сілтемелері

Хабарлар	Себебі
Connection test was successful.	Бұл хабар сервермен қосылым сәтті болған кезде пайда болады.
SMTP server communication error. Check the following. - Network Settings	Бұл хабар мына жағдайларда көрінеді <ul style="list-style-type: none"> <input type="checkbox"/> Принтер желіге қосылмаған кезде <input type="checkbox"/> SMTP сервері жұмыс істемеген кезде <input type="checkbox"/> Байланыс кезінде желінің ажырауы <input type="checkbox"/> Аяқталмаған деректерді қабылдау
POP3 server communication error. Check the following. - Network Settings	Бұл хабар мына жағдайларда көрінеді <ul style="list-style-type: none"> <input type="checkbox"/> Принтер желіге қосылмаған кезде <input type="checkbox"/> POP3 сервері жұмыс істемеген кезде <input type="checkbox"/> Байланыс кезінде желінің ажырауы <input type="checkbox"/> Аяқталмаған деректерді қабылдау
An error occurred while connecting to SMTP server. Check the followings. - SMTP Server Address - DNS Server	Бұл хабар мына жағдайларда көрінеді <ul style="list-style-type: none"> <input type="checkbox"/> DNS серверіне қосылу сәтсіз болғанда <input type="checkbox"/> SMTP серверінің атау ажыратымдылығы сәтсіз болғанда
An error occurred while connecting to POP3 server. Check the followings. - POP3 Server Address - DNS Server	Бұл хабар мына жағдайларда көрінеді <ul style="list-style-type: none"> <input type="checkbox"/> DNS серверіне қосылу сәтсіз болғанда <input type="checkbox"/> POP3 серверінің атау ажыратымдылығы сәтсіз болғанда
SMTP server authentication error. Check the followings. - Authentication Method - Authenticated Account - Authenticated Password	Бұл хабар SMTP сервері аутентификациясы сәтсіз болғанда.
POP3 server authentication error. Check the followings. - Authentication Method - Authenticated Account - Authenticated Password	Бұл хабар POP3 сервері аутентификациясы сәтсіз болғанда.
Unsupported communication method. Check the followings. - SMTP Server Address - SMTP Server Port Number	Бұл хабар қолдау көрсетілмейтін протоколдармен байланысқыңыз келгенде көрсетіледі.
Connection to SMTP server failed. Change Secure Connection to None.	Бұл хабар SMTP сервер мен клиент арасында сәйкессіздік болғанда немесе сервер SMTP қауіпсіздік байланысын (SSL байланысы) қолдамағанда көрсетіледі.
Connection to SMTP server failed. Change Secure Connection to SSL/TLS.	Бұл хабар SMTP сервер мен клиент арасында сәйкессіздік болғанда немесе сервер SSL/TLS байланысын SMTP қауіпсіздік байланысы үшін сұрағанда көрсетіледі.
Connection to SMTP server failed. Change Secure Connection to STARTTLS.	Бұл хабар SMTP сервер мен клиент арасында сәйкессіздік болғанда немесе сервер STARTTLS байланысын SMTP қауіпсіздік байланысы үшін сұрағанда көрсетіледі.

Хабарлар	Себебі
The connection is untrusted. Check the following. - Date and Time	Бұл хабар принтердің күн мен уақыт параметрі дұрыс болмағанда немесе сертификаттың мерзімі аяқталғанда көрсетіледі.
The connection is untrusted. Check the following. - CA Certificate	Бұл хабар принтерде серверге сәйкес келетін түпкі сертификаты болмағанда немесе CA Certificate сертификаты импортталмағанда көрсетіледі.
The connection is not secured.	Бұл хабар алынған сертификат зақымдалғанда көрсетіледі.
SMTP server authentication failed. Change Authentication Method to SMTP-AUTH.	Бұл хабар сервер мен клиент арасында аутентификация әдісінің сәйкессіздігі болғанда көрсетіледі. Сервер SMTP AUTH параметріне қолдау көрсетеді.
SMTP server authentication failed. Change Authentication Method to POP before SMTP.	Бұл хабар сервер мен клиент арасында аутентификация әдісінің сәйкессіздігі болғанда көрсетіледі. Сервер SMTP AUTH протоколын қолдамайды.
Sender's Email Address is incorrect. Change to the email address for your email service.	Бұл хабар көрсетілген жіберушінің электрондық пошта мекенжайы қате болған кезде көрсетіледі.
Cannot access the printer until processing is complete.	Бұл хабар принтер бос емес кезде пайда болады.

Ортақ пайдаланылған желі қалтасын орнату

Принтер шығарылған файлды сақтау үшін ортақ пайдаланылған желі қалтасын орнатыңыз.

Файлды қалтаға сақтағанда, принтер желіге қалта жасалған компьютердің пайдаланушысы ретінде кіреді.

Сондай-ақ, ортақ пайдаланылған желі қалтасын жасағанда MS желісін міндетті түрде орнатыңыз.

Ортақ қалтаны жасау

Ортақ қалтаны жасаудың алдында

Ортақ қалтаны жасаудың алдында келесіні тексеріңіз.

- Принтер ортақ қалта жасалатын компьютерге кіре алатын желіге жалғанған.
- Ортақ қалта жасалатын компьютердің атауында көп байттық таңба жоқ.

Маңызды:


Ортақ қалта жасалатын компьютердің атауында көп байттық таңба болғанда, файлды ортақ қалтаға сақтау сәтсіз аяқталуы мүмкін.

Мұндай жағдайда, атауында көп байттық таңба жоқ компьютерді өзгертіңіз немесе компьютердің атауын өзгертіңіз.

Компьютердің атауын өзгерткенде, әкімшімен алдын ала тексерілуі қажет, себебі компьютерді басқару, ресурсқа кіру, т.с.с. кейбір параметрлерге әсер етуі мүмкін.

Желі профилін тексеру

Ортақ қалта жасалатын компьютерде қалта бөлісу мүмкіндігі бар не жоқ екенін тексеріңіз.

1. Әкімшінің рұқсаты бар пайдаланушы тіркелгісі арқылы ортақ қалта жасалатын компьютерге кіріңіз.
2. **Басқару тақтасы > Желі және Интернет > Желі және ортақ пайдалану орталығы** параметрін таңдаңыз.
3. **Кеңейтілген бөлісу параметрлерін өзгерту** түймесін басып, көрсетілген желі профильдерінде (**ағымдағы профиль**) белгішесі бар профиль үшін  белгішесін басыңыз.
4. **Файлды және принтерді бөлісу** бөлімінде **Файлды және принтерді бөлісу мүмкіндігін қосу** параметрі таңдалғанын тексеріңіз.
Егер бұрыннан таңдалған болса, **Бас тарту** түймесін басып, терезені жабыңыз.
Параметрлерді өзгерткенде, **Өзгертулерді сақтау** түймесін басып, терезені жабыңыз.

Қатысты ақпарат

➔ [“Ортақ қалта жасалатын орын және қауіпсіздіктің мысалы” бетте 329](#)

Ортақ қалта жасалатын орын және қауіпсіздіктің мысалы

Ортақ қалта жасалатын орынға байланысты қауіпсіздік пен ыңғайлылық әртүрлі.

Ортақ қалтаны принтерлерден немесе басқа компьютерлерден басқару үшін қалтаға арналған келесі оқу және өзгерту рұқсаттары қажет етіледі.

Бөлісу қойындысы > **Кеңейтілген бөлісу** > **Рұқсаттар**

Ол ортақ қалтаның желіге кіру рұқсатын басқарады.

Қауіпсіздік қойындысының кіру рұқсаты

Ол ортақ қалтаның желіге кіру және жергілікті кіру рұқсатын басқарады.

Әркім параметрін жұмыс үстелінде жасалатын ортақ қалтаға орнатқанда (ортақ қалтаның жасалу мысалы ретінде), компьютерге кіре алатын барлық пайдаланушыға кіру рұқсаты беріледі.

Дегенмен, рұқсаты жоқ пайдаланушыларға кіре алмайды, себебі жұмыс үстелі (қалта) пайдаланушы қалтасының бақылауында, сондай-ақ оған пайдаланушы қалтасының қауіпсіздік параметрлері беріледі. **Қауіпсіздік** қойындысына кіру рұқсаты берілген пайдаланушы (мұндай жағдайда жүйеге кірген пайдаланушы және әкімші) қалтаны басқара алады.

Дұрыс орынды жасау үшін төмендегі бөлімді қараңыз.

Бұл «scan_folder» қалтасының жасалу мысалы болып табылады.

Қатысты ақпарат

➔ [“Файл серверлеріне арналған конфигурацияның мысалы” бетте 329](#)

➔ [“Компьютерге арналған конфигурацияның мысалы” бетте 336](#)

Файл серверлеріне арналған конфигурацияның мысалы

Осы түсіндірме — келесі шарттағы файл сервері сияқты ортақ компьютердегі дисктің түбіріндегі ортақ қалтаны жасауға арналған мысал.

Ортақ қалтаны жасау үшін компьютердің бірдей домені бар қандай да бір пайдаланушы сияқты кіру мүмкіндігін басқаратын пайдаланушылар ортақ қалтаға кіре алады.

Қандай да бір пайдаланушыға файл сервері мен ортақ компьютер сияқты компьютердегі ортақ қалтаны оқу және оған жазу рұқсатын бергенде осы конфигурацияны орнатыңыз.

Ортақ қалтаны жасау орны: дискінің түбірі

Қалта жолы: C:\scan_folder

Желі арқылы кіру рұқсаты (рұқсаттарды бөлісу): әркім

Файл жүйесіне кіру рұқсаты (қауіпсіздік): аутентификацияланған пайдаланушылар


1. Әкімшінің рұқсаты бар пайдаланушы тіркелгісі арқылы ортақ қалта жасалатын компьютерге кіріңіз.

2. Жетектеушіні іске қосыңыз.


3. Дискінің түбірінде қалтаны жасап, оны «scan_folder» деп атаңыз.

Қалта атауы үшін 1 және 12 аралығындағы әріп-сан таңбаны енгізіңіз. Егер қалта атауының таңба шектеуі асып кетсе, оған әртүрлі ортада қалыпты түрде кірілмеуі мүмкін.


4. Қалтаны тінтуірдің оң жағымен басып, **Сипаттар** параметрін таңдаңыз.




5. Ортақ пайдалану қойындысындағы **Кеңейтілген ортақ пайдалану** түймесін басыңыз.



6. Осы қалтаны бөлісу параметрін таңдаңыз, содан соң **Рұқсаттар** түймесін басыңыз.




7. **Топ немесе пайдаланушы аттары** бөлімінің **Әркім** тобын таңдап, **Өзгерту** бөліміндегі **Рұқсат** параметрін таңдаңыз, содан соң **ОК** түймесін басыңыз.



8. **ОК** түймесін басыңыз.

9. **Қауіпсіздік** қойындысын таңдаңыз, содан соң **Топ және пайдаланушы аттары** бөліміндегі **Аутентификацияланған пайдаланушылар** параметрін таңдаңыз.




«Аутентификацияланған пайдаланушылар» — доменге немесе компьютерге кіре алатын барлық пайдаланушыны қамтитын арнайы топ. Қалта түбір қалтаның астында жасалғанда, осы топ көрсетіледі.

Егер ол көрсетілмесе, оны **Өңдеу** түймесін басу арқылы қосуға болады. Қосымша мәліметтерді қатысты ақпаратты қараңыз.


10. **Аутентификацияланған пайдаланушыларға арналған рұқсаттар** бөлімінде таңдалған **Өзгерту** тармағындағы **Рұқсат** ұяшығына белгі қойыңыз.

Егер ол таңдалмаған болса, **Аутентификацияланған пайдаланушылар** параметрін таңдап, **Өңдеу** түймесін басып, **Аутентификацияланған пайдаланушыларға арналған рұқсаттар** бөлімінің **Өзгерту** тармағындағы **Рұқсат** параметрін таңдаңыз, содан соң **ОК** түймесін басыңыз.



11. **Ортақ пайдалану** қойындысын таңдаңыз.

Ортақ пайдаланылған қалтаның желі жолы көрсетіледі. Бұл принтердің контактілеріне тіркелгенде пайдаланылады. Оны жазып алыңыз.



12. Экранды жабу үшін **ОК** немесе **Жабу** түймесін басыңыз.

Файлды бірдей доменнің компьютерлеріндегі ортақ пайдалану қалтасына жазуға немесе оқуға болатынын тексеріңіз.

Қатысты ақпарат

➔ "Топтық немесе пайдаланушылық кіру рұқсаттарын қосу" бетте 342

Компьютерге арналған конфигурацияның мысалы


Осы түсіндірме ағымдағы уақытта компьютерге кіріп отырған пайдаланушының жұмыс үстеліндегі ортақ қалтаны жасаудың мысалы болып табылады.

Компьютерге кіретін және әкімшілік құқығы бар пайдаланушы пайдаланушы қалтасына тиесілі жұмыс үстел қалтасына және құжат қалтасына кіре алады.


Басқа пайдаланушыға компьютердегі ортақ қалтаны оқу және оған жазу рұқсатын БЕРМЕГЕНДЕ осы конфигурацияны орнатыңыз.

Ортақ қалтаны жасау орны: жұмыс үстелі


- ❑ Қалта жолы: C:\Users\xxxx\Desktop\scan_folder
 - ❑ Желі арқылы кіру рұқсаты (рұқсаттарды бөлісу): әркім
 - ❑ Файл жүйесіндегі кіру рұқсаты (қауіпсіздік): пайдаланушы/топ атауларына кіру рұқсатын қоспау немесе қосу
1. Әкімшінің рұқсаты бар пайдаланушы тіркелгісі арқылы ортақ қалта жасалатын компьютерге кіріңіз.
 2. Жетектеушіні іске қосыңыз.
 3. Жұмыс үстелінде қалтаны жасап, оны «scan_folder» деп атаңыз.
Қалта атауы үшін 1 және 12 аралығындағы әріп-сан таңбаны енгізіңіз. Егер қалта атауының таңба шектеуі асып кетсе, оған әртүрлі ортада қалыпты түрде кірілмеуі мүмкін.
 4. Қалтаны тінтуірдің оң жағымен басып, **Сипаттар** параметрін таңдаңыз.




5. Ортақ пайдалану қойындысындағы Кеңейтілген ортақ пайдалану түймесін басыңыз.



6. Осы қалтаны бөлісу параметрін таңдаңыз, содан соң **Рұқсаттар** түймесін басыңыз.




7. **Топ немесе пайдаланушы аттары** бөлімінің **Әркім** тобын таңдап, **Өзгерту** бөліміндегі **Рұқсат** параметрін таңдаңыз, содан соң **ОК** түймесін басыңыз.




8. **ОК** түймесін басыңыз.
9. **Қауіпсіздік** қойындысын таңдаңыз.
10. **Топ немесе пайдаланушы аттары** бөлімінде топқа немесе пайдаланушыға белгі қойыңыз. Осы жерде көрсетілетін топ немесе пайдаланушы ортақ қалтаға кіре алады. Мұндай жағдайда, осы компьютерге кіретін пайдаланушы мен әкімші ортақ қалтаға кіре алады.

Қажет болса, кіру рұқсатын қосыңыз. Оны **Өңдеу** түймесін басу арқылы қосуға болады. Қосымша мәліметтерді қатысты ақпаратты қараңыз.



11. **Ортақ пайдалану** қойындысын таңдаңыз.

Ортақ пайдаланылған қалтаның желі жолы көрсетіледі. Бұл принтердің контактілеріне тіркелгенде пайдаланылады. Оны жазып алыңыз.



12. Экранды жабу үшін **ОК** немесе **Жабу** түймесін басыңыз.

Файлды кіру рұқсаты бар пайдаланушылардың немесе топтардың компьютерлеріндегі ортақ пайдалану қалтасына жазуға немесе оқуға болатынын тексеріңіз.

Қатысты ақпарат


➔ "Топтық немесе пайдаланушылық кіру рұқсаттарын қосу" бетте 342

Топтық немесе пайдаланушылық кіру рұқсаттарын қосу


Топтық немесе пайдаланушылық кіру рұқсаттарын қосуға болады.

1. Қалтаны тінтуірдің оң жағымен басып, **Сипаттар** тармағын таңдаңыз.
2. **Қауіпсіздік** қойындысын таңдаңыз.

3. **Өңдеу** түймесін басыңыз.



4. **Топ және пайдаланушы аттары** астындағы **Қосу** түймесін басыңыз.




5. Кіруге рұқсат бергіңіз келетін топ немесе пайдаланушы атауын енгізіп, **Атауларды тексеру** түймесін басыңыз.

Атауға астыңғы сызық қосылады.

Ескертпе:


Топтың немесе пайдаланушының толық атауын білмесеңіз, **Атауларды тексеру** түймесін басыңыз. Атаудың жартысы сәйкес келетін топ атаулары немесе пайдаланушы атаулары берілген, тізімнен толық атауды таңдауға болады.

Тек бір атау сәйкес келсе, астыңғы сызығы бар толық атау **Таңдау үшін нысан атауын енгізу** ішінде көрсетіледі.



6. **OK** түймесін басыңыз.

7. Рұқсат терезесінде **Топ немесе пайдаланушы аттары** бөлімінде енгізілген пайдаланушы атын таңдап, **Өзгерту** параметрінде кіруге рұқсатты таңдаңыз, содан соң **ОК** түймесін басыңыз.



8. Терезені жабу үшін **ОК** немесе **Жабу** түймесін басыңыз.

Кіру рұқсаты бар пайдаланушылар немесе топтар компьютерлерінен ортақ қалтадағы файл жазылатынын немесе оқылатынын тексеріңіз.

Microsoft Network Sharing мүмкіндігін пайдалану

Файлды принтерден ортақ пайдаланылған желі қалтасында сақтау үшін осыны қосыңыз.

1. Web Config параметріне кіріп, **Network** қойындысын > **MS Network** тармағын таңдаңыз.
2. **Use Microsoft network sharing** функциясын қосыңыз.
3. Қажет болса, әр элементті орнатыңыз.
4. **Next** түймесін басыңыз.
5. Параметрлерді растап, **ОК** түймесін басыңыз.

Қатысты ақпарат

➔ ["Веб-браузерде Web Config параметрін іске қосу" бетте 272](#)

MS желі параметрінің элементтері

Элементтер	Түсіндірме
Use Microsoft network sharing	MS желісін ортақ пайдалануды қосқанда таңдаңыз.
SMB1.0 SMB2/SMB3	Пайдалану қажет протоколды қосыңыз. Тек SMB1.0 немесе SMB2/SMB3 мүмкіндігін қосуға болады.
File Sharing	Файлды ортақ пайдалануды не пайдаланбауды қосуды таңдаңыз. Оны келесі жағдайларға қосыңыз. <input type="checkbox"/> USB жадын принтерге жалғанған желі арқылы ортақ пайдаланады. <input type="checkbox"/> Сканерлеу нәтижесін компьютердегі ортақ пайдаланылған қалтаға қайта жібереді.
User Authentication	Принтерге жалғанған желідегі USB жадына кіргенде пайдаланушы аутентификациясын орындауды не орындамауды таңдаңыз.
User Name	Пайдаланушы аутентификациясы үшін пайдаланушы атын орнатыңыз. ASCII функциясында "\[!; =, +*?<>@% таңбасынан басқа 1 және 127 аралығындағы таңбаларды енгізіңіз. Дегенмен, бір нүктені немесе нүктелер тіркесімін «.» және бос орынды пайдалану мүмкін емес.
Password	Пайдаланушы аутентификациясы үшін құпиясөзді орнатыңыз. ASCII функциясында 1 және 64 аралығындағы таңбаларды енгізіңіз. Дегенмен, 10 жұлдызшаны «*» орнату мүмкін емес.
Encrypted Communication	Шифрланған байланысты қосуды не қоспауды орнатыңыз. User Authentication бөлімінде Enable параметрі таңдалғанда оны таңдауға болады.
Host Name	Принтердің MS желісінің хост атауын көрсетіңіз. Мұны өзгерту үшін, Network қойындысы > Basic параметрін таңдаңыз, содан соң Device Name параметрін өзгертіңіз.
Workgroup Name	MS желісінің жұмыс тобының атауын енгізіңіз. ASCII функциясында 0 және 15 аралығындағы таңбаларды енгізіңіз.
Access Attribute	Файлды ортақ пайдаланудың Access Attribute параметрін орнатыңыз.
Shared Name(USB Host)	Файлды ортақ пайдаланғанда ортақ пайдаланылған атау ретінде көрсетіңіз.

Контактілерді қолжетімді ету

Принтердің контактілерінде орындарды тіркеу сканерлегенде немесе факстарды жібергенде орынға оңай кіруге мүмкіндік береді.

Ескертпе:

Контактілер тізімінде орындардың келесі түрлерін тіркеуге болады. Барлығы 100 жазбаға дейін тіркеуге болады.

Факс	Факсқа арналған орын
Электрондық пошта	Электрондық поштаға арналған орын Электрондық пошта серверінің параметрлерін алдын ала конфигурациялау қажет.

Желі қалтасы (SMB)	Сканерлеу деректеріне арналған орын
Желі қалтасы/FTP	

Контактілер конфигурациясын салыстыру

Принтердің контактілерін конфигурациялаудың үш құралы бар: Web Config, Epson Device Admin және принтердің басқару тақтасы. Үш құралдың арасындағы айырмашылықтар төмендегі кестеде берілген.

Мүмкіндіктер	Web Config	Epson Device Admin	Принтердің басқару тақтасы
Орынды тіркеу	✓	✓	✓
Орынды өңдеу	✓	✓	✓
Топты қосу	✓	✓	✓
Топты өңдеу	✓	✓	✓
Орынды немесе топтарды жою	✓	✓	✓
Барлық орынды жою	✓	✓	–
Файлды импорттау	✓	✓	–
Файлды экспорттау	✓	✓	–

Ескертпе:

Сондай-ақ, FAX Utility мүмкіндігі арқылы факс орнын конфигурациялауға болады.

Web Config мүмкіндігі арқылы тағайындалған орынды контактілерге тіркеу

Ескертпе:

Сондай-ақ, принтердің басқару тақтасында контактілерді тіркеуге болады.

1. Web Config бөліміне кіріп, **Scan/Copy** немесе **Fax** қойындысы > **Contacts** тармағын таңдаңыз.
2. Тіркеу қажет нөмірді таңдап, **Edit** түймесін басыңыз.
3. **Name** және **Index Word** мәнін енгізіңіз.
4. Тағайындау түрін **Type** параметрі ретінде таңдаңыз.

Ескертпе:

Тіркеу аяқталғаннан кейін **Type** параметрін өзгерту мүмкін емес. Егер түрін өзгерткіңіз келсе, тағайындауды жойып, қайта тіркеңіз.

5. Әрбір элемент мәнін енгізіп, **Apply** басыңыз.

Қатысты ақпарат

➔ “Веб-браузерде Web Config параметрін іске қосу” бетте 272

Тағайындау параметрінің элементтері

Элементтер	Параметрлер мен түсіндірмелер
Қарапайым параметрлер	
Name	Unicode (UTF-8) пішіміндегі 30 немесе одан аз таңбада контактілерде көрсетілетін атауды енгізіңіз. Егер мұны көрсетпесеңіз, оны бос қалдырыңыз.
Index Word	Unicode (UTF-8) пішімінде 30 немесе одан аз таңба аралығында іздейтін сөздерді енгізіңіз. Егер мұны көрсетпесеңіз, оны бос қалдырыңыз.
Type	Тіркегіңіз келген мекенжай түрін таңдаңыз.
Assign to Frequent Use	Бұл элемент Web Config экранында көрсетіледі, бірақ ол осы принтер үшін қолжетімді емес.
Fax	
Fax Number	0–9 - * # және бос орын арқылы 1 және 64 аралығындағы таңбаларды енгізіңіз.
Fax Speed	Орынға арналған байланыс жылдамдығын таңдаңыз.
Email	
Email Address	A–Z a–z 0–9 ! # \$ % & ' * + - . / = ? ^ _ { } ~ @ арқылы 1 мен 255 аралығындағы таңбаларды енгізіңіз.
Network Folder (SMB)	
Save to	\\«Қалта жолы» Мақсатты қалта орналасқан жерді Unicode (UTF-8) ішінде «\» жазбай 1-ден 253 таңбаға дейін енгізіңіз.
User Name	Желілік қалтаға кіру үшін Юникодта (UTF-8) 30 немесе одан аз таңбамен пайдаланушы атын енгізіңіз. Дегенмен басқару таңбаларын (0x00–0x1F, 0x7F) пайдаланбаңыз.


Элементтер	Параметрлер мен түсіндірмелер
Password	Желілік қалтаға кіру үшін Юникодта (UTF-8) 20 немесе одан аз таңбамен құпия сөзді енгізіңіз. Дегенмен басқару таңбаларын (0x00–0x1F, 0x7F) пайдаланбаңыз.
FTP	
Secure Connection	FTP сервері қолдайтын файлдарды жіберу протоколына сәйкес FTP немесе FTPS таңдаңыз. Принтерге қауіпсіздік құралдарымен байланыс орнатуға мүмкіндік беру үшін FTPS таңдаңыз.
Save to	ASCII (0x20–0x7E) бөлімінде 1 және 253 таңбалары арасындағы сервер атауын енгізіп «ftp://» қалдырыңыз.
User Name	FTP серверіне өту үшін Юникодта (UTF-8) 30 немесе одан аз таңбамен пайдаланушы атын енгізіңіз. Дегенмен басқару таңбаларын (0x00–0x1F, 0x7F) пайдаланбаңыз. Егер сервер анонимді қосылуға рұқсат берсе, Anonymous және FTP сияқты пайдаланушы атын енгізіңіз. Егер мұны көрсетпесеңіз, оны бос қалдырыңыз.
Password	FTP серверіне кіру үшін Юникодта (UTF-8) 20 немесе одан аз таңбамен құпия сөзді енгізіңіз. Дегенмен басқару таңбаларын (0x00–0x1F, 0x7F) пайдаланбаңыз. Егер мұны көрсетпесеңіз, оны бос қалдырыңыз.
Connection Mode	Мәзірден байланыс режимін таңдаңыз. Егер желіаралық қалқан принтер мен FTP сервері арасында орнатылса, Passive Mode таңдаңыз.
Port Number	1 мен 65535 арасындағы FTP серверінің порт нөмірін енгізіңіз.
Certificate Validation	FTP серверінің сертификаты қосылған кезде, ол тексеріледі. Бұл FTPS опциясы Secure Connection үшін таңдалған кезде қолжетімді болады. Орнату үшін принтерге CA Certificate импорттау керек.

Орындарды Web Config арқылы топ ретінде тіркеу

Егер орын түрі **Fax** немесе **Email** параметріне орнатылса, орындарды топ ретінде тіркеуге болады.

1. Web Config параметріне кіріп, **Scan/Copy** не **Fax** қойындысын > **Contacts** таңдаңыз.
2. Тіркеу қажет нөмірді таңдап, **Edit** түймесін басыңыз.
3. **Type** бөлімінен топты таңдаңыз.
4. **Contact(s) for Group** параметрі үшін **Select** түймесін түртіңіз.
Қолжетімді орындар көрсетіледі.

5. Топқа тіркеу қажет орынды таңдап, **Select** түймесін басыңыз.



6. **Name** және **Index Word** мәнін енгізіңіз.
7. Тіркелген топты жиі пайдаланылатын топқа тағайындауды не тағайындамауды таңдаңыз.
Ескертпе:
Орындарды бірнеше топқа тіркеуге болады.
8. **Apply** түймесін басыңыз.

Қатысты ақпарат

➔ ["Веб-браузерде Web Config параметрін іске қосу" бетте 272](#)

Контактілердің сақтық көшірмесін жасау және импорттау

Web Config немесе басқа құралдар арқылы контактілердің сақтық көшірмесін жасауға және импорттауға болады.

Web Config параметрі үшін, құрамында контактілер үшін принтердің параметрлерін экспорттау арқылы контактілердің сақтық көшірмесін жасауға болады. Экспортталған файлды өңдеу мүмкін емес, себебі ол бинарлық файл ретінде экспортталды.

Принтердің параметрлерін принтерге импорттағанда контактілер қайта жазылады.

Epson Device Admin параметрі үшін, құрылғының сипаттамалар экранынан тек контактілерді экспорттауға болады. Сондай-ақ, қауіпсіздікке қатысты элементтерді экспорттамасаңыз, экспортталған контактілерді өңдеуге және оларды импорттауға болады, себебі оны SYLK файлы немесе CSV файлы ретінде сақтауға болады.

Web Config арқылы контактілерді импорттау

Контактілердің сақтық көшірмесін жасауға болатын принтер болса және осы принтермен үйлесімді болса, сақтық көшірме файлын импорттау арқылы контактілерді тіркеуге болады.

Ескертпе:

Принтердің контактілерінің сақтық көшірмесін жасау туралы нұсқауларды принтермен бірге берілген нұсқаулықтан қараңыз.

Контактілерді осы принтерге импорттау үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

1. Web Config бөліміне кіріп, **Device Management** > **Export and Import Setting Value** > **Import** параметрін таңдаңыз.
2. Жасаған сақтық көшірмеңізді **File** ішінен таңдап, құпиясөзді енгізіңіз де, **Next** түймесін басыңыз.
3. **Contacts** ұяшығына құсбелгі қойып, **Next** түймесін басыңыз.

Қатысты ақпарат

➔ [“Веб-браузерде Web Config параметрін іске қосу” бетте 272](#)

Web Config арқылы контактілерді сақтық көшірмелеу

Принтер бұзылған жағдайда контактілердің деректері жоғалуы мүмкін. Деректерді жаңартқан сайын деректердің сақтық көшірмесін жасауды ұсынамыз. Epson кепілдік мерзімінде кез келген деректердің жоғалуына, деректерді және/немесе параметрлерді сақтық көшірмелеуге немесе қалпына келтіруге жауапты болмайды.

Web Config көмегімен принтерде сақталған контакт деректерін компьютерге сақтық көшірмелеуге болады.

1. Web Config параметріне кіріп, **Device Management** қойындысын > **Export and Import Setting Value** > **Export** тармағын таңдаңыз.
2. **Contacts** ұяшықтарың біріне құсбелгі қойыңыз.
Мысалы, **Contacts** санатындағы **Scan/Copy** тармағын таңдасаңыз, Fax санатындағы сол ұяшық та таңдалады.
3. Экспортталған файлды шифрлау үшін құпиясөзді енгізіңіз.
Файлды импорттау үшін құпиясөзді енгізіңіз. Файлды шифрлағыңыз келмесе, осы үлгіні бос қалдырыңыз.
4. **Export** түймесін басыңыз.

Қатысты ақпарат

➔ [“Веб-браузерде Web Config параметрін іске қосу” бетте 272](#)

Құрал арқылы контактілерді экспорттау және жаппау тіркеу

Егер Epson Device Admin параметрін таңдасаңыз, онда тек контактілердің сақтық көшірмесін жасап, экспортталған файлдарды өңдеңіз, содан соң барлығын бірден тіркеңіз.

Ол тек контактілердің сақтық көшірмесін жасасаңыз немесе принтерді ауыстырғанда және контактілерді ескісінен жаңасына тасымалдағанда ыңғайлы.

Epson Device Admin арқылы контактілерді экспорттау

Контактілер туралы ақпаратты файлға сақтаңыз.

Электрондық кесте қолданбасын немесе мәтін өңдегішті қолдану арқылы SYLK пішімінде немесе csv пішімінде сақталған файлды өңдеуге болады. Ақпаратты өшірген соң немесе қосқан соң барлығын бірден тіркеуге болады.

Құпиясөз және жеке ақпарат секілді қауіпсіздік элементтерін қамтитын мәліметтерді құпиясөзбен екілік пішімде сақтауға болады. Файлды өңдей алмайсыз. Мұны қауіпсіздік элементтерін қамтитын мәліметтердің резервтік файлы ретінде пайдалануға болады.

1. Epson Device Admin бағдарламасын іске қосыңыз.
2. Бүйірлік тапсырмалар мәзірінен **Devices** таңдаңыз.
3. Құрылғылар тізімінен конфигурациялау қажет құрылғыны таңдаңыз.
4. **Device Configuration** түймесін таспалы мәзірдегі **Home** қойындысынан басыңыз. Әкімші құпия сөзі орнатылғаннан кейін, құпия сөзді енгізіп, **OK** түймесін басыңыз.
5. **Common > Contacts** тармағына өтіңіз.
6. **Export > Export items** ішінен экспорттау пішімін таңдаңыз.
 - All Items
Шифрланған екілік файлды экспорттаңыз. Құпиясөз және жеке мәліметтер сияқты қауіпсіздік элементтерін қамтуын қалаған кезде таңдаңыз. Файлды өңдей алмайсыз. Оны таңдасаңыз, құпиясөз орнатуыңыз қажет. **Configuration** түймесін басып, ASCII өрісіне 8 – 63 таңба аралығындағы құпиясөз орнатыңыз. Екілік файлды импорттаған кезде осы құпиясөз қажет.
 - Items except Security Information
SYLK пішіміндегі немесе csv пішіміндегі файлдарды экспорттаңыз. Экспортталған файл мәліметтерін өңдегіңіз келсе таңдаңыз.
7. **Export** түймесін басыңыз.
8. Файлды сақтайтын орынды көрсетіп, файл түрін таңдап, **Save** түймесін басыңыз. Аяқтау хабары көрсетіледі.
9. **OK** түймесін басыңыз. Файлдың сәйкес орынға сақталғанын тексеріңіз.

Using Epson Device Admin контактiлерiн импорттау

Файлдан контактiлер туралы ақпаратты импорттаңыз.

SYLK пішімінде немесе csv пішімінде сақталған файлдарды немесе қауіпсіздік элементтерін қамтитын резервтік көшірмесі жасалған екілік файлды импорттауға болады.

1. Epson Device Admin бағдарламасын іске қосыңыз.
2. Бүйірлік тапсырмалар мәзірінен **Devices** таңдаңыз.
3. Құрылғылар тізімінен конфигурациялау қажет құрылғыны таңдаңыз.

4. **Device Configuration** түймесін таспалы мәзірдегі **Home** қойындысынан басыңыз.
Әкімші құпия сөзі орнатылғаннан кейін, құпия сөзді енгізіп, **OK** түймесін басыңыз.
5. **Common > Contacts** түймесін басыңыз.
6. **Browse** түймесін **Import** ішінен басыңыз.
7. Импорттау қажет файлды таңдаңыз, содан соң **Open** түймесін басыңыз.
Екілік файлды таңдаған кезде, **Password** ішіне файлды экспорттау кезінде қойған құпиясөзді енгізіңіз.
8. **Import** түймесін басыңыз.
Растау терезесі көрсетіледі.
9. **OK** түймесін басыңыз.
Тексеру нәтижесі көрсетіледі.
 - Edit the information read
Ақпаратты жекелей өңдегіңіз келсе, басыңыз.
 - Read more file
Бірнеше файлды импорттағыңыз келсе, басыңыз.
10. **Import** түймесін басып, импорттауды аяқтау терезесінен **OK** түймесін басыңыз.
Құрылғының сипаттар терезесіне қайтыңыз.
11. **Transmit** түймесін басыңыз.
12. Растау хабарына **OK** түймесін басыңыз.
Параметрлер принтерге жіберіледі.
13. Жіберуді аяқтау терезесінде **OK** түймесін басыңыз.
Принтер туралы ақпарат жаңартылады.
Web Config немесе принтердің басқару тақтасынан контактілерді ашып, контактінің жаңартылғанын тексеріңіз.

Сканерлеуге дайындау

Басқару тақтасының көмегімен сканерлеу

Сканерлемес бұрын серверлерді немесе қалталарды орнатыңыз.

Серверлер мен қалталардың параметрлері

Аты	Параметрлер	Орны	Талап
Желі қалтасына сканерлеу (SMB)	Сақтау қалтасының ортақ пайдалануын жасау және реттеу	Сақтау қалтасының орны бар компьютер	Сақтау қалталарын жасайтын компьютердегі басқарушы пайдаланушы тіркелгісі.
	Желі қалтасына сканерлеудің тағайындалған орны (SMB)	Құрылғының контактілері	Сақтау қалтасы мен сақтау қалтасын жаңарту басымдылығы бар компьютерге кіруге арналған пайдаланушы аты мен құпия сөзі.
Желі қалтасына сканерлеу (FTP)	FTP серверінің жүйесіне кіру үшін реттеу	Құрылғының контактілері	FTP сервері мен сақтау қалтасын жаңарту басымдылығына арналған жүйеге кіру ақпараты.
Электрондық поштаға сканерлеу	Электрондық пошта серверіне арналған реттеу	Құрылғы	Электрондық пошта серверіне арналған реттеу ақпараты
Бұлтқа сканерлеу	Epson Connect қызметіне принтердің тіркелуі	Құрылғы	Интернет қосылымының ортасы
	Epson Connect қызметіне контактінің тіркелуі	Epson Connect қызметі	Epson Connect қызметіне пайдаланушының және принтердің тіркелуі

Қатысты ақпарат

- ➔ [“Ортақ пайдаланылған желі қалтасын орнату” бетте 328](#)
- ➔ [“Пошта серверін конфигурациялау” бетте 324](#)

Компьютерден сканерлеу

Компьютерден желі арқылы сканерлеу үшін бағдарламалық құралды орнатып, желі сканерлеу қызметі қосылғанын тексеріңіз.

Орнатылатын бағдарламалық құрал

- Epson ScanSmart
- Epson Scan 2 (сканер функциясын пайдалану үшін қажетті қолданба)

Желіні сканерлеу қосылғанын растау

Клиенттің компьютерінен желі арқылы сканерлегенде желілік сканерлеу қызметін орнатуға болады.Әдепкі параметр қосылған.

1. Web Config мүмкіндігіне кіріп, **Scan/Copy** қойындысы > **Network Scan** таңдаңыз.
2. **EPSON Scan** мүмкіндігінің **Enable scanning** параметрі таңдалғанын тексеріңіз.
Егер ол таңдалса, осы тапсырма орындалады. Web Config жабыңыз.
Егер ол жойылса, оны таңдап, келесі қадамға өтіңіз.
3. **Next** түймесін басыңыз.
4. **OK** түймесін басыңыз.
Желі қайта қосылып, параметрлер қосылады.

Қатысты ақпарат

➔ [“Веб-браузерде Web Config параметрін іске қосу” бетте 272](#)

Факс мүмкіндіктерін қолжетімді ету

Факс мүмкіндіктерін пайдалану алдында

Факстың функцияларын пайдалану үшін келесі әрекеттерді орындаңыз.

- Принтерді тиісті түрде телефон желісіне және қажет болған жағдайда, телефонға жалғаңыз
- Негізгі параметрлерді тағайындау үшін қажет **Факс параметрінің шебері** баптауларын аяқтаңыз.

Қажеттілік жағдайында, келесі әрекеттерді орындаңыз.

- Шығыс орындар және желі параметрлері сияқты қатысты параметрлер.
- Контактілер** тіркеуі
- Факс** мәзірінің тармақтары үшін әдепкі қалыптағы мәндерді анықтайтын **Пайдаланушы параметрлері**
- Факстер жіберілген немесе қабылданған кезде есептерді басып шығаруға арналған **Есеп параметрлері**

Қатысты ақпарат

- ➔ [“Принтерді телефон желісіне қосу” бетте 357](#)
- ➔ [“Принтерді факс жіберуге және қабылдауға дайындау” бетте 360](#)
- ➔ [“Пайдалануға байланысты принтердің факс мүмкіндіктері үшін реттеулерді жасау” бетте 362](#)
- ➔ [“Факс параметрлері” бетте 285](#)
- ➔ [“Контактілерді қолжетімді ету” бетте 347](#)
- ➔ [“Факс параметрлері” бетте 122](#)
- ➔ [“Есеп параметрлері” бетте 292](#)

Принтерді телефон желісіне қосу

Үйлесімді телефон желілері

Принтерді стандартты аналогтық телефон желілері (PSTN = Жалпы қосылған телефон желісі) және PBX (Жеке бөлім алмасу) телефон жүйелері арқылы пайдалануға болады.

Принтерді келесі телефон желілері немесе жүйелері арқылы пайдалана алмауыңыз мүмкін.

- VoIP телефон желісі, мысалы, DSL немесе талшықты оптикалық сандық қызмет
- Сандық телефон желісі (ISDN)
- Кейбір PBX телефон жүйелері
- Адаптерлер, мысалы, терминал адаптерлер, VoIP адаптерлері, бөлгіштер немесе DSL роутерлері телефонның қабырға ұясы және принтер арасында қосылуы болғанда

Принтерді телефон желісіне қосу

Принтерді телефон ұяшығына RJ-11 (6P2C) телефон кабелін пайдаланып жалғаңыз. Телефонды принтерге жалғағанда екінші RJ-11 (6P2C) телефон кабелін пайдаланыңыз.

Аймаққа байланысты телефон кабелі принтермен бірге берілуі мүмкін. Егер берілсе, аталған кабельді пайдаланыңыз.

Еліңіз не аймағыңыз үшін берілген адаптерге телефон кабелін қосу қажет болуы мүмкін.


Ескерте:

Принтердің EXT. портының қақпағын тек телефонды принтерге қосатын кезде алып тастаңыз. Телефонды қоспайтын болсаңыз, қақпақты алып тастаңыз.

Найзағай разряды жиі болатын жерлерде кернеу тұрақтандырғышты пайдалануды ұсынамыз.

Стандартты телефон желісін (PSTN) немесе PBX жүйесіне қосылу

Телефон кабелін телефонның қабырға ұясынан немесе PBX портынан принтердің артындағы LINE портына қосыңыз.




DSL не ISDN жүйесіне қосылу

Телефон кабелін DSL модемінен немесе ISDN терминал адаптерінен принтердің артындағы LINE портына қосыңыз. Қосымша мәліметтерді модеммен немесе адаптермен бірге қамтамасыз етілген құжаттамадан қараңыз.

Ескертпе:

Егер DSL модемінде ендірілген DSL сүзгісі болмаса, жеке DSL сүзгісін қосыңыз.




Телефонды принтерге қосу

Принтер мен телефонды дара телефон желісінде пайдаланған кезде телефонды принтерге қосыңыз.


Ескертпе:

- ❑ Егер телефон құрылғысында факс функциясы болса, қоспас бұрын факс функциясын өшіріңіз. Мәліметтер алу үшін телефонмен келетін нұсқаулықтарды қараңыз. Телефон құрылғысының моделіне байланысты, факс функциясын толық ажырату мүмкін емес, сондықтан оны сыртқы телефон ретінде пайдалану мүмкін емес.
- ❑ Автожауапбергішті қоссаңыз, принтердің **Жау.берг.дей.қоң. саны** параметрі автожауапбергіш қоңырауға жауап беруге орнатылған шылдырлаулар санынан жоғарырақ мәнге орнатылғанын тексеріңіз.

1. Принтердің артындағы EXT. портынан қақпақшаны алып тастаңыз.



2. Телефон құрылғысын және EXT. портын телефон кабелімен жалғаңыз.




Ескертпе:

Дара телефон желісін ортақ пайдаланғанда телефонды принтердің артындағы EXT. портына қосыңыз. Телефон және принтерді жеке қосу үшін желіні бөлген кезде телефон мен принтер дұрыс жұмыс істемейді.

3. Принтердің басқару тақтасында **Факс** параметрін таңдаңыз.

4. Тұтқаны көтеріңіз.

Егер келесі экранда көрсетілгендей факстарды жіберуді немесе алуды бастау хабары көрсетілсе, қосылым орнатылды.



Қатысты ақпарат

- ➔ "Принтерді факс жіберуге және қабылдауға дайындау" бетте 360
- ➔ "Жауап беру құрылғысын пайдалануға қатысты параметрлерді баптау" бетте 363
- ➔ "Тек жалғанған телефонды қолдану арқылы факстерді алу реттеулерін жасау" бетте 364
- ➔ "Қабылдау режимі:" бетте 287

Принтерді факс жіберуге және қабылдауға дайындау

Факс параметрінің шебері шебері принтерді факс жіберуге және қабылдауға дайындау үшін факстың негізгі функцияларын конфигурациялайды.

Шебер принтер алғаш қосылғанда автоматты түрде көрсетіледі. Шеберді принтердің басқару тақтасынан да қолмен көрсетуге болады. Принтер алғаш рет іске қосылғанда немесе байланыс ортасы өзгергенде, шебер өткізіп жіберілген жағдайда, шеберді қайтадан іске қосу қажет.

- Төмендегі элементтер шебердің көмегімен орнатылады.
 - Тақырыбы (Телефон нөміріңіз және Факс тақырыбы)**
 - Қабылдау режимі (Авто немесе Қолмен)**
 - Distinctive Ring Detection (DRD) параметрі**
- Төмендегі элементтер байланыс ортасына сәйкес автоматты түрде орнатылады.
 - Нөмір теру режимі (Сигнал немесе Импульс сияқты)**
Факс параметрінің шебері Нөмір теру режимі режимін **Желі түрі PBX** етіп реттелген кезде автоматты конфигурациялай алмайды. **Нөмір теру режимі** қолмен конфигурациялаңыз.
- Нег.параметрлер** ішіндегі басқа элементтер өзгеріссіз қалады.

Қатысты ақпарат

- ➔ "Нег.параметрлер" бетте 285

Факс параметрінің шебері арқылы принтерді факс жіберуге және қабылдауға дайындау

1. Принтердің басқару тақтасының негізгі экранындағы **Параметрлер** параметрін таңдаңыз.
2. **Жалпы параметрлер > Факс параметрлері > Факс параметрінің шебері** параметрін таңдаңыз.
3. Экрандық нұсқауларды орындап, компания атауы, факс нөміріңіз сияқты жіберушінің атын енгізіңіз.

Ескертпе:

Жіберуші аты мен факс нөмірі шығыс факстер үшін тақырып ретінде шығады.

4. Қоңырау бағытын анықтау (DRD) реттеуін жасаңыз.
 - Егер телефон компаниясының айрықша қоңырау шалу қызметіне жазылған болсаңыз: Келесі экранға өтіп, кіріс факстарына пайдаланылатын қоңырау үлгісін таңдаңыз.

Барлығы параметрінен басқа қандай да бір элементті таңдағанда, **Қабылдау режимі** параметрі **Авто** күйіне орнатылып, жасаған реттеулерді тексеруге болатын келесі экранға өтуге болады.
 - Телефон компаниясынан қоңырау түрін ажырату қызметіне жазылмаған болсаңыз немесе осы опцияны орнату қажет болмаса:

Бұл реттеуді өткізіп жіберіп, жасаған реттеулерді тексеруге болатын экранға өтіңіз.


Ескертпе:

- Көптеген телефон компаниялары ұсынатын айрықша қоңырау шалу қызметтері (қызмет атауы компанияға байланысты әртүрлі болады) бір телефон желісінде бірнеше телефон нөмірін пайдалануға мүмкіндік береді. Әр нөмір түрлі қоңырау шалу үлгісіне тағайындалады. Бір нөмірді дауыстық қоңырауларға, басқа нөмірді факс қоңыраулары үшін пайдалануға болады. **DRD** ішінде факс қоңырауларына тағайындалған қоңырау шалу үлгісін таңдаңыз.*
 - Аймаққа байланысты **Қосу** және **Өш.** параметрлері **DRD** опциялары ретінде көрсетіледі. Айрықша қоңырау шалу мүмкіндігін пайдалану үшін **Қосу** таңдаңыз.*
5. Қабылдау режимі реттеуін жасаңыз.
 - Егер телефон құрылғысын принтерге жалғау қажет болмаса:

Жоқ параметрін таңдаңыз.

Қабылдау режимі режимі **Авто** параметріне қойылған.
 - Егер телефон құрылғысын принтерге жалғау қажет болса:

Иә параметрін таңдаңыз, содан соң факстарды автоматты түрде қабылдауды не қабылдамауды таңдаңыз.
 6. Көрсетілген экранда жасалған реттеулерді тексеріп, келесі экранға өтіңіз.

Параметрлерді түзету немесе өзгерту үшін  таңдаңыз.

7. **Тексеруді бастау** параметрін таңдау арқылы факс қосылымын тексеріңіз, содан соң қосылым күйі көрсетілетін есепті басып шығару үшін **Басып шығ** параметрін таңдаңыз.

Ескертпе:

- ❑ *Қандай да бір қателер туралы есеп берілсе, оларды шешу үшін нұсқауларды орындаңыз.*
- ❑ *Егер **Желі түрін таңдау** экраны көрсетілсе, желі түрін таңдаңыз.*
 - *Принтерді PBX телефон жүйесіне немесе терминал адаптеріне қосқанда **PBX** параметрін таңдаңыз.*
 - *Принтерді стандартты телефон желісіне қосқанда **PSTN** параметрін таңдап, көрсетілетін **Растау** экранында **Анықтамау** параметрін таңдаңыз. Алайда, мұны **Анықтамау** параметріне орнату принтердің теру кезінде факс нөмірінің бірінші санын өткізіп жіберіп, факсты қате нөмірге жіберуіне әкелуі мүмкін.*

Қатысты ақпарат

- ➔ [“Принтерді телефон желісіне қосу” бетте 357](#)
- ➔ [“Жауап беру құрылғысын пайдалануға қатысты параметрлерді баптау” бетте 363](#)
- ➔ [“Қабылдау режимі:” бетте 287](#)
- ➔ [“Тек жалғанған телефонды қолдану арқылы факстерді алу реттеулерін жасау” бетте 364](#)
- ➔ [“Нег.параметрлер” бетте 285](#)

Пайдалануға байланысты принтердің факс мүмкіндіктері үшін реттеулерді жасау

Пайдалануға байланысты принтердің басқару тақтасын қолдану арқылы принтер факсының функцияларын жеке конфигурациялауға болады. **Факс параметрінің шебері** көмегімен бапталған параметрлерді де өзгертуге болады. Қосымша ақпараттар алу үшін **Факс параметрлері** мәзірінің сипаттамаларын қараңыз.

Ескертпе:

- ❑ *Web Config қолдану арқылы принтер факсының функцияларын конфигурациялауға болады.*
- ❑ **Факс параметрлері** мәзірін экранға шығару үшін Web Config қолдану кезінде пайдаланушы интерфейсында және элементтердің орналасу орнында принтердің басқару тақтасымен салыстырғанда аздаған өзгешеліктер болуы мүмкін.

Қатысты ақпарат

- ➔ [“Факс параметрлері” бетте 285](#)
- ➔ [“PBX телефон жүйесі үшін параметрлер орнату” бетте 362](#)
- ➔ [“Телефон құрылғысын жалғағанда реттеулерді жасау” бетте 363](#)
- ➔ [“Кіріс факстарды қабылдау” бетте 118](#)
- ➔ [“Алынған факстарды сақтау үшін реттеулерді жасау” бетте 364](#)
- ➔ [“Блокталған қалаусыз факстар үшін параметрлерді реттеу” бетте 366](#)
- ➔ [“Компьютерде факстарды жіберу және алу үшін параметрлерді реттеу” бетте 366](#)

PBX телефон жүйесі үшін параметрлер орнату

Принтерді қосымша нөмірлерді пайдаланатын және сыртқы желі үшін 0 және 9 сияқты сыртқы кіру кодтарын сұрайтын кеңселерде пайдаланған кезде келесі параметрлерді орындаңыз.

1. Принтердің басқару тақтасында **Параметрлер** параметрін таңдаңыз.
2. **Жалпы параметрлер > Факс параметрлері > Нег.параметрлер** параметрін таңдаңыз.
3. **Желі түрі** опциясын таңдаңыз, содан соң **PBX** опциясын таңдаңыз.
4. Факсты сыртқы факс нөміріне нақты сыртқы кіру кодының орнына # (тор) белгішесі арқылы жібергенде, мұны **Пайда лану** параметріне қолдану үшін **Қатынас коды** ұяшығына белгі қойыңыз.
Нөмір тергенде нақты кіру кодының орнына енгізілген # белгішесі сақталған кіру кодына ауысады. # пайдалану сыртқы желіге қосылған кезде қосылым мәселелерінің алдын алуға көмектеседі.
Ескертпе:
Контактілер бөліміндегі 0 және 9 сияқты сыртқы кіру кодтары бар алушыларға факстарды жіберу мүмкін емес.
0 және 9 сияқты сыртқы кіру коды арқылы **Контактілер** бөлімінде алушыларды тіркесеңіз, **Қатынас коды** параметрін **Пайд. баңыз** күйіне орнатыңыз. Не болмаса, **Контактілер** бөлімінде кодты # белгісіне ауыстыру қажет.
5. **Қатынас коды** кіріс ұяшығын түртіп, телефоныңыздың жүйесі үшін пайдаланылатын сыртқы кіру кодын енгізіп, **ОК** түймесін түртіңіз.
6. Параметрлерді қолдану үшін **ОК** параметрін таңдаңыз.
Кіру коды принтерде сақталады.

Телефон құрылғысын жалғағанда реттеулерді жасау

Жауап беру құрылғысын пайдалануға қатысты параметрлерді баптау

Жауап беру құрылғысын пайдалану үшін параметрлер қажет.

1. Принтердің басқару тақтасында **Параметрлер** параметрін таңдаңыз.
2. **Жалпы параметрлер > Факс параметрлері > Нег.параметрлер** параметрін таңдаңыз.
3. **Қабылдау режимі** параметрін **Авто** етіп орнатыңыз.
4. Принтердің **Жау.берг.дей.қоң. саны** параметрін жауап беру құрылғысына шалынатын қоңыраулар санынан үлкен мәнге қойыңыз.
Егер **Жау.берг.дей.қоң. саны** параметріне жауап беру құрылғысына орнатылған қоңыраулар санынан кіші мән орнатылса, жауап беру құрылғысы дауыстық хабарларды жазып алу үшін дауыстық қоңырауларды ала алмайды. Бұл параметр үшін жауап беру машинасымен бірге келетін нұсқауларды қараңыз.
Принтердің **Жау.берг.дей.қоң. саны** параметрі аймаққа байланысты көрсетілмеуі мүмкін.

Қатысты ақпарат

➔ [“Нег.параметрлер” бетте 285](#)

Тек жалғанған телефонды қолдану арқылы факстерді алу реттеулерін жасау

Келіп түскен факстерді принтерді мүлдем қолданбастан, телефон тұтқасын көтеру және телефонмен жұмыс істеу арқылы ғана қабылдауды іске қоса аласыз.

Қашықтан қабылдау мүмкіндігі тоналды теруді қолдайтын телефондар үшін қол жетімді.

1. Принтердің басқару тақтасында **Параметрлер** параметрін таңдаңыз.
2. **Жалпы параметрлер > Факс параметрлері > Нег.параметрлер > Қашықтан қабылдау** параметрін таңдаңыз.
3. Мұны **Қашықтан қабылдау** күйіне орнату үшін **Қосу** түймесін түртіңіз.
4. **Бастау коды** параметрін таңдап, екі цифрлық кодты енгізіңіз (0 – 9, * және # таңбасын енгізуге болады), содан соң **ОК** түймесін түртіңіз.
5. Параметрлерді қолдану үшін **ОК** параметрін таңдаңыз.

Қатысты ақпарат

➔ [“Нег.параметрлер” бетте 285](#)

Алынған факстарды сақтау үшін реттеулерді жасау

Принтер әдепкі бойынша алынған факстарды басып шығаруға орнатылады. Басып шығарудан бөлек, принтерді алынған факстарды сақтауға орнатуға болады.

Принтерде Кіріс жәшігі

Алынған факстарды Кіріс жәшігі жәшігіне сақтауға болады. Оларды принтердің басқару тақтасынан көруге болады, сондықтан тек қажетті факстарды басып шығаруға немесе қажет емес факстарды жоюға болады.

Сыртқы жад құрылғысы

Қабылданған құжаттарды PDF пішіміне түрлендіріп, оларды принтерге қосылған сыртқы жад құрылғысына сақтау үшін орнатуға болады.

А компьютері (PC-FAX алу)

Жоғарыдағы мүмкіндіктерді бір уақытта пайдалануға болады. Егер оларды бір уақытта пайдалансаңыз, алынған құжаттар кіріс жәшігіне, сыртқы жад құрылғысына және компьютерге сақталады. Компьютерге факстарды алу үшін FAX Utility арқылы реттеулерді жасаңыз.

Қатысты ақпарат

- ➔ [“Алынған факстарды кіріс жәшігіне сақтау үшін реттеулерді жасау” бетте 364](#)
- ➔ [“Алынған факстарды сыртқы жад құрылғысына сақтау үшін реттеулерді жасау” бетте 365](#)
- ➔ [“Компьютерде факстарды жіберу және алу үшін параметрлерді реттеу” бетте 366](#)

Алынған факстарды кіріс жәшігіне сақтау үшін реттеулерді жасау

Алынған факстарды Кіріс жәшігі жәшігіне сақтауды орнатуға болады. Оларды принтердің басқару тақтасынан көруге болады, сондықтан тек қажетті факстарды басып шығаруға немесе қажет емес факстарды жоюға болады.

1. Принтердің басқару тақтасында **Параметрлер** параметрін таңдаңыз.

2. **Жалпы параметрлер > Факс параметрлері > Қабылдау параметрлері > Қабылданған факсты сақтау орны** параметрін таңдаңыз.
3. Егер растау хабары көрсетілсе, оны растап, **ОК** түймесін түртіңіз.
4. **Кіріс жәшікке сақтау** параметрін таңдаңыз.
5. Мұны **Қосу** күйіне орнату үшін, **Кіріс жәшікке сақтау** опциясын таңдаңыз.
6. **Жады толғандағы опциялар** параметрін таңдап, кіріс жәшігі толы болғанда пайдалану үшін опцияны таңдаңыз.
 - Факс. қаб.және бас.шығару:** принтер кіріс жәшігінде сақтау мүмкін емес барлық алынған құжаттарды басып шығарады.
 - Кіріс факстардан бас тарту:** принтер кіріс факс қоңырауларына жауап бермейді төмендетеді.
7. Кіріс жәшігі үшін құпия сөзді орнатуға болады. **Кіріс жәшігі құп-нің параметрлері** параметрін таңдап, құпия сөзді орнатыңыз.

Ескертпе:

Жады толғандағы опциялар параметрі **Факс. қаб.және бас.шығару** мәніне орнатылған кезде құпиясөзді орната алмайсыз.

Қатысты ақпарат

➔ [“Принтерде сақталған алынған факстарды СКД экранында көру” бетте 120](#)


Алынған факстарды сыртқы жад құрылғысына сақтау үшін реттеулерді жасау

Қабылданған құжаттарды PDF пішіміне түрлендіріп, оларды принтерге қосылған сыртқы жад құрылғысына сақтау үшін орнатуға болады.



Маңызды:


Құжаттар принтерге қосылған жад құрылғысына сақталмас бұрын қабылданған құжаттар принтердің жадына уақытша сақталады. Жадтың толып кетуі туралы қате факстарды жіберуді және қабылдауды өшіретіндіктен, принтерге қосылған жад құрылғысын ажыратпаңыз.

Принтердің жадына уақытша сақталған құжаттар саны принтердің басқару тақтасындағы  бөлімінде көрсетіледі.

1. Принтердің басқару тақтасында **Параметрлер** параметрін таңдаңыз.
2. **Жалпы параметрлер > Факс параметрлері > Қабылдау параметрлері > Қабылданған факсты сақтау орны** параметрін таңдаңыз.
3. Егер растау хабары көрсетілсе, оны растап, **ОК** түймесін түртіңіз.
4. **Жад құрылғысына сақтау** параметрін таңдаңыз.
5. **Иә** параметрін таңдаңыз. Құжаттарды жад құрылғысына сақтау кезінде автоматты түрде басып шығару үшін **Ия және басып шығару** түймесін таңдаңыз.
6. Экрандағы хабарды тексеріп, **Жасау** параметрін таңдаңыз.
Алынған құжаттарды сақтауға арналған қалта жад құрылғысында жасалады.

Блокталған қалаусыз факстар үшін параметрлерді реттеу

Қалаусыз факстарды блоктауға болады.

1. Принтердің басқару тақтасында **Параметрлер** параметрін таңдаңыз.
2. **Жалпы параметрлер > Факс параметрлері > Нег.параметрлер > Бас тарту факсы** параметрін таңдаңыз.
3. Блокталған қалаусыз факстарға арналған шарттарды белгілеңіз.
Бас тарту факсы параметрін таңдап, келесі опцияларды қосыңыз.
 - Қабылданбаған сандар тізімі: қабылдамау нөмірлері тізіміндегі факстарды қабылдамайды.
 - Факс тақ-ның бланкі бұғатталған: бос тақырып ақпараты бар факстарды қабылдамайды.
 - Тіркелмеген контактілер: контактілер тізіміне қосылмаған факстарды қабылдамайды.
4. **Бас тарту факсы** экранына оралу үшін  түймесін түртіңіз.
5. Егер **Қабылданбаған сандар тізімі** пайдалансаңыз, **Ақаулар санының тізімін өзгерту** таңдаңыз да, тізімді өзгертіңіз.

Компьютерде факстарды жіберу және алу үшін параметрлерді реттеу

Факстарды компьютерде жіберу және алу үшін, желі немесе USB кабелі арқылы қосылған компьютерде FAX Utility орнатылған болуы керек.

Компьютерден факстарды жіберуді қосу

Web Config арқылы келесіні орнатыңыз.

1. Web Config бөліміне кіріп, **Fax** қойындысын басыңыз, содан соң **Send Settings** түймесін басыңыз.
2. **PC to FAX Function** бөлімі үшін **Use** параметрін таңдаңыз.
PC to FAX Function бөлімінің әдепкі параметрінің мәні **Use** параметрі болып табылады. Компьютерден факстарды жіберуді ажырату үшін **Do Not Use** параметрін таңдаңыз.
3. **OK** түймесін басыңыз.

Факстарды алу үшін Компьютерге сақтау параметрін реттеу

FAX Utility арқылы факстарды компьютерде алуға болады. Компьютерге FAX Utility орнатып, параметрін реттеңіз. Мәліметтер алу үшін FAX Utility анықтамасындағы Basic Operations бөлімін қараңыз (негізгі терезеде көрсетіледі).

Принтердің басқару тақтасының төменгі жағындағы параметр элементін **Иә** күйіне орнатып, алынған факстарды компьютерде сақтауға болады.

Параметрлер > Жалпы параметрлер > Факс параметрлері > Қабылдау параметрлері > Қабылданған факсты сақтау орны > Компьютерге сақтау

Компьютерге сақтау параметрін факстарды алу үшін принтерде де басып шығаруға қолдану

Алынған факстарды компьютерде сақтаумен қатар принтерде басып шығару үшін параметрді орната аласыз.

1. Принтердің басқару тақтасының негізгі экранындағы **Параметрлер** параметрін таңдаңыз.
2. **Жалпы параметрлер > Факс параметрлері > Қабылдау параметрлері** параметрін таңдаңыз.
3. **Қабылданған факсты сақтау орны > Компьютерге сақтау > Ия және басып шығару** параметрін таңдаңыз.

Факстарды алу үшін Компьютерге сақтау параметрін орнатпау

Алынған факстарды компьютерге сақтаудан бас тарту үшін, принтердегі параметрлерді өзгертіңіз.

Ескертпе:

Сондай-ақ, FAX Utility мүмкіндігі арқылы өзгертуге болады. Дегенмен, компьютерге сақталмаған қандай да бір факстар болса, мүмкіндік жұмыс істемейді.

1. Принтердің басқару тақтасының негізгі экранындағы **Параметрлер** параметрін таңдаңыз.
2. **Жалпы параметрлер > Факс параметрлері > Қабылдау параметрлері** параметрін таңдаңыз.
3. **Қабылданған факсты сақтау орны > Компьютерге сақтау > Жоқ** параметрін таңдаңыз.

Қатысты ақпарат

➔ ["Веб-браузерде Web Config параметрін іске қосу" бетте 272](#)

Принтерге арналған негізгі жұмыс реттеулерін жасау

Басқару тақтасын орнату

Принтердің басқару тақтасына реттеңіз. Келесі әдіспен реттеуге болады.

1. Браузерге принтердің IP мекенжайын енгізіп, Web Config іске қосыңыз.
Принтеріңізбен бірдей желіге қосылған компьютерден принтердің IP мекенжайын енгізіңіз.
2. Әкімші ретінде кіру үшін әкімші құпиясөзін енгізіңіз.
3. Келесі ретпен таңдаңыз.

Device Management қойындысы > **Control Panel**

4. Келесі элементтерді қажетінше орнатыңыз.

Language

Басқару тақтасында көрсетілген тілді таңдаңыз.

Operation Timeout

Егер **ON** параметрін таңдасаңыз, белгілі бір уақыт аралығында ешқандай әрекет орындалмағаннан кейін бастапқы экранға ораласыз.

10 секунд және 240 минут арасында секундты орната аласыз.

Ескертпе:

Сондай-ақ принтердің басқару тақтасынан реттеуге болады.

Language: **Параметрлер > Жалпы параметрлер > Нег.параметрлер > Тіл/Language**

Operation Timeout: **Параметрлер > Жалпы параметрлер > Нег.параметрлер > Операция уақытының аяқталуы** («Қосу» немесе «Өшіру» параметрін көрсетуге болады.)

5. **OK** түймесін басыңыз.

Пайдаланылмайтын кезде қуат үнемдеу параметрлері

Белгіленген уақыт ішінде принтердің басқару тақтасы жұмыс істемеген жағдайда қуатты үнемдеу режиміне ауысу немесе қуатты өшіру уақытын орнатуға болады. Уақытты пайдалану ортаңызға байланысты орнатыңыз.

1. Web Config параметріне кіріп, **Device Management** қойындысын > **Power Saving** тармағын таңдаңыз.

2. Келесі элементтерді қажетінше орнатыңыз.

Sleep Timer

Пайдаланылмаған кезде қуат үнемдеу режиміне ауысу үшін уақытты енгізіңіз.

Ескертпе:

Сондай-ақ принтердің басқару тақтасынан реттеуге болады.

Параметрлер > Жалпы параметрлер > Нег.параметрлер > Ұйқы таймері

Power Off Timer немесе Power Off If Inactive

Принтер көрсетілген уақытта пайдаланылмаса, ол автоматты түрде өшетін уақытты орнатыңыз. Факс мүмкіндіктерін пайдаланып жатқанда, **None** немесе **Off** параметрін таңдаңыз.

Ескертпе:

Сондай-ақ принтердің басқару тақтасынан реттеуге болады.

Параметрлер > Жалпы параметрлер > Нег.параметрлер > Өшіру таймері немесе Қуатты өш. парам.

Power Off If Disconnected

Барлық порт, оның ішінде LINE порты ажыратулы тұрғанда, белгілі бір уақыттан кейін принтерді өшіру үшін осы параметрді таңдаңыз. Бұл мүмкіндік аймаққа байланысты қолжетімді емес болуы мүмкін.

Көрсетілген уақыт мерзімі үшін келесі веб-сайтты қараңыз.

<https://www.epson.eu/energy-consumption>

Ескертпе:

Сондай-ақ принтердің басқару тақтасынан реттеуге болады.

Параметрлер > Жалпы параметрлер > Нег.параметрлер > Қуатты өш. парам. > Ажырағанда қуатты өшіру

Wake with LCD Screen Touch

Сенсорлық тақтаның ұйқы режимінен қалай ояматынын реттеуге болады. **Schedule** таңдасаңыз, ұйқы режимінің басталу уақыты мен аяқталу уақытын реттеңіз.

Ескертпе:

Сондай-ақ принтердің басқару тақтасынан реттеуге болады.

Параметрлер > Жалпы параметрлер > Нег.параметрлер > Ұйқы режимінен шығару > Ояту үшін СКД экр. түрт.

3. **OK** түймесін басыңыз.

Дыбысты орнату

Басқару тақтасын, басып шығаруды, факс жіберуді және басқа әрекеттерді орындағанда дыбыс реттеулерін жасаңыз.

Ескертпе:

Сондай-ақ принтердің басқару тақтасынан реттеуге болады.

Параметрлер > Жалпы параметрлер > Нег.параметрлер > Дыбыс

1. Web Config параметріне кіріп, **Device Management** қойындысын > **Sound** тармағын таңдаңыз.

2. Келесі элементтерді қажетінше орнатыңыз.

Normal Mode

Принтер **Normal Mode** параметріне орнатылғанда дыбысты орнатыңыз.

Quiet Mode

Принтер **Quiet Mode** параметріне орнатылғанда дыбысты орнатыңыз.

Келесі элементтердің бірі қосылғанда бұл қосылады.

Принтердің басқару тақтасы:

Параметрлер > Жалпы параметрлер > Принтер параметрлері > Тыныш режимі

Параметрлер > Жалпы параметрлер > Факс параметрлері > Қабылдау параметрлері > Басып шығару параметрлері > Тыныш режимі

Web Config:

Fax қойындысы > **Print Settings > Quiet Mode**

3. **OK** түймесін басыңыз.

Күн мен уақытты уақыт серверімен синхрондау

Уақыт серверімен (NTP сервері) синхрондағанда, принтер мен компьютердің уақытын желімен синхрондауға болады. Уақыт серверін ұйым ішінде басқаруға немесе интернетте жариялауға болады.

CA сертификатын немесе Kerberos аутентификациясын пайдаланғанда, уақыт серверімен синхрондау арқылы уақытқа қатысты ақауларды болдырмауға болады.

1. Web Config параметріне кіріп, **Device Management** қойындысын > **Date and Time** > **Time Server** тармағын таңдаңыз.
2. **Use** күйін **Use Time Server** үшін таңдаңыз.
3. **Time Server Address** үшін уақыт серверінің мекенжайын енгізіңіз.
IPv4, IPv6 немесе FQDN пішімін пайдалануға болады. 252 немесе одан аз таңба енгізіңіз. Егер мұны көрсетпесеңіз, оны бос қалдырыңыз.
4. **Update Interval (min)** мәнін енгізіңіз.
Минут мәніне 10 080 минутқа дейін орнатуға болады.
5. **OK** түймесін басыңыз.

Ескертпе:

Time Server Status бөлімінде уақыт серверімен қосылым күйін тексеруге болады.

Сканерлеуге, көшіруге және факстарды жіберуге арналған әдепкі мәнді орнатыңыз. (Пайдаланушының әдепкі параметрі)

Функцияларға арналған әдепкі мәнді орнатуға болады.

Келесі функцияларды орнатуға болады.

- Scan to Network Folder/FTP
- Scan to Email
- Scan to Memory Device
- Scan to Cloud
- Copy
- Fax

1. Web Config бөліміне кіріп, **Scan/Copy** қойындысы > **User Default Settings** параметріне арналған әдепкі мәнді орнатуға қажетті функцияларды таңдаңыз.

Факсқа арналған әдепкі мәнді орнату үшін **Fax** қойындысы > **User Default Settings** параметрін таңдаңыз.

2. Әр элементті орнатыңыз.
3. **OK** түймесін басыңыз.

Егер мәнің тіркесімі жарамды болмаса, ол автоматты түрде өзгертіледі, содан соң жарамды мән орнатылады.

Реттеулерді жасағандағы проблемалар

Проблемаларды шешу кеңестері

Қате хабарын тексеру

Ақаулық пайда болғанда, алдымен принтердің басқару тақтасында немесе драйвер экранында қандай да бір хабар көрсетілетінін не көрсетілмейтінін тексеріңіз. Егер оқиғалар пайда болғанда хабарландыру электрондық хабары жинағы болса, күйді жылдам білуге болады.

Желі қосылымының есебі

Желі мен принтердің күйін диагностикалап, нәтижені басып шығарыңыз.

Принтердің жағынан диагностикаланған қатені табуға болады.

Байланыс күйін тексеру

«ring» және «ipconfig» сияқты пәрменді пайдалану арқылы серверлік компьютердің немесе клиенттік компьютердің байланыс күйін тексеріңіз.

Қосылым сынағы

Принтер мен пошта серверінің арасындағы қосылымды тексеру үшін принтерден қосылым сынағын орындаңыз. Сондай-ақ, байланыс күйін тексеру үшін клиенттік компьютерден серверге қосылатын қосылымды тексеріңіз.

Параметрлерді инициализациялау

Егер параметрлер мен байланыс күйі проблема жоқ деп көрсетсе, принтердің желі параметрлерін ажырату немесе инициализациялау, содан соң қайта реттеу арқылы проблемаларды шешуге болады.

Web Config қызметіне кіру мүмкін емес

■ IP мекенжайы принтерге тіркелмеген.

Шешімдер

Жарамды IP мекенжайы принтерге тіркелмеуі мүмкін. Принтердің басқару тақтасы арқылы IP мекенжайын конфигурациялаңыз. Желінің күйі парағы арқылы немесе принтердің басқару тақтасынан ағымдағы параметр туралы ақпаратты растауға болады.

■ Веб-браузер SSL/TLS протоколына арналған шифрлау тұрақтылығын қолдамайды.

Шешімдер

SSL/TLS протоколында Encryption Strength параметрі бар. Төменде көрсетілгендей жаппай шифрлауларды қолдайтын веб-браузерін пайдалану арқылы Web Config бөлімін ашуға болады. Қолдау көрсетілетін браузерді пайдаланып жатқаныңызды тексеріңіз.

80 биттік: AES256/AES128/3DES

112 биттік: AES256/AES128/3DES

128 биттік: AES256/AES128

192 биттік: AES256

256 биттік: AES256

■ CA-signed Certificate мерзімі бітті.

Шешімдер

Егер сертификаттың жарамдылық мерзіміне қатысты проблема болса, Web Config қолданбасына SSL/TLS байланысы (https) арқылы жалғанғанда «Сертификаттың мерзімі бітті» хабары көрсетіледі. Егер оның жарамдылық мерзіміне дейін хабар пайда болса, принтердің күні дұрыс конфигурацияланғанын тексеріңіз.

■ Сертификат пен принтердің жалпы атауы сәйкес келмейді.

Шешімдер

Егер сертификат пен принтердің жалпы атауы сәйкес келмесе, SSL/TLS байланысы (https) арқылы Web Config бөліміне кіргенде «Қауіпсіздік сертификатының атауы сәйкес емес...» хабары көрсетіледі. Бұл келесі IP мекенжайлардың сәйкессіздігінен болады.

- Self-signed Certificate немесе CSR параметрін жасауға арналған жалпы атауға енгізілген принтердің IP мекенжайы
- Web Config қолданбасы іске қосылғанда веб-браузерге енгізілген IP мекенжайы

Self-signed Certificate үшін сертификатты жаңартыңыз.

CA-signed Certificate үшін принтердің сертификатын қайта пайдаланыңыз.

■ Жергілікті мекенжайдың прокси серверінің параметрі веб-браузерге орнатылмаған.

Шешімдер

Принтер прокси серверді пайдалануға орнатылғанда, браузерді прокси сервері арқылы жергілікті мекенжайға жалғанбайтындай етіп конфигурациялаңыз.

- Windows:

Басқару тақтасы > Желі және интернет > Интернет опциялары > Қосылымдар > LAN параметрлері > Прокси сервер параметрін таңдаңыз, содан соң LAN желісі (жергілікті мекенжайлар) үшін прокси сервер пайдаланылмайтындай етіп конфигурациялаңыз.

- Mac OS:

Жүйе параметрлері > Желі > Кеңейтілген > Проксилер параметрін таңдаңыз, содан соң **Осы хосттар мен домендер үшін прокси параметрлерін айналып өту** параметрі үшін жергілікті мекенжайды тіркеңіз.

Мысалы:

192.168.1.*: 192.168.1.XXX жергілікті мекенжайы, 255.255.255.0 қосалқы желі маскасы

192.168.*.*: 192.168.XXX.XXX жергілікті мекенжайы, 255.255.0.0 қосалқы желі маскасы

Принтерді басқару

Желі қосылымын басқару

Желі қосылымын тексеруге немесе конфигурациялауға болады.

Негізгі желілік параметрлерді тексеру немесе конфигурациялау

1. Web Config қызметіне кіру үшін принтердің IP мекенжайын браузерге енгізіңіз.
Принтеріңізбен бірдей желіге қосылған компьютерден принтердің IP мекенжайын енгізіңіз.
Келесі мәзірден принтердің IP мекенжайын тексеруге болады.

Параметрлер > Жалпы параметрлер > Желі параметрлері > Желі күйі > Сымды LAN/Wi-Fi күйі

2. Әкімші ретінде кіру үшін әкімші құпиясөзін енгізіңіз.

3. Келесі ретпен таңдаңыз.

Network қойындысы > **Basic**

4. Әр элементті орнатыңыз.

5. **Next** түймесін басыңыз.

Растау хабары көрсетіледі.

6. **OK** түймесін басыңыз.

Принтер жаңартылды.

Желіні орнату элементтері

Элементтер	Орнату мәні және сипаттамасы
Device Name	Device Name көрсетіңіз. Device Name өзгерту үшін, мәтіндік жолаққа жаңа Device Name енгізіңіз.
Location	Құрылғының Location енгізіңіз.
Obtain IP Address	IP мекенжайды реттеу әдісін «Автоматты» немесе «Қолмен» ішінен таңдаңыз. «Қолмен» әдісін таңдасаңыз, IP мекенжайы, қосалқы желі маскасы және т.б. енгізуіңіз қажет.
Set using BOOTP	Set using BOOTP қосуға рұқсат беру немесе бермеу керектігін белгілей аласыз.
Set using Automatic Private IP Addressing (APIPA)	Set using Automatic Private IP Addressing (APIPA) қосуға рұқсат беру немесе бермеу керектігін белгілей аласыз.
IP Address	IP Address енгізіңіз. xxx.xxx.xxx.xxx пішімінде енгізіңіз. xxx үшін 0 мен 255 аралығындағы санды енгізіңіз. IP Address бірегей болуы және желідегі басқа құрылғымен сәйкес келмеуі керек.
Subnet Mask	Subnet Mask енгізіңіз. xxx.xxx.xxx.xxx пішімінде енгізіңіз. xxx үшін 0 мен 255 аралығындағы санды енгізіңіз.
Default Gateway	Default Gateway енгізіңіз. xxx.xxx.xxx.xxx пішімінде енгізіңіз. xxx үшін 0 мен 255 аралығындағы санды енгізіңіз.

Элементтер	Орнату мәні және сипаттамасы
DNS Server Setting	DNS Server Setting әдісін Auto немесе Manual ішінен таңдаңыз. «Қолмен» әдісі Obtain IP Address параметрі Manual күйіне орнатылған кезде қолжетімді.
Primary DNS Server	Primary DNS Server енгізіңіз. xxx.xxx.xxx.xxx пішімінде енгізіңіз. xxx үшін 0 мен 255 аралығындағы санды енгізіңіз.
Secondary DNS Server	Secondary DNS Server енгізіңіз. xxx.xxx.xxx.xxx пішімінде енгізіңіз. xxx үшін 0 мен 255 аралығындағы санды енгізіңіз.
DNS Host Name Setting	DNS Host Name Setting әдісін «Автоматты» немесе «Қолмен» ішінен таңдаңыз.
DNS Host Name	Ағымдағы DNS Host Name көрсетіңіз.
DNS Domain Name Setting	DNS Domain Name реттеу әдісін «Автоматты» немесе «Қолмен» ішінен таңдаңыз.
DNS Domain Name	Келесі ережелерге сәйкес DNS Domain Name енгізіңіз. <input type="checkbox"/> «A – Z», «a – z», «0 – 9», сызықша «-» және нүкте «.» арқылы 2 мен 249 аралығындағы таңбаларды енгізіңіз. <input type="checkbox"/> «0 – 9», сызықша «-» және нүкте «.» бірінші таңба бола алмайды. <input type="checkbox"/> Сызықша «-» және нүкте «.» соңғы таңба бола алмайды. <input type="checkbox"/> Домен атауындағы әр белгі 1 мен 63 таңба арасында болуы және нүктемен бөлінуі қажет. Хост атауы мен домен атауының жалпы таңбалар саны 251-ден аспауы керек.
Register the network interface address to DNS	Register the network interface address to DNS қосуға рұқсат беру немесе бермеу керектігін белгілей аласыз. Хост атауы мен домен атауын динамикалық DNS қолдайтын DHCP сервері арқылы DNS серверімен тіркегіңіз келсе, қосыңыз. «Қосу» пәрменін таңдасаңыз. хост атауы мен домен атауын реттеуіңіз керек.
Proxy Server Setting	Proxy Server Setting пайдалану керектігін белгілей аласыз. Бұл таңдалған кезде, келесі прокси-сервер параметрлерін конфигурациялауыңыз керек.
Proxy Server	Proxy Server үшін мекенжайды IPv4 немесе FQDN пішімінде енгізіңіз.
Proxy Server Port Number	1 мен 65535 аралығындағы санды енгізіңіз.
Proxy Server User Name	Прокси-сервер атауын ASCII (0x20 – 0x7E) пішімінде 0 мен 255 таңбалары арасында енгізіңіз.
Proxy Server Password	Прокси-сервер құпиясөзін ASCII (0x20 – 0x7E) пішімінде 0 мен 255 таңбалары арасында енгізіңіз.
IPv6 Setting	IPv6 Setting қосуға рұқсат беру немесе бермеу керектігін белгілей аласыз.
IPv6 Privacy Extension	IPv6 Privacy Extension қосуға рұқсат беру немесе бермеу керектігін белгілей аласыз.

Элементтер	Орнату мәні және сипаттамасы
IPv6 DHCP Server Setting	IPv6 DHCP Server Setting қосуға рұқсат беру немесе бермеу керектігін белгілей аласыз.
IPv6 Address	<p>IPv6 Address пайдаланған кезде, келесі пішімде енгізіңіз.</p> <ul style="list-style-type: none"> <input type="checkbox"/> xxxx: xxxx: xxxx: xxxx: xxxx: xxxx: xxxx: xxxx / префикс <input type="checkbox"/> xxxx 1 мен 4 цифр арасындағы онақтылық сан болса, префикс 1 мен 128 аралығындағы ондық сан болып табылады. <input type="checkbox"/> xxxx барлығы нөл болатын жүйелі блоктар болса, оны :: ретінде түсіруге болады. (Тек бір орын).
IPv6 Address Default Gateway	<p>IPv6 Address Default Gateway тағайындаған кезде, келесі пішімде енгізіңіз.</p> <ul style="list-style-type: none"> <input type="checkbox"/> xxxx: xxxx: xxxx: xxxx: xxxx: xxxx: xxxx: xxxx <input type="checkbox"/> xxxx – 1 мен 4 цифр арасындағы онақтылық сан. <input type="checkbox"/> xxxx барлығы нөл болатын жүйелі блоктар болса, оны :: ретінде түсіруге болады. (Тек бір орын).
IPv6 Link-Local Address	Жарамды IPv6 Link-Local Address көрсетіңіз.
IPv6 Stateful Address	Жарамды IPv6 Stateful Address көрсетіңіз.
IPv6 Stateless Address 1	Жарамды IPv6 Stateless Address 1 көрсетіңіз.
IPv6 Stateless Address 2	Жарамды IPv6 Stateless Address 2 көрсетіңіз.
IPv6 Stateless Address 3	Жарамды IPv6 Stateless Address 3 көрсетіңіз.
IPv6 Primary DNS Server	<p>IPv6 негізгі DNS серверін келесі пішімде енгізіңіз.</p> <ul style="list-style-type: none"> <input type="checkbox"/> xxxx: xxxx: xxxx: xxxx: xxxx: xxxx: xxxx: xxxx <input type="checkbox"/> xxxx – 1 мен 4 цифр арасындағы онақтылық сан. <input type="checkbox"/> xxxx барлығы нөл болатын жүйелі блоктар болса, оны :: ретінде түсіруге болады. (Тек бір орын).
IPv6 Secondary DNS Server	<p>IPv6 Secondary DNS Server тағайындаған кезде, келесі пішімде енгізіңіз.</p> <ul style="list-style-type: none"> <input type="checkbox"/> xxxx: xxxx: xxxx: xxxx: xxxx: xxxx: xxxx: xxxx <input type="checkbox"/> xxxx – 1 мен 4 цифр арасындағы онақтылық сан. <input type="checkbox"/> xxxx барлығы нөл болатын жүйелі блоктар болса, оны :: ретінде түсіруге болады. (Тек бір орын).
IEEE802.11k/v	<p>IEEE802.11k/v қосуға рұқсат беру немесе бермеу керектігін белгілей аласыз.</p> <p>Сымсыз жергілікті желі функциясы қолжетімді кезде ғана көрсетіледі.</p>
IEEE802.11r	<p>IEEE802.11r қосуға рұқсат беру немесе бермеу керектігін белгілей аласыз.</p> <p>Сымсыз жергілікті желі функциясы қолжетімді кезде де көрсетіледі.</p>

Wi-Fi

Wi-Fi немесе Wi-Fi Direct байланыс күйін тексеруге болады.

Wi-Fi Direct күйін көру үшін, Wi-Fi Direct қойындысын басыңыз.

Ескертпе:

Wi-Fi қолдайтын үлгілер үшін, бұл элемент сымсыз LAN интерфейсі орнатылған кезде көрсетіледі.

Setup түймесі

Setup түймесі басылған кезде, Wi-Fi орнату (инфрақұрылым режимі) экраны көрсетіледі.

Disable Wi-Fi түймесі

Disable Wi-Fi түймесі басылған кезде, Wi-Fi (инфрақұрылым режимі) функциясы өшіріледі.

Wi-Fi (сымсыз жергілікті желі) пайдаланып жүріп, бірақ қосылым режимінің өзгеру және т.б. себептерге байланысты оны пайдалану қажет болмаса, қажетсіз Wi-Fi сигналдарын өшіру арқылы принтердің күту режиміндегі қуат тұтыну жүктемесін де азайтуға болады.

Ескертпе:

Сондай-ақ принтердің басқару тақтасынан реттеуге болады.

Параметрлер > Жалпы параметрлер > Желі параметрлері

Сымды LAN параметрлерін конфигурациялау

1. Web Config қызметіне кіру үшін принтердің IP мекенжайын браузерге енгізіңіз.

Принтеріңізбен бірдей желіге қосылған компьютерден принтердің IP мекенжайын енгізіңіз.

Келесі мәзірден принтердің IP мекенжайын тексеруге болады.

Параметрлер > Жалпы параметрлер > Желі параметрлері > Желі күйі > Сымды LAN/Wi-Fi күйі

2. Әкімші ретінде кіру үшін әкімші құпиясөзін енгізіңіз.

3. Келесі ретпен таңдаңыз.

Network қойындысы > **Wired LAN**

4. Әр элементті орнатыңыз.

Link Speed & Duplex

Тізімнен байланыс режимін таңдаңыз.

IEEE 802.3az

IEEE 802.3az қосуға рұқсат беру немесе бермеу керектігін белгілей аласыз.

5. **Next** түймесін басыңыз.

Растау хабары көрсетіледі.

6. **OK** түймесін басыңыз.

Принтер жаңартылды.

Wi-Fi Direct параметрлерін конфигурациялау

Wi-Fi Direct параметрлерін тексеруге немесе конфигурациялауға болады.

Ескертпе:

Wi-Fi қолдайтын үлгілер үшін, бұл элемент сымсыз LAN интерфейсі орнатылған кезде көрсетіледі.

1. Web Config қызметіне кіру үшін принтердің IP мекенжайын браузерге енгізіңіз.
Принтеріңізбен бірдей желіге қосылған компьютерден принтердің IP мекенжайын енгізіңіз.
Келесі мәзірден принтердің IP мекенжайын тексеруге болады.

Параметрлер > Жалпы параметрлер > Желі параметрлері > Желі күйі > Сымды LAN/Wi-Fi күйі

2. Әкімші ретінде кіру үшін әкімші құпиясөзін енгізіңіз.

3. Келесі ретпен таңдаңыз.

Network қойындысы > **Wi-Fi Direct**

4. Әр элементті орнатады.

Wi-Fi Direct

Wi-Fi Direct қосуға рұқсат беру немесе бермеу керектігін белгілей аласыз.

SSID

SSID (Желі атауы) қосуды немесе қоспауды өзгерте аласыз

Password

Wi-Fi Direct құпиясөзін өзгерткен кезде, жаңа құпиясөз енгізіңіз.

Frequency Range

Wi-Fi Direct ішінде қолданылатын жиілік ауқымын таңдаңыз.

IP Address

IP мекенжайды реттеу әдісін «Автоматты» немесе «Қолмен» ішінен таңдаңыз.

5. **Next** түймесін басыңыз.

Растау хабары көрсетіледі.

Ескертпе:

Wi-Fi Direct параметрлерін қалпына келтіру үшін, Restore Default Settings түймесін басыңыз.

6. **OK** түймесін басыңыз.

Принтер жаңартылды.

Әкімші параметрлері

Web Config арқылы әкімші құпиясөзін өзгерту

Web Config арқылы әкімшінің құпиясөзін орнатуға болады.

Құпиясөзді өзгерту құрылғыда сақталған идентификатор, құпиясөз, желі параметрлері, контактілер, т.б. мәліметтерді рұқсатсыз оқудың немесе өзгертудің алдын алады. Сонымен қатар ол ақпараттың желі орталарына және қауіпсіздік саясаттарына жайылуы сияқты қауіпсіздік қауіптерінің үлкен ауқымын азайтады.

1. Web Config қызметіне кіру үшін принтердің IP мекенжайын браузерге енгізіңіз.
Принтеріңізбен бірдей желіге қосылған компьютерден принтердің IP мекенжайын енгізіңіз.
Келесі мәзірден принтердің IP мекенжайын тексеруге болады.

Параметрлер > Жалпы параметрлер > Желі параметрлері > Желі күйі > Сымды LAN/Wi-Fi күйі

2. Әкімші ретінде кіру үшін әкімші құпиясөзін енгізіңіз.
3. Келесі ретпен таңдаңыз.
Product Security қойындысы > **Change Administrator Password**
4. **Current password** жолағына ағымдағы құпиясөзді енгізіңіз.
5. **New Password** және **Confirm New Password** өрісіне жаңа құпиясөз енгізіңіз. Қажет болса, пайдаланушы атын енгізіңіз.
6. **OK** түймесін басыңыз.

Ескертпе:

Әкімші құпиясөзін бастапқы құпиясөзге қалпына келтіру үшін, **Restore Default Settings** тармағын **Change Administrator Password** терезесінен басыңыз.

Сыртқы интерфейсті ажырату

Құрылғыны принтерге жалғау үшін пайдаланылатын интерфейсті ажыратуға болады. Желі арқылы орындалатыннан басқа басып шығаруды және сканерлеуді шектеу үшін шектеу реттеулерін жасаңыз.

Ескертпе:

Сондай-ақ, принтердің басқару тақтасында шектеу реттеулерін жасауға болады.

- Memory Device: Параметрлер > Жалпы параметрлер > Принтер параметрлері > Жад құрылғысының интерфейсі > Жад құрылғысы**
- USB арқылы ДК қосылымы: Параметрлер > Жалпы параметрлер > Принтер параметрлері > USB арқылы ДК қосылымы**

1. Web Config бөліміне кіріп, **Product Security** қойындысын > **External Interface** қойындысын таңдаңыз.
2. Орнату қажет функцияларда **Disable** параметрін таңдаңыз.
Басқарудан бас тарту үшін **Enable** параметрін таңдаңыз.
 - Memory Device**
Деректерді сыртқы жадқа сыртқы құрылғы қосылымына арналған USB порты арқылы сақтауға тыйым салыңыз.
 - USB арқылы ДК қосылымы**
Компьютерден USB қосылымын пайдалануға шектеу қоюға болады. Егер оны шектеу қажет болса, **Disable** параметрін таңдаңыз.
3. **OK** түймесін басыңыз.

4. Ажыратылған портты пайдалану мүмкін емес екенін тексеріңіз.

Memory Device

USB жады сияқты сақтау құрылғысын сыртқы интерфейстік USB портына жалғағанда, жауап жоқ екенін тексеріңіз.

USB арқылы ДК қосылымы

Егер драйвер компьютерге орнатылса

Принтерді компьютерге USB кабелі арқылы жалғап, принтер басып шығармайтынын және сканерлемейтінін тексеріңіз.

Егер драйвер компьютерге орнатылмаса

Windows:

Құрылғы басқарушысын ашып, сол күйінде сақтаңыз, принтерді компьютерге USB кабелі арқылы жалғап, құрылғы басқарушысының дисплей контенттері өзгермегенін тексеріңіз.

Mac OS:

Принтерді компьютерге USB кабелі арқылы жалғап, **Принтерлер және сканерлер** бөлімінен принтерді қосу қажет болса, принтер тізімде жоқ екенін тексеріңіз.

Қатысты ақпарат

➔ [“Принтер жұмыстарын конфигурациялауға арналған қолданба \(Web Config\)” бетте 272](#)

Қашықтағы принтерді бақылау

Қашықтағы принтердің ақпаратын тексеру

Status бөлімінен Web Config көмегімен принтердің келесі ақпаратын тексеруге болады.

Product Status

Күйді, бұлт қызметін, өнім нөмірін, MAC мекенжайын және т.б. тексеріңіз.

Network Status

Желілік байланыс күйі, IP мекенжайы, DNS сервері, т.б. туралы ақпаратты тексеріңіз.

Usage Status

Бірінші басып шығарған күнін, басылған беттерді, әр тіл үшін басып шығару санын, сканерлеу санын және т.б. Тексеріңіз.

Hardware Status

Принтердің әр функциясының күйін тексеріңіз.

Panel Snapshot

Құрылғының басқару тақтасында көрсетілетін экран кескінінің суретін көрсетіңіз.

Қатысты ақпарат

➔ [“Принтер жұмыстарын конфигурациялауға арналған қолданба \(Web Config\)” бетте 272](#)

Құпия сөзді шифрлау

Құпиясөзді шифрлау принтерде сақталатын құпия ақпаратты (барлық құпиясөздер, куәліктің жеке кілттері) шифрлауға мүмкіндік береді.

1. Web Config қызметіне кіру үшін принтердің IP мекенжайын браузерге енгізіңіз.
Принтеріңізбен бірдей желіге қосылған компьютерден принтердің IP мекенжайын енгізіңіз.
Келесі мәзірден принтердің IP мекенжайын тексеруге болады.

Параметрлер > Жалпы параметрлер > Желі параметрлері > Желі күйі > Сымды LAN/Wi-Fi күйі

2. Әкімші ретінде кіру үшін әкімші құпиясөзін енгізіңіз.
3. Келесі ретпен таңдаңыз.
Product Security қойындысы > **Password Encryption**
4. Шифрлауды қосу үшін **ON** таңдаңыз.
5. **OK** түймесін басыңыз.

Іске қосу кезінде бағдарлама тексеруін іске қосу

Бағдарлама тексеруі мүмкіндігін қоссаңыз, рұқсат етілмеген үшінші тараптар бағдарламаға кедергі келтірмегенін тексеру үшін принтер іске қосу кезінде тексеру жүргізеді. Қандай да бір ақаулар анықталса, принтер іске қосылмайды.

1. Web Config қызметіне кіру үшін принтердің IP мекенжайын браузерге енгізіңіз.
Принтеріңізбен бірдей желіге қосылған компьютерден принтердің IP мекенжайын енгізіңіз.
Келесі мәзірден принтердің IP мекенжайын тексеруге болады.

Параметрлер > Жалпы параметрлер > Желі параметрлері > Желі күйі > Сымды LAN/Wi-Fi күйі

2. Әкімші ретінде кіру үшін әкімші құпиясөзін енгізіңіз.
3. Келесі ретпен таңдаңыз.
Product Security қойындысы > **Program Verification on Start Up**
4. **ON** таңдап, **Program Verification on Start Up** қосыңыз.
5. **OK** түймесін басыңыз.

Параметрлердің сақтық көшірмесін жасау

Параметр мәнін Web Config бөлімінен файлға экспорттауға болады. Мұны контактілердің, параметр мәндерінің сақтық көшірмесін жасау, принтерді ауыстыру, т.б. әрекеттер үшін пайдалануға болады.

Экспортталған файлды өңдеу мүмкін емес, себебі ол бинарлық файл ретінде экспортталды.

Параметрлерді экспорттау

Принтер үшін параметрді экспорттаңыз.

